

С.Б.Балшекеев
Н.Ж.Сарсенбеков
М.Ө.Төлеуова

ФИЛОСОФИЯ

оқу-әдістемелік құралы

ҚАРАҒАНДЫ 2021

Университеттің редакциялық – баспалық кеңесі ұсынған
Пікір жазғандар:

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті әлеуметтік - гуманитарлық пәндер кафедрасының тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **С.Д.Шаймуханова**;

Қарағанды мемлекеттік университетінің философия теориясы және мәдениеттану кафедрасының философия ғылымының кандидаты, доцент **Б.Қ.Рақымжанов**;

Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің Редакциялық-баспалық кеңес мүшесі,

ISBN

С. Б. Балшекеев, Н.Ж. Сарсенбеков, М.Ө. Төлеуова.

К 45 Философия: Оқу-әдістемелік құралы/Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.- Қарағанды:ҚарМТУ баспасы, 2021.-91б.

Оқу-әдістемелік құралы философиялық көзқарастың тарихи типтерін, дүниені танып-білудің және оның жалпы теориялық-әдістемелік қағидаларын негіздеп береді. Сонымен бірге, философия мен нақты ғылымдар арасындағы тығыз байланысын көрсете отырып, табиғат пен қоғам дамуының неғұрлым жалпы заңдары мен категориялары баяндалады. Оқу-әдістемелік құралы жаңа инновациялық және кредиттік оқыту оқытып, білім беру бағдарламасына сәйкес жазылып, студенттерге арналған.

ISBN

Қарағанды мемлекеттік
техникалық университеті, 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. Философияның пәні, бағыттары мен әдістері.....	5
2. Ежелгі Шығыс және Антика философиясы.....	9
3. Батыс Еуропалық және Араб - мұсылман мәдениетіндегі ортағасырлық философия.....	22
4. Ренессанс және Жаңа дәуірдегі Батыс еуропалық философия.....	28
5. Ресейлік мәдениет контекстіндегі Орыс философиясы.....	39
6. Қазақ философиясы.....	41
7. Кеңестік дәуірдегі Маркстік философия.....	49
8. Қазіргі заманғы Батыс Еуропа философиясы.....	52
9. Философиядағы болмыс мәселесі.....	57
10. Философиядағы адам мәселесі.....	64
11. Әлеуметтік философия.....	69
12. Махаббаттың философиялық мәні.....	74
13. Техника философиясы.....	80
14. Диалектика теориясы және оның заңдары.....	84
15. Философиядағы таным мәселесі.....	88

КІРІСПЕ

Қазіргі тәуелсіздік алған шағымызда білікті маман, білімді азамат дайындау заман талабы. Қоғам дамуы мен мәдениеттің кең қанат жайып, өркендеуі кез - келген жас жеткіншектердің үлесінде екені даусыз. Сондықтан, философия пәнін оқып - үйрену аса қажет-ақ. Себебі, философия ілімі адам баласының сан ғасырлар бойына жинаған өзіндік санасының ең жоғарғы формасы, ақиқат деп саналған ой-тұжырымдар жүйесі. Қоғамда болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың ішкі мәні мен маңызын түсіндіру және түсіну барысында философиялық ойлау жүйесінің көмегі зор. Соған орай оқу құралының жоғары оқу орындарындағы студенттер мен философия ғылымын өздігінше оқып - үйренушілер үшін бұл оқу құралының көрсетер қызметі ерекше.

Аристотель өзінің «Поэтикасында» кез - келген пәнді зерттеу барысында тек философтар ғана емес, сонымен қатар өзге де қарапайым адамдар ойлау қабілеті төмендеу болса да рақатқа ие болады деп жазған болатын.

Әрине, философтарды, тіпті философияға күштар жандардың өзін де, сөзін де түсіну қиын. Олардың философия ілімі жағынан қолданатын кейбір сөздері философиядан хабары жоқ адамдар үшін күңгір көрінуі ғажап емес. Өйткені, даналық қуушылардың сан ғасырлар бойына өзіндік арнайы сөздігі қалыптасқан еді. Әрине, бұл сөздікті аталған ілімнің өкілдері ғана қолдана анық, ал егерде қолыңызға философия оқулығы не болмаса философиялық сөздік кез бола қалған жағдайда «бас қатыруыңызға» тура келеді. Оның себебі де бар: Сократ немесе Платон секілді ұлы ғұламалардың дүниетанымы баланың ойыны емес екендігі бесенеден белгілі. Сондықтан да философия ілімі көз жүгіртіп, көңіл тоқтата зерттеуді қажет ететіні анық.

Біздің дәуірімізге дейінгі ғасырларда - ақ адамдар әлем, қоршаған ортасы, өмірі туралы ойлана бастағаннан бастап әлем, адамзат баласы қалай пайда болды, себебі не, мәні неде деген сауалдар көкейлерін тесе бастағандай болды. Әрине, бұл тәрізді сұрақтар біздің де санамызда орын алғанын терістей алмаспыз. Міне, осы іспеттес сауалдарға әрбір ойшыл өзіндік ой - тұжырымын ортаға салып, ой бөліскендігі баршамызға аян. Әркімнің өз ақиқаты бар демекші, данагөй тұлғалар өздерінің тұжырымдарын, қорытқан ой-пікірлерін қорғап қалу жолында қолдағы барынан аянып қалмады. Философияның тасы өрге домалаған кезден бастап, өзінің даму жолында жинаған тұжырымдары мен күні бүгінге дейін қалыптасқан көзқарастарына көз жүгіртер болсаңыз, уызға тойған төлдей бөгіп қалатыныңызға күмән жоқ. Сондықтан, оқу құралының оқырман қауымға айтары мен берер көмегі зор.

1 – тақырып. ФИЛОСОФИЯНЫҢ ПӘНІ, БАҒЫТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Ертеректе философия пәні үш салаға бөлініп қарастырылатын:

- 1) Диалектикалық материализм;
- 2) Тарихи материализм;
- 3) Этика, эстетика.

Бұл бөлімдер маркстік - лениндік философия қағидаларына сәйкес қарастырылған болатын. Қазір философия пәнін тұтас қарастыру тенденциясы мына салалар бойынша жіктеледі:

- Философия және оның тарихы;
- Әлемді философиялық тұрғыдан түсіну;
- Адамның іскерлік әрекетінің маңызы.

Әдістемелік оқу құралында жоғарыда көрсетілген алғашқы мәселені, яғни философияның тарихын негізге ала отырып, мынадай тақырыптарды қарастыруға тырыстық:

- 1) Философияның пәні, бағыттары мен әдістері.
- 2) Ежелгі Шығыс және Антика философиясы.
- 3) Батыс Еуропалық және Араб - мұсылман мәдениетіндегі ортағасырлық философия.
- 4) Ренессанс және Жаңа дәуірдегі Батыс еуропалық философия
- 5) Ресейлік мәдениет контекстіндегі Орыс философиясы
- 6) Қазақ философиясы.
- 7) Кеңестік дәуірдегі Маркстік философия
- 8) Қазіргі заманғы Батыс Еуропа философиясы.
- 9) Философиядағы болмыс мәселесі.
- 10) Философиядағы адам мәселесі.
- 11) Әлеуметтік философия
- 12) Махаббаттың философиялық мәні
- 13) Техника философиясы.
- 14) Диалектика теориясы және оның заңдары.
- 15) Философиядағы таным мәселесі.

Философия - адамзат баласының сонау ықылым заманнан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім. Кез - келген адамды әлем, қоршаған орта, қоғам, дін, діл, білім, саясат, мәдениет секілді мәселелер бей-жай қалдырмайтыны айдан анық. Міне, іспеттес мәселелер философия пәнінің негізгі қарастыратын бөлімдері болып табылады. Философия сөзі грек тілінен аударылғанда – даналыққа деген махаббат мағынасын білдіреді. Б.з. д. 7 - 6 ғ. ғ. Ежелгі Үнді, Қытай және Грек жерлерінде бір уақытта пайда болады. Мәліметтерге сүйенсек, «философия» сөзін алғаш рет қолданған Антика дәуірінің атақты философия және математигі Пифагор екен.

Философия дүниегекөзқарастың бір түрі. Дүниегекөзқарас – дүние туралы және адамның әлемдегі орны жайлы пікірлер жиынтығы. Тарихи тұрғыда қарайтын болсақ, дүниеге көзқарасы. Тарихи тұрғыда қарайтын болсақ, дүниегекөзқарас үш негізгі типтен тұрады: мифологиялық, діни, философиялық.

Мифология (гр. *Myfos* - аңыз, *logos* - ілім) – әлемді фантастикалық және ақиқат жағдайда түсінетін қоғамдық сананың бір түрі. Мифологиялық туындылар әлемінің қалыптасуы, жер, адам, тіршілік, өмір және өлім секілді мәселелер көп кездеседі. Мифтің ерекшелігі: табиғат және табиғат құбылыстарына жан бітіру, фантастикалық құдайлардың болуы, олардың қарым-қатынасы, адамзат баласымен араласуы т.б.

Дін – бәрінен жоғары жаратушы күшке және оның қоршаған орта мен адам баласына әсері бар деп есептейтін сенім - нанымға негізделген көзқарас формасы. Діннің мифологияға ұқсастығы бар: әлемнің пайда болуы, жер бетіндегі тіршілік, адамның іс - әрекеті туралы адамгершілік - этикалық мәселелерді алға қояды. Қоғамды игі істерге шақыруда: мәдениеттің қалыптасуына әсер етуімен қатар адам баласын сыйласымдылыққа, әділеттілікке төзімділікке тәрбиелеп, өзіндік парыз мәселесін түсіндіруде діннің атқарар маңызы ерекше.

Философия – дүниегекөзқарастың ғылыми - теориялық түрі. Философиялық көзқарас мифологиялық және діни көзқарастан айырмашылығы – нақты ұғымдарға категорияларға сүйене отырып логикалық ой қорыту ерекшелігінің бар болуы. Философия даму барысында үш кезеңнен өтті: космоцентризм, теоцентризм, антропоцентризм.

Космоцентризм - әлемді түсіндіруде ғарыштың шексіз сыртқы күші қолдана отырып, ой тұжырымдау (философияның бұл кезеңі Ежелгі Үнді, Қытай және Ежелгі Грек жерлерінде көп таралды).

Теоцентризм - барлық тіршілік атаулыны жоғары жаратушы күш-Құдай арқылы түсіндіру (Ортағасырлық еуропа философиясына тән ерекшелік).

Антропоцентризм - негізгі орталық мәселесі адам болып табылатын философиялық көзқарас (Қайта өрлеу дәуірімен жаңа заман, қазіргі заман философиялық мектептерінде қарастырылады).

Философияның пайда болуы адамзат баласының білім деңгейі мен ой-санасының едәуір дамуына байланысты әлемді ғылыми тұрғыда түсінуімен орайлас дүниеге келді.

Сан қырлы табиғат құбылыстарының мәнін түсінуге тырысқан ойшылдардың философиялық көзқарастары - философия ғылымының беташары іспеттес болды. Алғашқы философиялық ойлардың формасы натурфилософиялық бағытта дамыды.

Философия пәні қоғамның дамуымен тығыз байланыста бола отырып, рухани өмірдің барлық қырларын қамтыды. Философияны алғаш рет ерекше теориялық білім ретінде жинақтап дәлелдеген ерте грек философы Аристотель (б. з. д. 384 - 322 ж. ж.).

Философияның өз алдына ғылым болып қалыптасу барысында қарастыратын мәселелері де айқындала түсті: Онтология - болмыс туралы ілім (немесе дүниенің бастамасы жайында); гносеология - таным туралы ілім; аксиология - рухани құндылықтар туралы ілім; праксиология - адам шығармашылығы туралы ілім; антропология - адам туралы ілім; логика - дұрыс ой - қорыту жөніндегі ілім.

Философия пәнінің зерттейтін сұрақтары: болмыстың өмір сүру жағдайы, материя, оның формалары, сана және сансыздық, адам, оның өмірдегі мәні мен әлемдегі алатын орыны, жан, адамның рухани өмірі, қоғам, табиғат, өркениет, экология, дүниені танып білу, қозғалыс, диалектика және оның заңдары.

Ф. Энгельстің тұжырымдауы бойынша философияның негізгі сұрағы – ойлаудың (сананың) болмысқа, рухтың материяға (табиғатқа) қатынасы. Міне, осы мәселеге байланысты қоршаған орта мен адамның әлемдегі алатын орыны айқындала түспек. Философияның негізгі пәні мен объектісі - адам және оның әлемдегі орны.

Философияның негізгі мәселесін (ойлау мен болмыстың арақатынасы туралы) сөз еткенде бұл сұрақтың екі жағы бар екенін ажырата білу керек.

Бірінші жағы: дүниенің негізі, бастамасы не - идея, рух па әлде материя ма деген онтологиялық (болмыс туралы ілім) сұрақ қояды.

Екінші жағы: адам баласы дүниені танып – біле ала ма, әлде танып – біле алмай ма деген гносеологиялық (таным туралы ілім) мәселе көтереді.

Философияның онтологиялық мәселесіне байланысты философияда негізгі екі бағыт пайда болды. Олар материализм мен идеализм.

Онтологиялық сұрақ – дүниенің бастамасы не, дүниенің негізі материя не сана, рухпа деген сұрақ төңірегінде мәселе қозғаса, ал гносеология – дүниені танып-білу мүмкін бе, әлде мүмкін емес пе деген сұрақ қояды.

Дүниенің алғашқы бастамасы, түп негізі не деген сұраққа жауап беру барысында философияда екі негізгі бағыт пайда болады, олар: материализм және идеализм.

Материалистік бағыт – дүниенің негізі кез-келген бір материядан тұрады, материя – санаға тәуелсіз реалды өмір сүретін, өзіндік заңдылықтармен дамуға қабілетті деп тұжырымдайтын пікір.

Материя – адамның санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүретін және санада бейнеленетін (сана арқылы сипаттауға болады) объективті шындық. Материя әлемде нақты өмір сүретін шексіз көп объектілер мен формалардың субстанциялық негізі болып табылады.

Материалистік – философтар қатарына саналатындар: Фалес, Демокрит, Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Эпикур, Бэкон, Локк, Спиноза, Дидро, Герцен, Чернышевский, Маркс, Энгельс, Ленин т. б.

Идеализм – философиясының негізгі мәселесін шешудегі материялизмге қарама-қарсы бағыт, яғни материя мен сана қатынасында дүниенің бастамасы ретінде сананы (идеяны), рухты жақтайтын көзқарас.

Идеализм екі түрлі пікірге бөлінеді:

- Объективті идеализм (Платон, Лейбниц, Гегель),

- Субъективті идеализм (Беркли, Юм).

Объективті идеализм өкілдерінің тұжырымдауы бойынша тек қана реалды идея ғана бар, идея - алғашқы, барлық қоршаған орта, шындық - «идеялар әлемі» және «заттар әлемі» болып бөлінеді. «Идеялар әлемі» (эйдос) әлемдік зерде де өмір сүреді, «заттар әлемі» - өзіндік тіршілігі жоқ, жекеленген заттар Жаратушыға ғана тән құбылыс, «идеялар әлемі» санадан тәуелсіз өмір сүреді, себебі, адамның ойы, идея тіпті табиғаттың өзі абсолюттік идеяның, дүниежүзілік, әлемдік рухтың бір бөлшегі ғана, яғни дүниенің негізі – о дүниелік сана, «Абсолютті рух». Объективті идеализм әдетте теологимен бірігіп кетті де, діннің өзіндік бағыт алған философиялық негізі болып табылады.

Субъективті идеализм – бүкіл дүние біздің санамызда, субъектінің сана-сезімінің жасаған немесе біздің түйсіктеріміздің, алған әсеріміздің жиынтығы. Бұл жағдайда алғашқы бастамаға адамның санасы алынады да, сонан кейін барып одан табиғат шығарылады, соған орай заттар мен бүкіл дүниенің объективті өмір сүруі, олардың даму заңдылықтары теріске шығарылады, өйткені адам санасынан тыс материяда, рух жоқ, - деген пікірді ұстанды.

Уақыт өте келе дүниенің бастамасы мәселесіне байланысты философияда бірнеше пікірлер қалыптаса бастады. Олардың қатарына: монизм, дуализм, деизм саналады.

Монизм (гр. Monos - біреу, жалғыз) – дүниенің алғашқы негізі ретінде бір ғана бастаманы мойындайтын философиялық ілім. Идеалистер үшін алғашқы бастама – идея, сана. Материалистар үшін материя алғашқы бастама болып табылады.

Дуализм (лат. Duo - екеу) - монизмге қарсы , дүниенің негізі екі бастамадан тұрады, екеуі бірін-бірі толықтырып отырады деп тұжырымдайтын пікір. Негізін салған Р.Декарт.

Деизм (лат. Dues-Құдай) – дүниенің негізін құдай жаратты, бірақ, адамның іс- әрекетімен қоғам өміріне араласпайды деп тұжырымдау. Негізін салған 17 ғ. ағылшын философы, лорд Чербери.

Философияның негізгі сұрағының екінші жағы дүниені танып - білу мәселесі екендігі жоғарыда айтылған болатын. Бұл мәселені қарастыру барысында карама - қарсы көзқарастар пайда болды, олар философиядағы гностицизм және агностицизмдік көзқарастар.

Гностицизм (гр. Gnostos - білім) дүниені танып - білу мүмкіндігіне сенетін, мойындайтын ілім. Адамның санасы, зердесі дүниенің барлық қыр-сырларын танып-біле алады деп тұжырымдайтын философиялық көзқарас.

Агностицизм (гр. А - теріске шығару, Gnostos - білім) – дүниені танып-білу мүмкіндігін теріске шығаратын ілім. Терминді алғыш ағылшын жаратылыс зерттеушісі Гексли енгізді.

Дүниеге философиялық көзқарастың мәні онтологиялық және гносиологиялық мәселелерді қарастыру мен анықталып, шектелмейді. Әлемді философиялық тұрғыдан қараған кезде танып - білудің қандай әдіс қолданылатындығын естен шығармауымыз керек. Егер философия тарихына

жүгінетін болсақ, бір-біріне қарама - қарсы екі ойлау әдісі - диалектика мен метафизикалық әдістерін аңғарамыз.

Диалектика (гр. *Diologomai* – әңгімелесу, пікірлесу) – объективті шындықтың, табиғаттың, қоғамның, ойлаудың даму заңдылықтарын зерттейтін ілім. Антика дәуірінің өзінде - ақ дүниенің, тіршіліктің өзгермелілігін мойындап, шындық атаулыны үнемі дамып, өзгеріп отыратын процесс ретінде қабылдады. Осы жағдайларға байланысты кез - келген нәрсенің бірлігімен қарама-қайшылықтар күресінің қатынасын көрсетуде диалектиканың маңызы зор (Гераклит, Пифагоршылдар).

Метафизика. Ерте заманда бұл сөз өмірдегі барлық нәрсенің түп негізі туралы ілім деген мағынаны білдірген. 16 ғ. бастап «Метафизика» терминімен қатар сол мағынада «Онтология» термині де қолданылады.

Метафизика – заттар мен құбылыстар бір - бірімен байланыссыз, қозғалмайтын, мәңгі - бақи бір қалыпты, ішкі қайшылықтары жоқ деп есептейтін философиялық ілім (сөзбе - сөз аударғанда – «физикадан кейінгі келетін» мағынасын білдіреді).

2 – тақырып. ЕЖЕЛГІ ШЫҒЫС ЖӘНЕ АНТИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Үнді философиясы. Жалпы адамзат баласының тарихында қола дәуірінен темір дәуіріне өту өндіргіш күштердің ширақ дамуына ғана әкелген жоқ, сонымен қатар рулық, алғашқы қауымдық қоғамның ыдырап, құлдық қоғамның пайда болуына, ой еңбегінің дене еңбегінен бөлініп адамның белсенді іс - әрекеті арқасында өзінің табиғат құдіреттері алдындағы әлсіздігі, бағыныштылығы сияқты құбылыстарды жоюда алғашқы қадам жасауына, сол табиғат құбылыстары туралы білімнің қалыптасуына осы негізде абстракциялы ойлау қабілетінің өсуіне мүмкіндіктер туды.

Ғасырлар бойына қалыптасқан әдет - ғұрып, дәстүр, дүниетанымдық көзқарас күйзеліске ұшырап, олардың орнына қоғамда қалыптасқан жаңа жағдайларды түсіндіретін тың көзқарас кең өріс алды. Бұл көзқарас қияли заңдылықтарға сүйенген мифологиялық дүниетаным мен жаңадан дүниеге келіп жатқан білім және ойлау қабілетінің арасындағы қайшылықтарды шешуге тырысады. Бірақ, мұндай көзқарас әлі де болса философиялық деңгейге жете қойған жоқ еді. Себебі, Ежелгі Шығыста өндірістік тәсілдің баяу қалыптасуы, философиялық ой-пікірдің сол кездегі жетістіктерімен нашар байланыста болуы, шығыс философиясының діни - мифологиялық көзқарастан, күнделікті әдептілік санадан толық арылуына мүмкіндік бермеді.

Көне Үнді философиясы алғашқы қауымдық қатынастар ыдырап, оның орнына құлдық қоғам орныққан кезде дүниеге келді. Сол кездегі философиялық ойлардың негізін діни - мифологиялық жүйелер құрды. Ой - пікірлермен қоғамдағы күнделікті шарттарының өзіндік себептері де бар. Себебі, Үнді қоғамы төрт варнадан («варна» - жамылғы, қабық, түр - түсі мағынасын білдіреді) тұрады:

- 1) Брахмандар - әулиелер
- 2) Кшатрий - әскербасылар
- 3) Вайшы - көпес
- 4) Шудра - қызметкерлер мен шаруалар

Әр «варна» адамдардың қауымдастық салт-санасын, жоралғысын мұқият орындайтын, соған орай қоғамдағы орыны анықталған, сол талаптармен шектелген топ. Әр варна мүшелерінің өзіндік атқаратын дәстүрлі қызметі болды.

«Брахман» - ертедегі үнді жерінде «күрметті, тақуалы өмір» сүрген, ақ түсті ұнататын беделді құдайдың атауын білдіреді. «Кшатрий» - «иемдену, билік жүргізу, жойып жіберу» мағынасын білдіреді. Кшатрийлер қызыл түсті ұнатқан. «Вайшыя» - «тиістілік, тәуелділік» мағынасында, сары түсті қабылдаған. «Шудра» - шаруалар-қара түстілер.

Үнді философиясының тарихы мына кезеңдерге бөлінеді.

- Ведалық кезең (б.д.д 15ғ. - 7ғ.) өркениетті қалыптастыру дәуірі
- Эпикалық кезең (б.д.д. 6ғ. - 1ғ.) - ұлағатты поэмалар «Рамаяна» мен «Махабхаратаның» дүниеге келген уақыт.
- Сутралар және олардың түсіндіру кезеңдері (б.д.д. 3 ғасырдан бастап).

Ерте Үнді философиясы екі бағытқа бөлінеді:

- 1) Астика (ортодоксальды) - веда беделін қабылдаған, оның мәндеріне сүйенген Вайшешика, Санкхья, Йога, Миманса, Веданта, Ньяя секілді мектептер.
- 2) Настика (ортодоксальды емес) - веда беделін терістегендер. Б.д.д. 6ғ. мектептер: Джайнизм, Буддизм және Чарвака-Локаята.

Ерте Үнді философиясының қалыптасуы мен дамуы әртүрлі мектептер, ағымдар, ілімдермен байланысты. Көне Үнді философиясы мен мәдениетінің қайнар көзі-ведалар. Ведалар (білім жүргізу мағынасын білдіреді)-ерте үнділердің мифологиясын, космологиясын, әлеуметтік қатынастарын қамтитын діни және философиялық көзқарастарға толы, табынудың, жалбарынудың, құрбандық шалу салты туралы гимндердің жиынтығы.

Ведалар Ригведаның, Атхарваведаның, Самаведаның және Яджурведа сияқты қасиетті кітаптардың жиынтығы. Аталған кітаптарға қатысты брахмандарда үнді ғұрпының мистикалық мағынасын түсіндіріп, ведалардың символикасын ашып көрсететін араньяктарда (орман кітабы), кейіннен жазылған Упанишадаларда (веданың діни - философиялық мәтіндерінің соңғы бөлімі) «Веда» сөзімен белгіленеді. Ведаларда жазылған идеяларды қолдап, әрі қарай жалғастырған мектептердің бірі Веданта. Негізін салған Бадараяна. Ведантаның мақсаты - адам жанын сансарадан құтқару.

Миманса-Веда беделіне оралуға шақыратын мектеп. Негізін салғандар - Прабхакара және Кумарила. Олардың ойынша Ведалар - жоғары сезімге ие субстанция, танымның көзі.

Санкхья – дүние материалды бастама (пракрити) мен абсолютті рух (пурушни) байланысынан пайда болды деп тұжырымдайтын мектеп. Негізін салған Ишваракришна.

Ньяя-дүние атомдардан тұрады, олардың үйлесімі барлық нәрселерді құрайтын материалды әлем бар деп есептейтін ағым. Бұл мектепте логика мен гносеология аса құрметке ие. Негізін салған Акшапада Готаманың ойынша бұл әлемнен басқа да әлем кеңістігінде еркін жағдайда және материалдық атомдармен байланысы бар сансыз көп жан өмір сүреді.

Йога - сана мен тәнді біріктіре отырып, сыртқы әсерлерден алшақтау туралы ұстанымды қолданған мектеп. Веданы қабылдағандар бұл үрдісті мокшаға жету, яғни азаптан құтылу деп түсінген. Негізін салған Патанджали.

Вайшешика - дүние тоғыз субстанциядан: жер, су, жарық, ауа, эфир, уақыт, кеңістік, жан, ақылдан тұрады деп санайтын бағыт. Материалдық объектілердің бәрі алғашқы төрт субстанциядан құралады. Атомдардың бірігуін дүниежүзілік жан басқарады. Негізін салған Канада.

Ведаларда адамдардың қалай өмір сүру керектігі туралы түсінік беретін заңдылықты-дхарма дейді. Әркімнің дхармасы Құдай, жанұя, көршілер алдындағы парызы, әрекеті болып табылады. Тіпті, жәндіктерге зиян келтірудің өзі адамның дхармасын төмендетпек. Сондықтанда үнділер жәндіктерге зиян келтірмеу қағидасын қатал ұстанады. Бұл ұстаным ахимса деп аталады. Әрине, әркімнің дхармасы варнасына байланысты қалыптаспақ. Дхарманы орындаған адам қайта өмірге келуден құтылады.

Үнді философиясында Ведалардың беделін мойындамай, өз ілімдерін алға тартқан ағымдар да қалыптасқан болатын, олардың қатарына Буддизм, Жайнизм және Локаята жатады.

Буддизм – талап - тілектен бас тарту жолы арқылы қасіреттен, азаптан арылып, нирванаға («мәңгілік рахат») жетуді көздейтін діни - философиялық ілім. Үндістанда б.д.д. 6-5ғ.ғ. дүниеге келді. Қазіргі кезде Цейлонда, Жапонияда, Қытайда, Непалда, Бирмада, Тибетте және т.б. елдерде ресми дін ретінде таралған. Негізін салушы «Будда» (нұрланған) деген атаққа ие болған Сидхартха Гаутама. Ол қайғы - қасіреттен арылу үшін адамның имандылық, игі қасиеттерін жетілдіру жолдарын іздейді. Адам баласы сонда ғана азаптардан құтылып, мәңгі рахатқа бөленбек. Ол үшін «карма», яғни адам баласының қылығы дұрысталуы керек. Сол бойынша адам қайта туудан (сансарадан) арылмақ. Будданың ілімінше адам баласы дүниедегі төрт ақиқатты түсінбей және сегіз игі жолды игермей сансарадан құтыла алмайды.

Сансара – өмірге қайта келу, қайта туу айналымы.

Карма – іс – әрекетіне байланысты адамның болашағы анықталатын заңдылық. Буддизмнің негізгі идеясы – «орташа жол»: «рахаттану жолы» мен «аскеттік жолдың» ортасы - даналықпен нирванаға жету.

Буддизмнің төрт ақиқаты:

1. өмір – азапқа толы;
2. азаптың себептері бар;
3. азапты тоқтатуға болады;

4. азапты тоқтататын жолдар бар.

Азаптан құтылу үшін сегіз сатыдан тұратын талаптарды орнындау керек:

1. дұрыс қабылдау;
2. дұрыс ойлау;
3. дұрыс әрекет;
4. дұрыс өмір сүру салты;
5. дұрыс күш жұмсау;
6. ақылды дұрыс қолдану;
7. дұрыс ой шоғырландыру;
8. дұрыс сөйлеу.

Аталған сегіз жолды дұрыс игерген адам «архат» деп аталады, яғни қайта туу тоталады. «Архат» - әулие деген мағынаны білдіреді.

Буддизмнің негізгі екі бағыты бар, олар: Хинаяна және Махаяна.

Махаяна – адамды азаптан құтқарудың кең және еркін жолдарын уағыздады. Басты қағидасы – кез - келген адам Нирванаға жете алады, яғни өзін құтқара алады.

Хинаяна – Нирванаға тек әдіс пен данагөй әрекет қана жеткізеді деп тұжырымдайтын талабы қатал бағыт. Ақиқаттың жоғарғы жолы әдіс пен даналық шеңберінде, бағытында.

Махаяна Үнді жерінің солтүстігінде, Хинаяна оңтүстік және оңтүстік–шығысында басымырақ таралған.

Жайнизм – үнді философиясындағы ортодоксальды емес жүйелердің бірі. Б. д. д. 6ғ. шамасында пайда болған. Негізін салушы – Вардхамана (Махавира – кейінгі атауы «Ұлы тұлға»). Кейде «Джина» деп те аталады («Жеңімпаз»).

Вардхамана (шамамен б.д.д. 599 - 527ж.ж.) кшатрия ортасынан шыққан, 28 жасынан ел кезген аскетке айналып, 12 жылғы үнемі діни жаттығулардан кейін «жоғары шындыққа» жетеді. Өмірінің басым көпшілігін өз монахтарының қауымдастығы қалыптастырған көзқарастарды уағыздаумен өтеді.

Ол жаңа діни философияны 24 тирханкалармен («жолды ашушылармен») бірге жасайды.

Жайнизм ілімі үшін адам өмірінің негізгі мақсаты – «босатылу». Жайнистер дүниедегі заттардың барлығы жанды деп есептейді.

Жайнизмнің негізінде «таттвалар» – «мән» туралы ілім жатыр. Ола дүниені құрайтын негізгі материалдар, сонымен қатар білім құраушы ақиқат. Ең басты екі таттва – негізгі қасиеті, ерекшелігі таным болып табылатын джива (жан) және аджива (материалдық заттар). Материя – аңғаруға болатын түс, иіс, дыбыс және дәм сынды қасиеттері бар адживаның бір түрі. Ол атомдардан тұрады, сезім мүшелеріне әсер етеді, өзгерістерге ұшырайды, бастау мен соңы болмайды және оны құдай да жаратпаған. Бірегей немесе жалғыз жан, яғни құдай жоқ: тірі мәнге айналдырылған немесе айналдырылмаған орасан көп және өзгермейтін мөлшерде жан бар. Материя сияқты жанды да ешкім жаратпаған, әуелден бар және арқашан бола бермек. Жан бәрін білуі, біріне

енуі, бәрінен күдіретті болуы керек, бірақ оның мүмкіндігі өзі өмір сүретін денемен ғана шектелген. Жайнизм этикасы барлық тішілік иесіне зұлымдық жасамау туралы ілімге сүйенеді.

Локаята – Веда ілімдерін жоққа шығарады. Чарвака негізін салған Локаяттардың пікірінше, барлық денелер махабхут деп аталатын төрт түпнегізден тұрады: ауа (ваю), от (агни), су (ап) және жер (кшита). Махабхуттар белсенді және әрекетшіл келеді. Олар өзіне тән күштің, белсенділіктің арқасында өзара байланысқа түсіп, бірігіп, ыңғайы келгенде, бұрын өздерінде жоқ қасиет – санаға ие болады. Ал денелер өлгенде, олар қайта бөлшектеніп, махабхуттармен бірге сана да жойылады.

Локаяттар өмірдің мәні бақытта, ал бақыт – ләззат деп түсінген. Табиғатты, әлеуметтік құбылыстарды танып білуде ақылдан тыс, сырт күш туралы ілімдерден, белсенділіктен еш пайда жоқ, білімді тек сезім мүшелері арқылы ғана ала аламыз дейді. Кейіннен келе Локаяттар суйшикши (нәзік) және дхурта (дөрекі) деп аталатын екі салаға бөлініп кетті.

Ежелгі Қытай философиясы. Қытай философиясы б.д.д. 6 - 3 ғ.ғ. мифология кейпінде пайда болды. Мифтердің өзінде кейін философиялық ұғымдарға айналған түсініктер қалыптаса бастады. Атап айтар болсақ, «Дао» туралы, яғни космостық заңдылықтар турасында немесе барлық әлемнің жүріп өту жолы жөніндегі көзқарастар, барлық тіршіліктің бастауы болған бес стихия (от, жер, су, металл, ағаш) және бір - біріне қарама - қарсы екі күш – Инь мен Ян туралы философиялық пікірлер дүниеге келді.

Қытай философиясының пайда болуымен дамуына қытайдағы көне классикалық кітаптар айтарлықтай әсер етті:

1. «Өзгерістер кітабы» («И цзин» - балгерлік кітап);
2. «Өлеңдер кітабы» («Ши цзин» - көне поэзиялар);
3. «Тарих кітабы» («Шу цзин» - тарихи оқиғалардың, құнды құжаттардың жазбасы);
4. «Рәсімдер кітабы» («Ли цзи - саяси және діни мереке, рәсімдер кітабы»);
5. «Әуендер кітабы» («Юэ цзин - бұл кітапте саталмаған»);
6. «Көктем және күз» («Чунь цу - этикалық және әдеби сұрақтарды шешудің үлгілері, Лу патшалығының хроникасы»).

Ежелгі Қытайдағы ұлттық философиялық ілімдер қатарына-даосизм, Конфуцийшілдік және легизм ілімдерін жатқызуға болады.

Конфуцийшілдік-бұл философиялық ілімнің пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы-осы ағымның негізгі салушы Кун – фу - цзыға тікелей байланысты. Кун - фу - цзы (б.д.д.551 - 479ж.ж.) кедейленген ақсүйектер әскербасының отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған ол, тек 15 жасында ғана білімге құмарлық танытады, ал 50 жасында өз мектебін қалыптастырады. Негізгі философиялық еңбегі «Лунь юй» («әңгімелер мен пікірлер») деп аталады.

Конфуций дүниетанымы философиялық - этикалық мәселелерге негізделген. Орталық мәселесі Конфуций тұжырымдаған «Мәрт ер». «Мәрт

ер» болу үшін адам бай болуы шарт емес, ол үшін адамның тәрбиесі мен мәдениеті, жоғары сапалы мінез - құлқы болуы керек.

«Мәрт адамның» негізгі сипаттары деп мына қағидаларды көрсетеді:

«Жэнь» (адамгершілік) - адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау: «Өзіңе тілемегенді өзгелерге жасама».

«Сяо» (кішінің құрметі) - үлкен және кішінің арасындағы қарым-қатынас: ата-анаға және үлкенге құрмет.

Конфуцийдің ойынша, халықты қорқытып, зорлықпен бағындыруға болмайды. Мемлектті басқару ісін жақсы меңгеріп, қарапайым адамдардың қиын мәселелерін түсіне білетін басқарушыны халық өздері - ақ құрметтеп, бағынатын болады дейді. Халықта басқарушыға қоғамды қалай басқару керектігі жөнінде өз ұсыныстарын білдіріп отыру керек.

Конфуций басқару ісіне байланысты Ли қағидасын қолданды. Ли (этикет) - сүйіспеншілік және рәсімдік әрекет. Сол уақытта «Ли» сөзі ата-бабалардың әруағына құрмет дегенді білдіретін. Ата - бабалар әруағы өте маңызды болды: әркім өздерінің ата - бабаларының әруағына құрбандық шалып, құрмет көрсету керек болатын. Ал, Конфуций осы рәсімді өзгертуге емес, қолдануға тырысты. Оның ойынша, әркім өзінің ата - бабаларын қалай құрметтесе, қасындағы адамдарды да солай құрметтеу керек.

Конфуций өмірден өткеннен кейін оның ілімін әркім өзінше түсінді. Көрнекті шәкірттері Мэнь - цзы мен Сюнь - цзы.

Даосизм - әлемнің құрылуы мен адам, табиғат, ғаламның үйлесімді түрде жүріп өту жолына жетуді түсіндіруге ұмтылған философиялық ілім. Негізін салушы Лао цзы (б.д.д.6 - 5ғғ.).

Негізгі еңбегі «Дао дэ цзин».

Даосизмнің негізгі ұғымдары «Дао» және «Дэ».

«Дао»- өзінің даму сатысында адамның, табиғаттың, әлемдік заңдылықтың жүріп өтуі керек деп саналатын жол.

Екінші мағынасы бойынша «дао» - бүкіл ілемнің жаратылуына себепкер алғашқы бастама, энергетикалық бос кеңістік.

«Дэ»-бөрінен жоғары, алғашқы бастама – «Даоның» бүкіл әлемге айналуына себепкер болған энергия.

Дао-аспанның, аспан – жердің, жер- адамның бастамасы. «Адам жер заңдылығымен жүреді». Дао ілімі бойынша болмастың бастамасы Ци деп есептелінген. Ци ұғымынан келіп, екі қарама - қарсы күш пайда болды. Олар Инь мен Ян. Осы екі күштің бірігуінен кейін, бес элемент құрастырылады; от, жер, металл, су, ағаш. Барлық тіршілік, әлем осы элементтерден пайда болған.

Әлемде аспан мен жер бастамалары заттардың өмір сүру заңы арқасында үйлесімді бірлікте болады. Даолық ілімге сүйенсек, дүниедегі барлық заттарды «Инь» мен «Ян» қағидасына байланысты екіге бөлуге болады. «Инь» - әйелдік бастама, оған жер, су және қыс мезгілі жатады. «Ян» - еркектік бастама, оның атрибуты аспан, от және жаз мезгілі. Бір - біріне қарама - қарсы әрі бірін - бірі толықтырып отыратын осы элементтердің өзара әрекетін, байланысын есепке

ала отырып, даолықтар өздерінің өмірін болып жатқан құбылыстармен, табиғатпен үйлесімдікте ұстауға шақырады.

«Инь» мен «Ян» - бірін
- бірі толықтырып
отыратын Даолық қағида.
«Инь» - әйелдік бастама.
«Ян» - еркектік бастама.



Дао ілімі бойынша өмір сүргіңіз келсе, «У - вей» қағидасын ұстаныңыз. «У - вей» - заттар мен болып жатқан құбыластарды өз мәнінде қабылдау, салқынқандылық таныту. Білім – барлық адамға беріле беретін құбылыс емес, ол тек ерекше данышпан адамдарға ғана тән. Дао ілімі бойынша білімділіктің көрінісі - үндемеуде. «Үндемеген адам – білімді, сөйлеген адам - білімсіз».

Легизм (Фа цзя – заңгерлер мектебі) негізін салған Шан Ян (б.д.д. 390-338 ж.ж.), өкілі Хань Фэй (б.д.д. 288 - 233 ж.ж.). Легистердің мектебі қоғамды басқару мәселесіне байланысты қалыптасты. Қоғамды басқару үшін заңдар ойлап тауып, мемлекетті заңға сүйеніп басқару керек дейді. Елде тәртіпсіздік болмас үшін:

1. Мақтаудан гөрі жазалау көп болу керек;
2. Аямай жазлау арқылы халық арасында үрей тудыру керек;
3. Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар үлкен қылмысқа бармайтын болады;
4. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек;

Осы қағидаларды бұлжытпай орындағанда ғана халық билеушінің айтқанын екі етпей орындайды. Керек болса, мемлекет үшін өлімге де барады.

Ежелгі грек философиясы. Антикалық философия алғашқы қауымдық құрылыстың орнына күл иеленушілік құрылыс келген дәуірде өмірге келді.

Ертедегі Грецияның алғашқы философтары стихиялы материалистік бағытты ұстануымен ерекшеленеді. Олар бүкіл дүниені тұтастай алып қарап, әлемнің, дүниенің түп негізін, алғашқы бастамасын табуға тырысты. Антикалық философтарды «физиктер» деп атаған. Себебі, олар философиялық ойларын табиғат құбылыстарымен байланыстыра отырып тұжырымдаған. Мұндай философиялық пікірді философияда «натурфилософия» деп атайды.

Дүние қалай пайда болды, қалай жаратылды, ең бірінші не пайда болды деген сұраққа ерте грек ойшылдары жауап бере отырып, өз пікірлерін алға тартты.

Ертегрек (антикалық) философиясы өзінің даму тарихында үш кезеңнен өтті:

1. Сократқа дейінгі кезеңдегі философия (б.д.д. 7 - 6 ғ.ғ.). Бұл кезеңде натурфилософиялық көзқарас басым болды. Милет, Элей, Пифагоршылдар, Софистер мектебінің қалыптасуымен қатар атомдық

2. Классикалық кезең (б.д.д. 4ғ.). Платон мен Аристотель философиялық еңбектерімен ерекшеленеді.

3. Римдік - эллиндік кезең (б.д.д. 3ғ. соңы мен б.д. 3ғ. басы). Стоиктер, скептиктер және эпикуршілдік мектептер басымдылық танытқан кезең.

Милет мектебі - грециядағы ең көне материалистік философиялық мектеп. Милет қаласы сауданың, теңізде жүзудің, мәдениеттің ірі орталығы болды, ал бұл жағдайлар Фалес, Анаксимандр және Анаксимен секілді көрнекті милеттіктердің ой-өрісі мен ғылыми ынта-талабының жан-жақты өрістеуіне жағдай жасады. Олар математика, география, астронмия салаларында ғылыми жаңалықтар ашты.

Фалес (б.д.д. 624-547ж.ж.) – Милет қаласынан шыққан грек философы және саяси қайраткері. Аңыз бойынша ерте грек жеріндегі жеті данышпанның бірі. Мысыр және Вавилонда математика және астронмия ғылымдарымен танысады. Б.д.д. 585 - 584 ж.ж. күннің тұтылуын алдын - ала дәл болжаған деген мәлімет бар. Сондай-ақ пирамиданың көлеңкесінің ұзындығы бойынша пирамиданың биіктігін анықтайды.

Фалес бір жылды 365 күнге, 365 күнді 12 айға бөліп, күнтізбенің (календарь) жасаудың алғашқы бастамасын көрсетуші ретінде және стихиялы-материалистік Милет мектебінің негізін қалаушы ретінде танымал.

Ол заттардың алуандылығынан бірегей бастапқы негіз іздеп, оны материалды, нақты зат деп есептеді. Дүниенің, барлық нәрсенің түп негізі, алғашқы бастамысы – су деген пікірді ұстанады. Өйткені бәрі судан пайда болады, бәрі қайтадан суға айналады дейді.

Анаксимандр (шамамен б.д.д. 610-546 ж.ж.) – ежелгі гректің материалист – философы, стихиялы диалектик, Фалестің бас шәкірті. Грециядағы «Табиғат туралы» атты тұңғыш ғылыми шығарманың авторы, бірақ бұл шығарма бізге жеткен жоқ. Анаксимандр дүниенің негізі, бастамасы ретінде – «архе» («негіз») ұғымын енгізді, дүниенің негізі - апейрон (шексіз нәрсе) деп есептеген. Апейронның ыстық пен суықтың қарама-қарсылығы туады; олардың күресі космосты дүниеге әкеледі; ыстық-от ретінде көрініс тапса, суық аспан мен жерге айналады. Анаксимандр материаның сақталу және айналу заңын тұңғыш рет тұжырымдады. Анаксимандрдың космологиялық теориясы бойынша жазық цилиндр формасындағы Жер Ғаламның ортансында тұр. Жер төңірегінде аспанның үш сақинасы: күн, ай және аспан денелері – жұлдыздар айналып жүреді. Тарихта тұңғыш рет эволюция идеясын ұсынды: адам – балықтан пайда болған.

Анаксимен (шамамен б.д.д. 588-525 ж.ж.) – ежелгі грек материалист – философы, стихиялы- диалектик, Анаксимандрдың шәкірті. Оның ілімінше, барлық нәрсенің бастамасы материалдан – ауадан пайда болған, қайтадан ауаға айналады. Ауа шексіз, мәңгі, қозғалыстағы зат. Қоюланғаннан кейін – бұлтқа, суға, жер мен тастарға, сейіліп – отқа айналады. Мұнда санның сапаға ауысу идеясы көрініс тапқан. Ауа бәрін қамтиды: ол әрі жан, әрі ғаламның сансыз

заттардың өмір сүретін ортасы. Анаксимен жұлдыздар – от, бірақ оның жылуын сезінбейміз, өйткені олар өте қашықта орналасқан, күн қатты жанып тұрған алып аспан денесі деп үйретті.

Материализм мен диалектика идеаларын әрі қарай дамытқан Гераклит (шамамен б.д.д 544 - 483 ж.ж.) - ежелгі грек философ-материалисті, диалектик. Кіші Азиядағы Эфесте туған. Гераклиттің бізге тек үзінділері ғана жеткен «Табиғат туралы» шығармасы сол заманның өзінде атақты еңбектердің бірі болған. Гераклиттің пайымдауынша дүниенің негізі - от, ол әрдайым өзгеруде әрі қозғалыста. Барлық әлем, жекелеген заттар, тіпті адам жаны да оттан жаралған. «Космос баршаға ортақ, оны ешқандай Құдайда, адамда, жасамаған, ол қашаннан болған, қазірде бар, бұдан былайда мәңгі жанып тұратын от, тұтанып және өлеусіреп сөніп бара жатқан оттың өлшемі». Зат атаулының бәрі қажеттілікке орай оттан пайда болады, оны Гераклит «логос» деп атайды. Әлемдік процесс ұдайы қайталанып отырады; «ұлы маусым» біткен соң заттардың бәрі қайтадан отқа айналады. Табиғат тіршілігі - толассыз қозғалыс процесі, барлық нәрселер, олардың қасиет-күйлері өздерінің қарама-қарсы жағына ойысады: суық - ыстыққа, ыстық - суыққа айналады. Бәрі өзгере отырып жаңарады. Дүниедегінің бәрі өзгерісте. Соған орай Гераклиттің атақты тұжырымдамасы қалыптасады: «Бір өзенге екі қайтара түсе алмайсың». Гераклит дүниені танып-білуге болатындығына кәміл сенеді, сондықтан адам баласының ақыл-ой қабілетіне бөгет жоқ деп есептеді. Сонымен бірге ол ақиқатты танудың, оған жетудің қиындығын түсініп, табиғат жасырынуды ұнатады деді. Данышпан болу үшін көзі ашық, көкірегі ояу болу-жеткіліксіз. табиғаттың сырын ұғу үшін адамның ұлы қасиеті болып табылатын ерекше ойлау қабілеті болуы керек.

Пифагоршылдар - б.д.д. 6 - ғасырдың 2 - жартысында пайда болған философиялық мектеп. Негізін қалаған көне грек философы, математик және астраном Пифагор. Пифагордың философиялық теориясы біртұтас жүйе болып қалыптасты. Пифагоршылдар бастапқы негізді санмен таңбалап, осы бағытта жұмыс жасайды. Сан - негіз; сан - заттар үшін материя; сан - үйлесімді тіркестерге тән ерекшеліктермен қатынастардың көрінісін, арақатынасын зерттей отырып, кез - келген процестердің бастауында теориялық жағынан санмен өрнектелетін жекелеген пропорция, заңдылық бар деген қорытынды жасайды. Бірліктен ондыққа дейінгі сандық қатарды Пифагор дүниенің сан алуан түрлілігінің түп негізі деп санаған.

Сандардың қасиеттерін зеттей отырып, Пифагоршылдар жұп және тақ сандарды ашуымен бірге, тік бұрышты және үшбұрышты сандарды сипаттады. Ойдың қалану геометриясы - нүктеге, сызыққа, жазықтыққа, көлемге негізделген. Демек, Пифагоршылдар жүйесіндегі сандар болмыстың жалпылама негізіне байланыстырылған кеңістіктің таңбалануы. Соған орай «бәрі-сан» деген тұжырым қалыптасты. Олардың музыкалық интервал туралы ілімінде акустика мен аспан механикасының математикалық негіздері баяндалған. Пифагоршылдар философия мен ғылымның әрмен қарай дамуына орасан зор әсер етті.

Элей мектебі - б.д.д. 6 - 5 ғ.ғ. Элей қаласында (оңтүстік Италия) пайда болған философиялық мектеп. Басты өкілдері Ксенофан, Парменид, Зенон, Мелисс. Элей мектебінің негізгі мәселесі-болмыс болды.

Ксенофан (б.д.д. 6 - 5 ғ.ғ.) - Элей мектебінің негізін салушы. Бүкіл мифологияны алғаш сынаушылардың бірі: «Адамдар Құдайды тек өздеріне ұқсатып жасайды, егер жануарлар Құдайға сенетін болса, оларда Құдайды өздеріне, яғни жануарға ұқсатып елестетер еді», - дейді. Дүние жер мен судан пайда болды деген көзқарасты ұстанады. Болмыс - барлық жерде бірдей, өзіне тең, біртекті, өзгеріссіз деп санады.

Парменид - «болмыс» ұғымын алғаш рет философияға енгізген, ежелгі грек философы, Элей мектебінің өкілі. Парменид дүниені қозғалмайтын, тұтас, толтырылған шар түрінде елестетті. Екі бастаманы көрсетеді-от, жарық және қараңғылық. Сезімнің көрсетуіне сенбеу, пайымдық білімді жоғары бағалау Парменид іліміндегі рационализмнің басым екендігін аңғартады. «Болмыс - бар нәрсе, олай болса ол туралы ойлауға, оймен бейнелеуге, зерттеуге, сипаттауға болады», - дейді.

Зенон (б.д.д. 490 - 430 ж.ж.) - Элей мектебінің өкілі. философияға тұңғыш рет диалог формасының қолданылуын енгізді. Ол қозғалыстың диалектикалық табиғаты туралы мәселелерді теріс формада қолданды. Зенон үшін болмыста қайшылық жоқ, сондықтан қайшылықты болмыс - жалған (елес) болмыс. Зенон философия тарихында «Ахилл және тасбақа», «Жебе» т.б. апорияларымен белгілі. Апория (гр. Aporia – тығырыққа тірелу, шарасыздық) - ежелгі грек философиясында шешілуі қиын мәселені білдіретін ұғым. Апория заттың өзінде немесе ол туралы ұғымдағы қарама - қайшылықтың негізінде пайда болады. Зенонның қозғалыстың мүмкін еместігі туралы пайымдауларын апория деп атайды. Зенон апорияларының мәні мынадай: белгілі қашықтықтан өту үшін оның жартысын жүріп өту керек; жартысын жүріп өту үшін осы жартының жартысын жүріп өту керек, сөйтіп осылай кете береді. Бұдан шығатын қорытынды: қозғалыстың басталуы мүмкін емес.

Демокрит (б.д.д. 460 - 370 ж.ж.) - ежелгі грек материалист - философы, Левкипптің шәкірті, гректердің тұңғыш энциклопедист ойшылы. Демокрит - атомдық көзқарастың негізін салушылардың бірі. Ол дүниенің бастамасы ретінде екі негізді-атом мен бос кеңістікті алға қояды.

Атомдар бос кеңістікте бір жерден екінші жерге ауысып, үздіксіз қозғалып отырады. Осы қозғалыс процесінде олар бір - бірімен қосылып, тұтас материяны құрайды: отты, суды, жерді тудырады. Атомдар - болмыс, ал бос кеңістік - болмыс емес.

Демокрит танымның материалистік теориясын дамыта келіп, адамның санасы - объективті түрде атомдардың сезім мүшелеріне жасайтын әсерінің нәтижесі деп есептеді. Дүниені танып - білудің екі түрін көрсетеді:

1. Сезім арқылы танып - білу,
2. Ақылмен танып - білу.

Демокрит біздің сезім мүшелеріміз - көру, есту, иіс сезу, дәм білу, тән сезімдеріміз - заттар мен қозғалыстардың бәрін бірдей қабылдай алмайды,

дүниеде шексіз ұсақ нәрселер бар, адам оларды ақыл - ойы арқылы ғана тани алады.

Демокриттің атомдық теориясы көптеген ғасырлар бойы ғылымға жол көрсеткен ілім болды. Оның материялық атомдардың объективті өмір сүретіндігі туралы жалпы философиялық көзқарасы ғылым мен философияның тарихында орасан зор маңызға ие. Демокриттің көзқарастарын Эпикур мен Лукреций Кар әрі қарай датты.

Софистер (гр. Sophists - өнерпаз, дана) - «даналықтың» «шешендіктің» кәсіби ұстаздары ретінде саналған ежелгі грек философтарын осылай атаған. Олардың халықты риторикаға, философияға үйретудегі атқарған еңбектері зор. Діннен бас тарту, табиғат құбылыстарын ұтымды түсіндіру, этикалық және әлеуметтік релятивизм-олардың ортақ көзқарасы болып табылады. Софистер екі топқа бөлінді: «Аға софистер» - табиғатты материалистік тұрғыда түсіндірді. Бұл топтың өкілдері - Протагор, Гиппий, Продик, Антифондар - алғашқы ағартушылар. Екінші тобы - «Кіші софистер» (ақсүйектер тобы) – Филолай, Гипподам, Критий - философиялық идеализмге ден қойғандар. Софистер дау – дау кезіндегі кейіпке байланысты пайда болған «Софистика» деген әдісті қолданды. Софистика – дауласу немесе дәлелдеу кезінде қисынсыз пікірлерді, софизмдерді, яғни сырттай ғана дұрыс болып көрінетін айлаларды саналы түрде қолдану. Сондықтанда Аристотель оларды «жалған даналық» ұстаздары деп атады.

Антикалық философияның екінші - классикалық кезеңі-ерте грек философиясының кемелденген, гүлденген кезі болды. Себебі, Платон мен Аристотель өздеріне дейінгі философияны біртұтас ғылымға айналдырып, жүйелендіре түсті.

Сократ (шамамен б.д.д. 469 - 339 ж.ж.) – ежелгі грек философы, оның ілімі материалистік натурализмнен идеализмге ауысу кезеңін бейнелейді. Афиныда ғұмыр кешіп. одан Платон, Евклид, Антисфен, Аристипп секілді ұлы адамдар дәріс алады. Сократ ілімін тек Платон мен Аристотельдің айтуы бойынша ғана білеміз. сократ әлем құрылымдарын, заттардың физикалық табиғатын танып білу мүмкін емес, біз өзімізді ғана танып білуіміз мүмкін дейді. Танымның мұндай түсінігін Сократ «Өзіңді танып – біл» формуласы түрінде өрнектейді. Білімнің ең жоғары міндеті теорияда емес, тәжірибеде, яғни өмір сүре білетіндігінде. Сократ этикалық ұғымдарды (әділеттілік) анықтау мен жалпыландырудың үлгісін жасады. Ұғымды анықтаудан бұрын әңгімеге жол берілуі керек, соның барысында бірнеше сұрақтардың көмегімен әңгімелеушінің сөзіндегі қайшылықтар анықталмақ. Бұл орайда Сократ майевтика (сөйлесу өнері) әдісін ұсынады. Сократтың этикасы рационалды: жаңсақ әрекеттер білместіктен жасалады, ешкімде өз еркімен зұлым болмайды.

Адам өзіне үңілген сайын, өзінің білімсіздігін аңғармақ. Сократқа жүгінсек «Менің білетінім ештеңе білмейтіндігім» қағидасының мәні ашыла түспек.

Платон (б.д.д. 428/427 – 348/347) - ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті, объективті идеализмнің негізін қалаушы, 30 - дан астам философиялық

диалогтар ретінде жазылған еңбектердің авторы. («Парменид», «Теэтет», «Мемлекет», т.б.) Дүниеге идеалистік көзқарасты қорғаған Платон сол заманның материалистік ілімдеріне қарсы белсенді күресті.

Платон объективті идеализмнің жүйесін жасады. Сезім арқылы қабылданатын «заттар дүниесіне» «идеялар дүниесін» қарама - қарсы қойды. Идеялар объективті түрде табиғат пен қоғамға тәуелсіз өмір сүреді. Нақтылы «заттар дүниесін» Платон көлеңкелер дүниесі деп атады, өйткені заттар дегеніміз идеялардың көшірмелері, көлеңкелері ғана деді. Идеялар дегеніміз заттардың мәңгілік бейнелері, оларды ойша «сезілетін заттар» ғана көреді.

Адамның жаны, рухы тәнге тәуелсіз о дүниеге идеяларда өмір сүреді. Ол материялық емес, мәңгілік нәрсе. Адам бойына уақытша ғана қонақтап, кейін тәннен ажырап, өзінің мәңгілік әлеміне қайта оралады. Платон философиясында «идеялар дүниесі» – «Эйдос» деп аталады.

Сезімдік дүние «идеялар» мен «материяның» туындысы, арасында, екеуінің ортасында тұрады. «Идеялар» мәңгілік, аспаннан да биік, олар туылмайды, пайда болмайды, өлмейді, салыстырмалы емес, кеңістік пен уақытқа тәуелді емес. Платон ілімі философияның кейінгі уақытта өркендеп, дамуына көрнекті роль атқарды.

Аристотель (б.д.д. 384 - 322 ж.ж.) – ежелгі грек философы, логика және басқада көптеген ілімдердің негізін қалаған энциклопедист - ғалым. Әлем бойынша бірінші ұстаз атағына ие. Фракциядағы Стагирда туған, Афиныдағы Платон мектебінде тәрбиеленді. Платонның денесіз форма жөніндегі («идеялар дүниесі» пікірін) теориясын сынаса да «идеализм мен материализм» арасында екі ұдай күйге түсіп платондық идеяны толықтай жоққа шығара алған жоқ. Аристотельдің айтуы бойынша рух тәннен бөлінбейді, тән өлгенде жан да жоғалады. 335 ж. Афиныда өз мектебін (Ликей деп аталды) ашты. Аристотель философияны үш салада бөліп қарастырды: 1) Теориялық бөлімі – болмыстың кезеңдері, себептері мен түп негізі турасындағы ілім; 2) Практикалық бөлім – адамдардың іс-әрекеті жөнінде; 3) Поэтикалық бөлім – (творчество) шығармашылық жөнінде. Ал ғылымның зерттейтін объектісі – адамның ақыл - ой өресі жететін дүние.

Аристотель табиғатты «материяның» «формаға», «форманың» «материяға» біртіндеп ауысуы түрінде қарастырды. Алайда материядағы қозғалыс бастамасының баяулығын байқап, түбінде қозғалыстың түп төркіні мен мақсатқа келіп тірелетін форманың белсенділігіне баса назар аударды. Қозғалыс атаулының түп төркіні – «өзі қозғалмайтын, қозғалтуға түрткі болатын» - Құдай деген тұжырым жасады.

Адамның ақыл - парасатының қабілетін этикадағы ең жоғарғы қозғаушы күш деп тапты. Аристотельдің моральдық үлгісі – Құдай, яғни «өзін ойлайтын ой» - нағыз кемелденген философ.

Антикалық философияның үшінші кезеңі Римдік – эллиндік кезең (б.д.д. 3ғ – б.д. 6ғ.). Платон мен Аристотельдің философияға енгізген орасан зор еңбектері мен жаңалықтарынан кейін философия айтарлықтай беделге ие болып, дәрежесі өсе бастады. Бұл жағдай «Эллиндік дәуірдің» өркендеп,

гректік ойлау ерекшелігінің Жерорта теңізінің барлық территориясына таралуына септігін тигізген еді. Мұнымен қоса, Александр Македонскийдің бірнеше елді мекендерді жаулап, сол жерлерде жаңа мәдениетті жасауы боды.

Бір жағынан грек ойшылдарының философиясы жан - жақты таралып, қанат жая өркендеп өсуі - сол замандағы адамдардың өз өмірдерін жақсартуға деген құлшыныстарына да байланысты болды, өйткені, олар «қалай өмір сүру керектігін» білу үшін, «данагөй» болуға тырысты. Соған орай философия жүйеленіп, догматикалық сипатқа ие бола бастады. Қалаған мектебінен, ұстазынан білім алатын жағдайға жетті, себебі әртүрлі философиялық мектептер қалыптаса бастады. Ерекше сипатқа ие болған философиялық мектептер қатарына стоиктер, эпикуршылар және скептиктерді жатқызға болады. Мүмкін, Сіз, философияның барлық бағыттарын меңгеріп, олар туралы білетін шығарсыз, бірақ қайсысын таңдар едіңіз, әрине, күнделікті өміріңізде қолданатын болғандықтан. Адам өмірінің жандануы мен құлдырауы жөніндегі мәселе сол кездегі негізгі философиялық сұраққа айналды. Бұл сұрақ ақиқатқа жетудің жолын емес, бәрінен бұрын қалай жақсы өмір сүруге болады деген мәселенің шешімін іздеді. Міне, осы сұрақ төңірегінде өрбіген стоик, эпикуршыл және скептиктер секілді ағымдар өздігінше жауап беруге тырысты.

Сіздің басыңыздан мынадай жағдай өтті ме: жақсы не жаман сәттер, оқиғалар болуы мүмкін, бірақ сіз осы жағдайларға салқынқандылықпен қарап, тіпті назарға аудармайсыз. егер солай болса, онда сіз Стоиксіз. Сіз стоик ретінде болып жатқан барлық құбылыстармен оқиғаларға билік етіп, оларды қалағаныңызша өзгерте алмайтындығыңызды түсінесіз. Ал, қаншалықты билігіңіз жүрмегендіктенде, болған істі өзгертуге тырысудың қажеті жоқ.

Стоиктер («стоя») мектебі. Аталған мектептің негізін салған Китиондық Зенон. Өкілдері Сенека, Эпиктет, Марк Аврелий. Стоиктердің басты идеясы – сыртқы дүниенің түрлі әсерлерінен құтылу болды. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін философтар табиғатпен бірлікте болуға шақырып, байлықты, әсемдікті жақтады. Жағымсыз әлде қуанышты сәттер болсын, салқын қандылық таныту керек, жағымсыз, жан дүние - өтпелі, сондықтанда одан құтылуға асығудың қажеті жоқ.

Сенека (б.д.д. 4 ж.ш. - б.д. 65ж.) - римдік стоицизмнің өкілі. Император Неронның тәрбиешісі және соның үкімі бойынша өзін - өзі өлтірген. Грек стоиктерінің пантеизмін сақтап, дүниені математикалық бірлікте және зерделі тұтастықта қарастыра отырып, Сенека негізінен этикалық-ғибраттық мәселелермен айналысады. Егер этикалық - ғибраттық мәселенің шешімдері дұрыс табылса, рухтың тыныштығы мен тұнықтығына қол жеткізе аламыз деп тұжырымдады. Ол өзінің жеке адамдық этикасын қоғам және мемлекет міндеттерімен байланыстаруға тырысты. Сенеканың этикасы христиандық идеологиясының дүниеге келуіне үлкен ықпал етті.

Марк Аврелий (121 - 180ж.ж.ш.) - философ, стоик, Рим императоры (161 - 180ж.ж.). Өзінің философиялық көзқарастарын «өзіме арнаймын» деген жалғыз шығармасында афоризмдер түрінде баяндаған. Оның түсіндіруі бойынша стоицизм діни-мистикалық сипатта көрінеді. Құдай-тіршілік атаулының түп

атасы. Ол-тәні өлгеннен кейін, тіпті пайда болсада жеке сана-сезімнің өзіне ұласып кететін дүниежүзілік ақыл - парасат. Өзіне - өзі терең үңілуге, құндылық тұрғысынан жетілу мен тазаруға шақырады. Марк Аврелий философиясы христиан дініне үлкен ықпал етті, бірақ императордың өзі христиандарды аяусыз қудалаған болатын.

Эпикуршылдар мектебі – негізін салған Эпикур. Ірі өкілі Лукреций Кар. Мектепті эпикур бақшасы деп те атайды. Ол Эпикур үйінің артында орналасқан бақшамен байланысты. Осы бақшада шәкірттер білім алып, сол жерде өмір сүрген. «Атараксия» (гр. «ataraxia» – сабырлылық, жан тыныштығы, оған дана адамдар ғана қол жеткізе алады.) күйіне жету үшін бақшадан тысқары шығармаған. Эпикур өмірден өткеннен кейін, мектепті шәкірті Гермарх басқарады.

«Өмірдің мәні – бақытты болуда» дейді Эпикур. Өмір сүрудегі ең негізгі мақсаты – жан тыныштығына жету. Эпикуршылдар – жан тыныштығына жетудің, саналы түрде қайғы – қасіреттен арылудың жолын іздестірушілер.

Танымның мақсаты - адамды надандық пен жоққа сенушіліктен, құдай мен ажалдан қорқудан арылту, ал мұнсыз бақытты болу мүмкін емес. Эпикурдың ойынша, Құдай адам өміріне араласпайды, сондықтан, ол туралы ойлап, бас қатырудың қажеті жоқ, себебі жоғары жаратушы күшке сену – азаптанудың көзі. Эпикур құдайға сенбегендіктен, Жаратушы күш адамдардың өміріне, іс-әрекеттеріне араласпаса. онда не үшін ржаратты деген ойға келеді. Әлем, адамзат баласын не үшін жаратты деген сұраққа жауап іздеу барысында «Дүние – атомнан құралған» деп тұжырымдаушы Демокритпен танысады.

Эпикур – Демокриттің атомдық көзқарасын жалғастырып, толықтырулар енгізеді. Эпикурдың ойынша бос кеңістікте бірдей шапшаңдықпен қозғалатын атомдардың соқтығысуы мүмкіндігін түсіндіру үшін ол атомның тура бағыттан спонтанды (іштей шартты) «ауытқу» ұғымын көрсетті. Таным теориясы бойынша Эпикур – сенсуалист. Түйсік әрқашан өзінен - өзі ақиқат, өйткені ол объективті нақтылықтан туады; ол қателіктер түйсікті түсіндіруден туады. Түйсіктің пайда болуын Эпикур материалистік тұрғыда былай деп түсіндірді: дененің бойымен өте майда бөлшектердің үздіксіз ағысы жүріп, олар сезім мүшелеріне енеді және заттардың бейнелерін туғызады.

Эллинизм кезеңінің үшінші мектебі – скептиктер болды. Скептицизм (гр. Skeptikos - сынаушы) – объективті шындықты танып - білудің мүмкіндігіне шүбә келтіретін философиялық концепция. Скептицизмнің соңы – агностицизмге әкелді. Алғашқы скептик Пиррон (б.д.д.360 - 270 ж.ж.ш.) – ежелгі грек философы, антикалық скептицизмнің негізін қалаушы. Оның айтуынша ешнәрсеге сенімді болмау керек деп үйретті. Ол бақытқа жетудің жолын іздестіреді. Бақыт – сабырлылық, жан тыныштығы және азаптың жоқтығы. Біз заттар туралы ештеңе біле алмаймыз, сондықтан олар туралы қандай да болмасын пікірлерден бойымызды аулақ ұстағанымыз жөн: мұндай қадамға бару – жан - дүниенің тыныштығына қол жеткізеді. Соған орай скептиктер мынадай жағдайларға байланысты пайда болды деп айтуға болады: адамның (догмасы) ақиқат деп жүрген ой - тұжырымы шындығында қателік,

жалған болып шығуы мүмкін (Догма – ақиқат, шын деп есептелетін идея немесе идеялар жүйесі). Өкілі Секст Эмпирик.

3 – тақырып. БАТЫС ЕУРОПАЛЫҚ ЖӘНЕ АРАБ – МҰСЫЛМАНДЫҚ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ФИЛОСОФИЯ

Ортағасырлық философиясы (батыс Европа елдерінде) – Рим империясының күйреуімен байланысты (5ғ.) капиталдық қоғамның алғашқы формалары пайда болғанға дейін (14 - 15 ғ.) өмір сүрді. Ортағасырлық философия дінмен байланысты дамыды. Тіпті философияны – діннің қызметшісіне айналдырып жіберді. Философия діннің шырмауынан шыға алмады.

Ортағасыр кезеңінде креационизм және эсхатология идеялары айқын байқалады. Креационизм (лат. Creatio - жарату, жасау) - әлемді бір күш жаратты, ол – біреу, жалғыз деп тұжырымдайтын пікір.

Эсхатология (гр. Eschatos - соңғы және logos - ілім, сөз) - әлем және адамзат тағдырының ақыры, соңы туралы, ақарзаман бар деп пайымдайтын ілім. Эсхатологияның ұғымына табиғатта жасырын әрекет жасайтын күштің бар екені, қайырымдылық пен зұлымдықтың күресі туралы, о дүниеде күнәһарлардың жазаланатыны және діндарлардың рахатқа бөленетіні жөніндегі ежелгі түсінік енгізілген. Кеңейтілген формасында эсхатология христиан, мұсылман діндеріне тән.

Батыс Еуропа елдерінде христиан дінінің кең тарауына байланысты “Шіркеу әкейлері” мен путқа табынушылармен философиясының арасындағы күрестің өрлеуіне байланысты Ортағасырлық философиясы негізгі үш кезеңге бөлінеді:

1. б.з. II ғасырдан бастап, Апологетика деп аталатын діни философиялық ілім пайда болды.
2. III - VI ғ.ғ. Патристикалық ілімнің белең алған кезеңі.
3. Схолистикалық кезең

Апологетика (гр. Apologetikos – қорғаушы) – теологиялық сала. Апологетиканың мақсаты – ақыл - парасатқа жүгінген дәлелдердің көмегімен дін ілімін қорғап, сақтау. Апологетиканың құрамына мыналар енеді: құдай болмысының дәлелдемелері, жанның мәңгілігі, құдайдың сыр беруінің белгілері туралы (оның ішінде ғажайыптар мен сәуегейліктер туралы) ілім, дінге және оның жекелеген догматтарына қарсы бағытталған наразылықтарға, сондай-ақ басқа діндерге талдау. Апологетика - әлдебір нәрсені әділетсіздіктен қорғау, соны мадақтау ұғымына сәйкес. Өкілдері – Юстин Мученик, Тециан, Тертуллиан Квинт Септилий Флоренц.

Патристика (лат. Pater-әке) – 2 - 8 ғасырлардағы христиан дін ілімі. Пұтқа табынушылыққа қарсы христиан дінінің догматтарын қорғайтын, діни нанымның ежелгі философиямен үйлеспейді дейтін «шіркеу әкелерін» мадақтау, қостау. Өкілдері – Тертуллиан, Климент Александрийский, Ориген, Августин.

Схоластика (гр. Scholasticos- мектептік) – орта ғасырлық «мектептік философия», оның өкілдері – схоластар христиандық дін ілімін рационалды (зерделі) түрде негіздеуге және жүйелеуге тырысты. Бұл үшін олар Платонның, Аристотельдің философиялық көзқарастарын пайдаланды. Ортағасырлық Схоластика универсалия төңірегіндегі дау-дамайлар үлкен орын алды. Өз тарихында Схоластика бірнеше кезеңгк бөлінеді:

1. Алғашқы кезең Схоластикасында (9 - 13 ғ.ғ.) неоплатонизмнің ықпалы басым болды. Өкілдері Эриугена, Ансельм Кентерберийский. Ғылыммен философия, теология бір - бірімен біте қайнасып, пікірталас негізінде ақыл - ойға діни сенімнің үстемдігін жүргізуді және сол үстемдіктің заңдылығын дәлелдеуді өзіне мақсат етіп қойған схоластикалық тәсіл белең алды.

2. 14 - 15 ғ.ғ., яғни «классикалық» Схоластикада «христиандық аристотелизм» үстемдік етті, яғни, кемеліне жеткен схоластика ғылыммен философиялық теологиядан бөлініп, философиялық, теологиялық ілімдердің қалыптасып, етек жайған кезең. Өкілдері: Ұлы Альберт, Фома Аквинский.

3. Құлдырау кезеңі (XIV - XV ғ.ғ.) – шынайы ғылыми және философиялық ойлардың тез қарқынды түрде дамуының салдарынан теологияның мистикалық ілімге айналуына байланысты схоластика мүлдем нәтижесіз ілім кейпіне енді. Тақуалар мен неосхоластардың арасындағы дау - дамай ушыға келіп, шіркеудің Реформацияға қарсы күресіне ұлысты. Өкілдері – Уильям Оккам, Жан Буридин және т.б.

Ортағасыр философиясындағы негізгі бағыттар:

1. Реализм

2. Номинализм

Реализм - ортағасырлық схоластикада орын алғаш философиялық бағыт, ол ұғымдар (универсалиялар) реалды түрде өмір сүреді және жалқы заттардан бұрын өмір сүреді деген көзқарасты қалыптастырды. Ортағасырлық реализм іс жүзінде ұғым мен объективтік дүниенің, жалпы мен жалқының арақатынасы туралы мәселенің шешіміне кедгенде Платонның бағытын жалғастырды. Көрнекті өкілдері – Ансельм Кентерберийский және Шамполық Гильом, Фома Аквинский болды. Ортағасырлық реализмге қарсы номинализм өкілдері күрес жүргізді.

Номинализм (лат. nomen – есім, атау) – ұғымды тек жекелеген заттардың атауы ғана деп есептейтін ортағасырлық философиялық бағыт. Ортағасырлық реализмге қарсы номиналистер тек өздеріне тән қасиеттері бар заттар ғана өмірде бар деп тұжырымдады. Заттар туралы біздің жалпы түсінігіміз олардан тысқары бола алмайды, тіпті заттардың шынайы күйі мен қасиеттерін елестете алмайды. Номиналистер заттардың бастапқы, ал ұғымның соңғылығын

мойындай отырып, материалистік тенденциялармен байланысты көзқараста болды. Көрнекті өкілдері: Росцелин, Дунс, Скотт, Оккам.

Августин Аврелий Әулие (354 - 430 ж.ж) – христиан дінбасы және неоплатонизмге жақын философ – мистик, патристиканың ықпалды өкілі. Оның дүниетанымы фиденстік сипатта, яғни «нанымсыз білім де, ақиқатта жоқ» деген қағидаға бағынады. «Құдайдың қаласы» (426 ж.) атты шығармасында Августин тарихты, адам тағдырын фаталистік (теологиялық фатализм тарихтағы оқиғалар мен адам өмірі - құдайдың күдіретімен анықталатын негізге алу) тұрғыдан түсіндіретін христиандық концепциясын ұсынды. «Жердегі қалаға», «Күнәһар» зиялы мемлекетке ол «Құдайдың қаласын», яғни шіркеудің бүкіл дүниежүзілік үстемдігін қарама - қарсы қойды. Августиннің христиан теологиясының әрмен қарай дамуына жасаған ықпалы орасан зор.

Ортағасырлық философияның белді өкілдерінің бірі Фома Аквинский (1225-1274 ж.ж.) орта ғасырлық католик дінінің теологі, доминикандық – монах, ортодоксалдық схоластиканы жүйеге келтіруші. Париж және Кельн университеттерінде білім алады. Ұлы Альберттің шәкірті. Негізгі еңбегі – «Теология суммасы» (жиынтығы) Ф.Аквинскийдің объективтік идеалистік философиясы Аристотель ілімін теологиялық тұрғыдан түсіндіру, аристотелизмді христиан дініне сай ықшамдау нәтижесінде пайда болды. Аристотель философиясынан Ф.Аквинский материалистік идеяларын алып тастап, идеалистік элементтерін (жаратқан иенің қозғалыссыздығы жайындағы ілімін) күшейту бағытында әрекет етті. Ф.Аквинский бойынша универсалиялардың үш түрі бар:

1. Жеке заттарға дейінгі (құдайдың күдіреті)
2. Заттардың өздеріндегі (жекедегі жалпылық)
3. Заттардың кейінгі түрі (адам санасында танылатын)

Философияның негізгі принципі – сеніммен сананың үйлесімділігі. Оның пайымдауынша, ақыл Құдайдың болмысын саналы түрде дәлелдеп, сенімнің ақиқаттығына қарсы пікірді қабылдамайды, барлық өмір сүретін заттар құдайдың күдіретті бойынша қалыптасады. Ф.Аквинский Құдайдың болмысына 5 дәлел келтірді:

1. Қозғалыс: барлығы қозғалыста, яғни оларды қозғалысқа келтіретін күш бар. Алғашқы күш – Құдай;
2. Себеп: барлық тіршілік атаулы себепті, соған орай себепкер – Құдай;
3. Мақсат: дүниедегінің бәрі мақсатқа байланысты жаратылған, мақсатқа бағыттап отыратын – Құдай;
4. Кездейсоқтық пен қажеттілік: кездейсоқтық қажеттіліктен туындайды, ал алғашқы қажеттілік – Құдай;
5. Сапаның сатылары: тіршілік ететіннің барлығы әртүрлі сапаға ие, ал ең жоғарғы сапаға ие – Құдай.

Уильям Оккам (1285-1349 ж.ж.) – ортағасырлық ағылшын теологы, философ - схоласт, номинализмнің ірі өкілі. Оксфорд университетінде сабақ

берген, дінсіз деп айыпталып, түрмеден Баварияға қашып барады. Шіркеудің дүниежүзілік үстемдігін орнатуға тырысқан папаға қарсы күрескен феодалдардың идеологы.

Оккамның айтуынша Құдайдың бар екендігі т.б. діни ұғымдар парасат арқылы дәлелденбейді, олар тек қана нанымға негізделген, ал философия теологиядан азат толуы тиіс (екіұдай ақиқат).

Араб-мұсылман философиясы. Араб философиясы – мұсылман дінін қабылдаған және араб тілінде сөйлейтін Шығыс халықтары ойшылдарының ортағасырлар дәуіріндегі философиялық ілімдерінің жиынтығы. Араб философиясының пайда болуы мутализиттердің («оқшауланғандардың») – қаламның рационалдық дін ілімінің – ертедегі өкілдерінің қызметіне байланысты, олар адамның ерік-жігерінің бостандығы мен Құдайдың ерекше белгілері туралы мәселелерді талқылаудан бастап, діннің шегінен шыққан және тіпті оның кейбір догматтарын мақсат еткен концепцияларды жасаумен аяқтады. IX ғасырда арабтар ежелгі заманның жаратылыстану ғылымымен қатар философиямен танысты. Олар Аристотельдің философиясына және оның жаратылыстану мен логика мәселелеріне баса назар аударды. Аристотельдің негізгі концепцияларын сол кездегі араб тұрмысына тұңғыш рет енгізген ойшыл – Аль - Кинди шығыс перипатетизмінің (шығыс перипатетизмі) атасы деп есептелді.

Аль - Кинди (800 - 870 ж.ж.) – араб философы, астрологі, математигі әрі дәрігері, «арабтардың философы» деген құрметті атаққа ие. Аль - Кинди өзінің дүниетанымына негіз етіп жалпыға ортақ себептілік байланыс идеясын алады, бұл идеяға орай, кез келген бір затты ақырына дейін ой елегінен өткізетін болса, онда бұл зат бүкіл ғаламдық нәрсені ойдағыдай тануға мүмкіндік береді. Құран жолын ұстанушылар Аль - Киндиге күпірлікпен қарады. Аль - Киндидің көптеген шығармаларына тек шағын үзінділері ғана сақталған.

Шығыс перипатетизмнің одан әрі дамуы Әль - Фараби мен Ибн Синаның есімімен байланысты. Аль - Киндиге қарама - қарсы түрде бұл философтар дүниенің мәнділігін дәлелдеді. Құдай «өзінің арқасында қажетті ақиқат» деді олар.

Әл-Фараби Әбу Нәсір Мухаммед ибн Тархан (870 ж Сырдариядағы Фараб қаласында дүниеге келіп, 950 ж. Дамаскіде дүниеден озады) – Шығыс философы, ғалым - энциклопедист, шығыс аристотелизмінің аса ірі өкілі. Аристотель мен Платонды зерттеуші және толықтырып жалғастырушы (Әлемнің «екінші ұстазы» деген атағы осыдан шыққан). Негізгі шығармалары: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік - эстетикалық трактаттар», «Қайырымды қала тұрғындары», т.б. Әл - Фарабидің қатардағы адамдарға философия ақиқаты, оның асқақ әулие бейнесіндегі кемеңгер философтар «Қайырымды қала» туралы ілімі мәшһүр болды. Бақытқа жетудің негізі – қайырым жасауда дейді. Тек қана қайырым жасауға бейімделген адамдар арасында жамандық атаулы болмайды, соған орай олар бақытты ғұмыр кешеді деген тұжырым жасайды. Әл-Фараби Ибн Синаға, Ибн

Туфейлге, Ибн - Рушдке, сондай-ақ Батыс Еуропаның Философиясы мен ғылымына ықпал етті.

Ибн Сина Әбу Әли (лат. айтылуы – Авиценна, 980 - 1037ж) ортағасырдағы тәжік философы, дәрігері және ғалымы. Бухарада, Иранда өмір сүрген. «Білім кітабы» («Даниш намаз»), «Емдеу кітабы», «Медицина каноны» және т.б. еңбектердің авторы. Ибн Сина Ислам дінін жақтай тура, көне дүние философиясы мен ғылымын арабтарға, Еуропа елдеріне таратуда игі ықпал жасайды. Ол өзінің философиялық ілімінде Аристотельдің материалистік және идеалистік бағытын ұстады, ал кейбір мәселелерде аристотелизмнен бас тартып, неоплатонизм жағына шығады. Аристотельдің логикасын, физикасын және метафизикасын жетілдірді. Ол материяның мәңгілігін мойындады, оған бір тектес заттардың әрқилы себептері деп қарады және астрологиямен басқа да сәуегейліктерге қарсы шықты. Әл - Фараби мен Ибн Синаның перипатетизмінен қатарласа суфизм ілімі де көрініс тапты. Суфизм – (араб. суф-жүн, суфи-жүннен тоқылған шекпен) – Исламда 8 - 9 ғ.ғ. пайда болған және Араб халифаты елдерінде кең таралған діни-мистикалық ілім. Ертеректегі Суфизмге жекелеген материалистік элементтері бар пантеизм тән болды. Құдайдың хақтығына шек келтірмей, ал айналадағы заттар мен құбылыстар оның эманациясы дей отырып, Суфизмнің ізбасарлары өмірдің ең жоғарғы мақсаты адам жанының Құдаймен бірігуі деп жариялап, жер бетіндегінің бәрімен (пендешіліктен) қол үзуді талап етті. «Құдаймен бірігу», Суфизм ілімі бойынша, діндарлардың өзін - өзі ерекше шабыттандыру жағдайына жеткізген кезінде ғана іске асады. Суфизмнің көрнекті өкілдері Әл - Фазали (1059 - 1111), Суфи Алаяр (1720 жылдарда өмір сүрді), Ахмет Яссауи.

Әл - Фазали Ибн Мухаммед (1059 – 1111ж.ж.) – ислам дінін зерттеуші ғалым, философ. Оның эстетикалық көзқарасы мінез-құлық философиясымен байланысты. «Дін ғылымының жандануы» атты шығарманың авторы. Сезім түйсігі мен елес қана емес, сонымен қатар ақыл - парасаты жететін объектілер де («тамаша мінез», «тамаша ғұмыр») асқақтай алады. Адамның рухани әдемілігіне баға беру тән сұлулығына баға беруге қарағанда күрделірек. Музыканы көңіл көтеретін нәрсе деп есептейтін адамдарға оны тыңдаудың қажеті жоқ, ал музыкадан ләззәт алатын, сазды әуендерден рахат сезіміне бөленетін адамдарға тыңдауға болады. Әл - Фазали Құранның және кәдімгі поэтикалық шығармалардың адамға эстетикалық ықпал ету мүмкіндіктерін зерттпей келіп, соңғысының артықшылығын атап көрсетеді: алғаш рет естіген әуен бұрынғы белгілі өлеңге қарағанда күштірек әсер қалдырады. Құранды жұрттың бәрі жатқа біледі, ал ақындар әрдайым жаңа шығарма жазады, өлеңдері ырғақты келеді, көркемдеп түрліше оқуға болады, музыкаға түсіре аламыз, ал Құранның сөздерін музыкаға түсіруге жол берілмейді; Құран сүрелерін әуенге қосуға рұқсат етуге болмайды, себебі Құран - Құдай жаратқан ғажап еңбек.

Ибн Рушд Мухаммед (1126 - 1198 ж.ж.) - Кордово халифаты тұсында Испанияда өмір сүрген ортағасырлық араб ғалымы, философы. Негізгі шығармалары: «Жоққа шығаруды жоққа шығару», «Дінмен философиялық

салыстырмалы байланысын талқылаудан шығатын қорытынды». Ислам дінінен қол үзбей-ақ материя мен уақыттың мәңгілігін және оларды ешкімнің жаратпағандығын дәлелдеп, адам жанының өшпейтіндігі мен о дүниелегі өмір туралы аңызды жоққа шығарды. Ибн Рушд философияда «Қос ақиқат» ілімінің негізін қалаушы. «Қос ақиқат» идеясының негізгі мәні - философиялық және діни ақиқат әртүрлі, діндегі ақиқат деп саналатын кейбір құбылыстар философияда жалған болып есептелінуі мүмкін. Сол сияқты философиядағы ақиқат дінде де теріске шығарылуы мүмкін. «Қос ақиқат» теориясының негізгі мақсаты - философияны діннің шырмауынан босатып, өз алдына жеке ілім ретінде қалыптастыру.

Ибн Рушдтың Аристотель шығармаларына жазған түсініктемесі Еуропа философтарын антикалық философтармен таныстыруда үлкен рөл атқарды. Ибн-рушд ақыл - парасаттың нанымнан артықшылығын негіздеді, діни ілімді уағыздаушылардың философиялық мәселелермен айналысуының заңсыздығын атап айтты. Сонымен бірге ол философтарды өздерінің ілімін көпшілік алдында жарияламауға шақырды, өйткені мұның өзі адамдарды діни сенім-нанымнан айыруы, демек адамгершілік қағидаларынан да айыруы мүмкін. Ибн - Рушдтың ілімі ортағасырлық Батыс Еуропалық философияда еркін ойдың дамуына зор ықпал етті.

Ахмед Яссауи (шамамен 1093 – 1166 - 67 ж.ж.) – түркілік суфизмнің негізін салушы, Түркстан (Яссы) шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туған. Оның есімі Түркстанның «Кіші Мекке» деп аталуына тікелей қатысты. Ахмед Яссауидің мистикалық танымының түркілік «тарихаты» түрк тайпаларының мұсылманшылыққа бет бұруына айтарлықтай әсерін тигізді. Ахмед Яссаудің «Диуана Хикмет» (парасатты сөздер жинағы) 12 ғасырдағы жазылған, келер ұрпақ үшін ғибрат алатын асыл мұра болып табылады.

Ахмед Яссауи 62 жасқа келгенде, «Пайғамбар жасына жеттім, пайғамбардан артық күн көруге қақым жоқ», - деп, жер астына – халуаға (халуа-жалғыздықта болу) түседі. Өмірінің аяғына дейін өз ғұмырын сол халуада өткізіп, бар уақытын Хақ (Құдай) жолына арнайды.

Ортағасырлардағы мұсылмандардың философиялық және эстетикалық идеялары еуропалық ортағасыр мен Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасына елеулі ықпал етті.

4 – тақырып. РЕНЕССАНСТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢА ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫ

Қайта өрлеу дәуірі (Ренессанс) 16 - 17 ғ.ғ. Италияда пайда болып, кейін Еуропаның басқа елдеріне тарап, өркендей бастады. Әр еле өзіндік ерекшелігімен көрініс тапты. Ортағасырлық діни ұғымнан гөрі ғылыми дүниетаным басымдық танытты. Ренессанс дәуірі мәдениетіне байланысты қайзелде болмасын, антикаға деген көзқарасы, дүниетанымының ерекше түрінің пайда болуы, өмір сүру жағдайының өзгеруіне байланысты өзіндік гуманизм пайда болды. Ренессанстық дәуір титанизмнің пайда болуымен ерекшеленеді. Адам жөнінде өзгеше пікірлер қалыптасты. Адам - құдайға ұқсас образда

жаратылған «жаратылыс бастауы». Бар тіршілік - табиғатты, адамды Құдай жаратты деген пікірді ұстанды. Адам әсемдік пен шеберлікке, махаббат пен сүйіспеншілікке толы жан иесі деген түсінік қалыптасты. Бұл дәуірде мәдениет пен философия шіркеу иелігінен босап, жаңаша өнердің дамуын бастады (бейнелеу өнері, архитектура, музыка, театр, әдебиет). Соған орай Қайта өрлеу дәуірі қазіргі замандық өркениеттің барлық жетістіктеріне тікелей ықпал етті.

Қайта өрлеу дәуіріндегі қалыптасқан негізгі философиялық бағыттар: пантеизм, натурфилософия және гуманизм.

Пантеизм (гр. Pan - бәрі және theos - құдай) - құдай табиғаттан тыс болмайды, құдайдан тыс табиғат жоқ, құдай бәрін жаратушы бастама деп есептейтін философиялық ілім. Пантеизм құдайды табиғатпен тұтастай алып қарайды, табиғаттан тыс бастаманы теріске шығарады. Терминді алғаш рет Толанд енгізген. Пантеистік көзқарас Н.Кузанский мен Дж. Бруноның еңбектерінде көп кездеседі.

Натурфилософия (табиғат туралы философия). Алғашында магиямен әуестенумен пайда болып дамыған ілім. Магия мен ғылымды жаратушы күш туралы ұстаным байланыстырылады. Натурфилософтар қатарына Теофраст Гогенгейм (Парацельс), Бернардино Телезио саналады.

Парацельс Филипп Ауреол Теофраст фон Гогенгейм (1493 - 1451 ж.ж.)- қайта өрлеу дәуірінің дәрігері және табиғат зерттеушісі, шыққан жері швейцария. Парацельс бойынша, құдай жаратқан алғашқы материяға негізделген дүние өзін-өзі дамытатын тұтастық болып табылады. Табиғаттың бір бөлігі ретіндегі адам сол табиғатты тануға қабілетті. Парацельс қандайда болмасын ғылыми танымның негізі ретіндегі тәжірибелік білім туралы идеяны алғашқылардың бірі болып жариялады. Ақыл-парасат күшіне сене отырып, Парацельс дәрігерлер мен ғалымдарды «қасиетті кітапты емес» табиғаттың өзін зерттеуге шақырды. Дүниедегінің бәрі құпия «архейге» (рухқа) толы деп ойлады. Медицина мен химияны ғылымға айналдыруға тырысып, ол сонымен бірге алхимия мен сиқырлық күшке де сенді.

Гуманизм (лат. Humanus - иманды) - адамның қадір қасиеті мен хұқын құрметтеді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның иелігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолайлы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы.

Қайта өрлеу дәуірінде гуманизм тиянақты идеялық көзқарас ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде гуманизм феодализмге және ортағасырлық теологиялық көзқарастарына қарсы пікірлермен тығыз байланыста болды. Гуманистер адам бостандығын жариялады, діни аскетизмге қарсы, адам ләззаты мен мұқтаждықтарын қанағаттандыру хұқы жолында күресті. Қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті гуманистері – Петрарка, Данте, Боккаччо, Леонардо да Винчи, Эразм Роттердамский, Ф.Рабле, Монтень және т.б.- зиялы дүниетанымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды.

Қайта өрлеу дәуірі - философия тарихында маңызды орынға ие бола отырып, өндірістік қатынастардың, сауда - саттықтың дамуы, феодализмнің құлдырауы, қалалардың өркендеуі, шіркеу беделінің төмендеуі, білім

дәрежесінің жоғарылауы, ғылыми - техникалық жаңалықтардың ашылуы сияқты өзіндік ерекшеліктерімен құнды.

Қайта өрлеу дәуірі философиясының негізгі ерекшеліктері:

- антропоцентризм және гуманизм - адамның өзіндік құндылығын дәлелдеу арқылы адам мәселесін алғашқы қатарға қою;

- шіркеу идеологиясына қарсы пікірдің қалыптасуы (дінді терістеу емес, өздерін Құдаймен адамдар арасындағы байланыс ретінде санаған шіркеу қызметкерлеріне қарсы шығу).

- кез - келген нәрсенің формасынан гөрі оның құрылымына баса назар аудару;

- әлемнің шексіздігі туралы, анатомиялық жаңалықтардың ашылуымен бірге қоршаған ортаны ғылыми-материалистік тұрғыда (жердің шар тәріздес екендігі, оның күнді айнала қозғалатындығы жөніндегі жаңалықтар) түсіну;

- тұлғаның алғашқы қатарға қойылуы;

- әлеуметтік теңдік идеясының кең таралып, белең алуы.

Қайта өрлеу дәуірінде идеалистік бағытта дамыған – неоплатондық бағыт болды. Аталған бағыттың мақсаты – Платон ілімдері туралы қарама-қайшы пікірлерді жойып, Платон ілімдерін бір жүйеге келтіру, әрі қарай дамыту. Неоплатоншылдар Платон идеясына сүйене келе, схоластикаға өздерінің жаңа философиялық жүйелерін қарсы қоя отырып, Құдай рөлін төмендетті. Сөйтіп, әлемнің жаңа бейнесін жасауға көшті. Қайта өрлеудегі неоплатоншылдар бағытының белді өкілдері Н.Кузанский және Джованни Пико дела Мирандола.

Николай Кузанский (1401-1464ж.ж.) – схоластиканың гуманизмге өту кезеңі мен капиталистік қоғамның алғашқы сатысында қалыптаса бастаған ғылымның жаңа дәуіріндегі неміс философы, ғалым және дін қайраткері. Неоплатондық ілімнің ықпалымен бұрынғы христиандық ұғымдардан құдай туралы ілім жасап шығарды. Құдайдың қарама - қарсылықтан, болмыстан жоғары тұратындығы, адамның ой-санасы тек табиғат заттарын ойластырып, саралаумен ғана шектелетіндігін уағыздады. Шектілік пен шексіздік, ергежейлілік пен алып, жалпы мен жеке және тағы басқа қарама - қарсы құбылыстар Құдайға келіп тіреледі. Николай Кузанскийдің ілімі өзіне тән қарама-қарсылықтардың құдайға әкеліп тірейтіндігі туралы мистикалық-идеялық мазмұнына қарамастан, алдыңғы қатарлы идеяларды да бойына сіңірді.

Әлем-сезімтал абсолютті аяқтаушы, өзгермелі Құдай. Әлем - құдаймен аяқталады дей отырып, Н.Кузанский астрономиялық зеттеулер жүргізе келе күн-орталық (гелиоцентрлік бейне), космостағы болып жатқан үрдістердің бәрі-діни ұғымнан бөлек табиғат тұрғысында ғана түсіндірілетін мәселе деп тұжырымдады. Н.Кузанскийдің пайымдауынша әлем ғаламдардан (галактикалардан) құралған, барлық аспан денелері - қозғалыс күшіне ие. Н.Кузанскийдің бұл тұжырымдары гелиоцентрлік жүйенің дамуына айтарлықтай ықпал еткендігіне күмән жоқ.

Әлемнің гелиоцентрлік және геоцентрлік жүйесі. Әлемнің геоцентрлік (гр. «geos» – жер) жүйесіне сәйкес жер қозғалмайды және ол әлемнің кіндігі

болып табылады. Күн, ай, жұлдыздар мен планеталар жердің төңірегінде айналады деп есептелінеді. Діни көзқарастар мен Платон және Аристотель еңбектеріне негізделген бұл жүйені көне грек ғалымы Птоломей тұжырымдаған.

Әлемнің гелиоцентрлік жүйесіне сәйкес өз кіндігі жүйесімен айналатын жер - күн төңірегіндегі планетелалардың бірі. Бұл жүйеге қатысты пікірлерін Н.Кузанский және басқа да ғалымдар айтқанмен, бұл теорияның нақты негізін қалап, жан-жақты талқылығын және математикалық тұжырымдаған Коперник болды. Коперник жүйесі кеіннен нақты анықтала бастады. Бұл жүйені тиянақты дәлелдеуде Галлилей, Кеплер, Ньютон аса үлкен роль атқарды.

Галилео Галлилей (1564 - 1642). Коперник пен Бруно идеяларын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Телескоп ойлап тауып, аспан денелірінің траектория бойнаша ғана емес, өз осі бойынша қозғалатынын дәлелдейді. Күн бетіндегі дақтарды тауып, басқа планетелардың серіктерін зерттейді. Негізгі еңбегі – «Әлемнің негізгі екі жүйесі – Птоломейлік және Коперниктік диалог» (1632). Оның тұжырымы бойынша, әлем – шексіз, материя – мәңгі, табиғат – бірегей. Табиғат бастамасы ретінде механикалық заңдылықтаға тәуелді, атомдар өзгермейді. Табиғатты танудың көзі – бақылау мен тәжірибеде. Алайда ол да діни көзқарастардан алшақ кете алмады, тәңірдің алғашқы себеп екендігін мойындайды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі өзекті мәселелердің бірі жаңа қоғам құру мәселесі ағылшын гуманисті Т.Мор мен итальяндық монах Кампанелланың шығармаларында айқын байқалады.

Т.Мор (1478–1535ж.ж.) - утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі. Қайта өрлеу дәуірінің гуманист – рационалисті. Басты шығармасы – «Утопия» (1516ж.). Ол тұңғыш рет өндірісті қоғамдастыру идеясын дәйекті түрде дәлелдеп, оның еңбекті ұйымдастырудың коммунистік идеялармен байланыстырды. Бостандыққа негізделген қиядағы Утопия мемлекетінің шаруашылық ұясы – отбасы, қолөнер өндірісіне негізделген. Утопиялықтар демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайында өмір сүреді. Адамдар күніне алты сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылыммен, өнермен шұғылданады. Адамның жан-жақты дамуына, теориялық оқуды еңбекпен ұштастыруына үлкен мән беріледі. Мор жаңа қоғамға өтуді бейбіт жолмен іске асыруды армандады.

Идеалды қоғам туралы жоба жасаған басқа да ойшылдар болды.

Т.Кампанелла (1568–1639ж.ж.). Утопиялық қоғам авторы. Негізгі шығармасы – «Күн қаласы». Барлық оқиғалар фантастикалық Күн қаласында болмақ, қала тұрғындары идеалды қоғам орнатады және олар әлеуметтік әділеттілікті негізге ала отырып, өз өмірлерімен және еңбектерімен рахаттанбақ.

Әлеуметтік утопистер сол дәуірдің әлеуметтік қатынастарына және кейінгі заман философиясына айтарлықтай әсер етті.

Жаңа дәуір философиясы. Негізгі ерекшеліктері:

- ғылыми рационализмнің қалыптасу дәуірі
- білімнің қарқынды дамуы

- ғылымдардың пайда болуы
- діннің беделі мен билігі алдыңғы орынға шығуы.

Жаңа дәуір философиясында эмпиризм және рационализм секілді екі бағыт қалыптасады.

Эмпиризм - танымның негізі тәжірибеде деп есептейтін философиялық бағыт негізін салушы Ф. Бэкон, көрнекті өкілдері Т.Гоббс, Д.Локк, Д.Дьюи.

Рационализм (лат. зерде) - танымның негізі зерде деп тұжырымдайтын философиялық бағыт. Негізін салушы Р.Декарт, өкілдері Б.Спиноза, Г.Лейбниц.

Ф.Бэкон (1561-1626ж.ж.) - Кембридж университетін тәмамдап, Парижде ағылшын елшілігінде тұрады. Материалист. Еңбектері: «Ғылымдардың байсалдылығы мен дамуы», «Жаңа органон».

Эксперименттік ғылымның негізін салушы. Қолданған әдістері: индукция, талдау, салыстыру, бақылау, эксперимент жасау, яғни эмпирикалық бағыттағы ұстанымдар. Схоластика, діни көзқарастарға қарсы шықты (дегенмен Құдайды мойындайды). Эмпириктермен рационалистердің сыңаржақтылығын сынайды. Ф.Бэкон индукция теориясының маңызын көрсетті. Тәжірибедегі фактілерден біртіндеп жалпы ережелерге көшуді дедуктивті пайымдауға қарсы қойған Бэкон бұл тәсілдің ақылға тән кемшіліктерді жоя алатындығына сенімді болды. Бірақ бұл жай тіркей беру емес, жиналған фактілерді қорыта білу, жаңа қорытындыға қол жеткізу болып табылады. Ол бақылау процесінде емес, эксперимент жүзінде ғана мүмкін.

Ойшылдың пікірінше, философия Құдай, табиғат және адам туралы мәселелерді ғана қарастыру керек. Адам ақыл - ойына жүгіне отырып, теориялық пайымдауларды іс жүзінде тексеруден өткізіп, тәжірибеде көз жеткізуі керек. Адамның ақыл - ойына, санасына тән қателіктер болады, олар ақылдың дамуын тежеп отырады, сондықтан олардан құтылуға тырысу керек. Бэкон бұл кемшіліктерді идолдар деп атайды.

Ф.Бэконның ойынша дүниені танып, дұрыс пікірде болу үшін жалған пікірлерден азат болуы қажет, соның ішінде адам төрт елестен (идол) арылу керек:

1. Адам табиғатына тән «тектік» елесінен
2. Әркім жеке басына тән «үңгір» елесінен
3. «Нарық» (базар) елесінен
4. «Театр» елесінен.

«Білім - күш» қағидасын берік ұстанған. «материя қозғалыспен ажырамас бірлікте, энергия - материяның ішкі қасиеті» - дейді.

Философ жаңа философиялық методологиясының мынадай қағидаларын ұсынады:

1. Табиғатты зерттеудегі объективтілік
2. Ғылыми және философиялық әдістің өзіндік құндылығы
3. Табиғаттан көрі технологиялық дәреженің үстемділігі
4. Табиғи әлемді зерттеудің индуктивті (жекеден жалпыға өту) әдісі.

Р.Декарт (1596-1650ж.ж.) - фр. философы, дворяндар отбасында өмірге келген ол Ла - Флеш коллегиясында физика, арифметика, математика,

музыканы тереңдетіп оқытады. Мықты математик ретінде танылған Декарт осы ғылымның көмегімен бүкіл ғылымдар жүйесін, философияны қайта өзгертуді армандады. Саясат мәселелеріне қазықпаған декарт алгебра, аналитикалық геометрия, механика мәселелерін зерттеумен айналысады. Жарықтың сыну заңын ашады, қанның айналуын зерттеп, психология мен космогония және философияға талдаулар жасайды. Еңбектері: «Әдіс туралы ой - толғау» және «Философияның алғашқы бастаулары».

Космология, космогония, физика мен физиологияда – материалист, психология, таным теориясында - идеалист, соған орай Декарт дуализм бағытының өкілі ретінде сналады.

Декарттың рационализмінің негізі - күмән. Күманданған адам күмән туғызған объект туралы терең ойланады, соған байланысты оның өмірі айқындала түспек. «Мен ойлаймын, олай болса өмір сүргендігім» дейді. Біз анық қабылдайтын нәрселердің бәрі ақиқат, бірақ олар ақылымыз, зердеміз арқылы ғана қабылданбақ.

Т.Гоббс (1588-1679ж.ж.) - Оксфорд университетін тәмамдап, Аристотельдің логикусын, номиналистер ілімін қуаттайды. Ф.Бэконға хатшылық қызмет атқарады. Еңбектері: «Табиғи және саяси заңдар элементтері» (1640ж), «Азамат туралы» (1642), «Левиафан» (1651ж).

Номиналист, механикалық материалистік бағытты ұстанады. Адам мен жануарлар күрделі машина, материя - мәңгі, алғашқы, ал ой - материяның туындысы деген көзқарасты жақтайды.

Гоббс философия мен теологияны бөліп қарастырады, Бэконның «екі ақиқат» теориясын тереңдете түсіп, философияны жоғары қояды. «Философия-танушы ақыл - ойдың рационалдық іс - әрекетінің жүйесі. Ол бір жағынан, белгілі себептерден әрекеттер мен құбылыстарға қарай, екінші жағынан, құбылыстардан оларды тудыратын негіздерге қарай жүреді. Яғни, ақиқат дегеніміз ғылыммен тең түсетін философия», - дейді. Теологияны жоққа шығармағанымен, оны философияның құрамдас бөлігі деп қарастырмайды. Гоббс үшін теология рационалдық анализді қажет етпейтін құдайы білім, оны сол күйінде қарастыру керек, ал философия тек адам туралы ілім деген көзқарасты ұсынады.

Философтың пікірінше, адам әуелі табиғи денелердің бірі және табиғат адамдарды қай жағынан болмасын тең етіп жаратады. Бірақ, әрбір адамға тән өзімшілдіктен кейін адам өзгеріске ұшырайды. Адам өзін ғана ойлайтын, өзінің сезімдеріне қарсы келмейтін мақұлық деп санайды. «Адам - адамға қасқыр», адамдар күш пен ақыл жағынан тең болғанымен, әркім өзін басқалардан күштірекпін деп ойлайды. Осы жағдайлардан кйін адамдар арасында бір-біріне деген сенімсіздік туындайды. Табиғи теңдік үміт теңдігін туғызады да, екі адам бір мақсатқа ұмтылады, мақсатқа жету барысында бірі басқасын құрбан етуге немесе бағындыруға тырысады, сол себепті адамдар бірімен-бірі үнемі соғыста болады дейді.

Барух Спиноза (1632-1677ж.ж.) - Амстердамда еврей отбасында дүниеге келіп, әуелі сауда - саттықпен айналысқанымен, кейінірек философияға

біржола бет бұрады. Оның ілімінде алғашқы кезде жаратылыстану мәселелері көбірек қарастырылғанымен, біртүтес - бірте этикалық доктрина қалыптастыру, адам мәселесін тереңдеп зерттеу ісіне баса назар аударады. Негізгі еңбегі: «Этика».

Өзінің философиясында Спиноза пантеистік бағытты ұстанады. Табиғаттың өзі - Құдай, табиғат - мәңгі, шексіз, ал сана оның қасиеті.

Спиноза адам табиғаттың ажырамас бөлігі екенін қолдайды. Табиғатта механикалық заңдар үстемдік құрса, адам қызметінде оған ойлау қосылады. Спиноза адамгершілік қағидаларының табиғи сипатын ерекше атап көрсетеді. Бірақ, оның философиясында Құдай - табиғаттың өзі. Ол - субстанция, құдайы табиғатта кездейсоқ ешнәрсе жоқ, адамдардың Құдай деп жүргендері өздері түсінбеген табиғаты. Спиноза адамгершілік ережелерінің Құдайдан туындайтындығын теріске шығарғанымен, оның философиясынан жеке эгоизм идеясын кездестірмейміз. Табиғат қана шын өмір сүреді деген тұжырым жасайды.

Джон Локк (1632-1704ж.ж.) - Оксфорд университетінің түлегі, осы оқу орынында грек тілі мен риторикасынан дәріс береді. Адам ауруларын тереңірек зерттеу мақсатымен медицинамен, кейінірек саясатпен айналысады, үкіметтің басқарушы қызметтеріне де араласады. Негізгі еңбектері: «Адамның ақыл - ойы туралы тәжірибе» және «Ақыл - ойды басқару туралы».

Локк эмпиризмді, яғни білім, таным тек тәжірибеден ғана туындайды деген көзқарасты ұстанады. Оның білім концепциясы сенсуализмге негізделген, ақыл - ойда әуелі сезімде болған нәрселерден басқа ештеңе болуы мүмкін емес деп көрсетеді. Ойшылдың пайымдауынша, адамгершілік секілді ұғымдар адамға туа біткен қасиеттер емес, оны Локк моральдық түсініктердің әр халықта әр түрлі, тіпті бір халықтың өзінде тарихи дамудың әр түрлі кезеңдерінде моральдық ережелердің бір - біріне ұқсамайтындығы арқылы жақсы дәлелдейді. Адамда априорлы мораль болуы мүмкін емес. Адам баласы өмірге келгенде оның ішкі жан дүниесі таза тақта сияқты, тәрбие мен еңбектің арқасында адам өзіне білім жинақтайды, білім сол тақтаға жазылмақ дейді. Қоғамға діни шыдамдылық қажет, атеизмге жол жоқ, өйткені дінсіз қоғам болмақ емес, діни қағидалар болмаса қоғам азып кетеді деген ойды алға тартады.

Джордж Беркли (1685-1753ж.ж.) - ағылшын философы, субъективті идеализмнің негізін салушы ретінде танымал ойшыл. Материяны терістеп, дінді мойындайды. Негізгі еңбегі: «Адамдық біліктің бастамасы жайлы трактат».

Оның ойынша, біз дүниені сезім арқылы қабылдаймыз, сондықтан сапалардың объективтілігін, біздің санамыздан тыс тұратынын біле алмаймыз.

Берклидің пікірінше, қабылдау субъектінің жағдай - күйіне тікелей байланысты. Ол бұл түсінікті абсолютті дәрежеге дейін жеткізеді, материяның болмысы қабылдануға тәуелді деген пікірді дәлелдемек болады. Мәңгілік қабылдаушы субъект Құдай деп тұжырымдайды.

Давид Юм (1711–1776 ж.ж.) - ағылшын философы, Локк пен Берклидің философиясын дамытушы. Оның ойынша, субъективтік себептілік бар, ол

сезімдік әсерлердің идеяларын тудырады. Мысалы, адамдар күннің күн сайын шығатынына сенімді. Бұл сенімнің негізі - осы құбылыстың үздіксіз күнделікті қайталанатындығында. Яғни, адамдардың практикалық сенімінің бастауы теория емес, қалыптасқан дағды-сенім. Осылайша Юмның біржақты эмпиризмі және оны рационализмнен бөліп қарастыруы дүниені танып - білуге болмайды деген агностикалық тұжырымға алып келді. Адамның ақылы сезім мүшелері беретін білімнен басқа білім бере алмайды, өзінің рухани тәжірибесінен басқаны қорыта алмайды.

Неміс классикалық философиясы. Капиталистік даму үрдісі біртіндеп еніп, елдегі әлеуметтік жіктелуді күшейте бастағандықтан, Францияға жаңадан көптеген саяси ілімдер, көзқарастар туды. Соның негізінде революциялық идеялар белең алып, мұның соңы саяси төңкерістерге алып келеді. Ал, осы кездегі Германия үшін капиталистік қарым - қатынастың кеңінен дамуы болашақтың ісі сияқты еді. Өйткені неміс жерінде бытыраңқы ұсақ (үш жүзге жуық) мемлекеттер пайда болып, олардың арасындағы шиеленіскен соғыстар жүріп жатқандықтан, жалпы елдің экономикасы мен саяси дамуы кенжелеп қалды.

Алайда, Германияда осы кезде ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер ерекше дамып, осы салаларда дүние жүзін таң қалдырар ұлы жаңалықтар ашылды. Сондықтан да неміс ойшылдары батыс Еуропадағы осы тарихи дамуды кешіріп, ағылшындар мен француздардың мәдени, рухани дамуының бар байлығын бойына сіңіре отырып, жаңа классикалық философиясының озық үлгілерін берді. Классикалық неміс философиясы бүкіл философия тарихындағы мұраны меңгеріп, алдыңқы қатарлы мәдениет пен ғылымға сүйеніп, сол кездегі қоғамдық дамуда терең талдай отырып, жаңа диалектикалық әдістің, логикалық таным теориясының шығуына түрткі болды. Классикалық неміс философиясы ойлау мен болмыстың диалектикалық байланысын аша отырып, танымдағы субъектінің рөлін айқындайды. Сондай-ақ ойлаудың болмысқа қатынасы арқылы таным теориясындағы объект мен субъектінің диалектикалық ара қатынасын аша отырып, теориялық ойлау формасын жаңа сатыға көтеріп, философиялық категориялардың атқаратын рөлін көрсетті.

Таным теориясындағы пайым мен зерденің бір - бірінен алшақ кеткендігін, ендігі жерде олардың ымыраға келмейтіндігін айқын көріп, бұл мәселеге баса назар аударған, классикалық неміс философиясының негізін салушы Кант Иммануил (1724-1804 ж.ж.) - неміс философы, ғұлама ғалым. Трансцендентальды идеализмнің негізін салушы. Негізгі еңбектері: «Таза ақылға сын», «Тәжірибелік ақылға сын» және «Пайымдау қабілетіне сын».

Кант шығармашылығы екі кезеңге бөлінеді: 1) Сынға дейінгі кезең. 2) Сыни кезең. Бірінші кезеңде Кант жаратылыстану ғылымдарымен шұғылданса, екінші кезеңде нақты философиялық мәселелерді қарастырумен айналысады. Күн жүйесінің пайда болуымен жойылуы туралы тұманды болжамның жариялануы мен даму проблемаларын алға тартып, бүкіл жаратылыстанудың жай - жапсарын қайта қарауға меңзейді. Физикада Кант өзінің қозғалыс пен

тыныштықтың салыстырмалылығы туралы ілім жасайды. Сол кездің өзінде - ақ хайуанаттардың шығу тегіне байланысты оларды топтарға бөлу идеясы биологияға ене бастады. Бұл тұрғыда ол диалектикалық гносеологияға адам білімдері жиынтығының категорияларының ара-жігін ажыратып берген ең соңғы аса көрнекті метафизик болып табылады. Дүниенің физикалық-астрономиялық теориясын ұсынады. Сонымен бірге жердің өз осін айналуы, физикалық тұрғыда жердің тозуы, жер сілкінісі туралы еңбектер жазды.

Кант шығармасындағы гносеологиялық мәселелерге келетін болсақ, дүние екіге бөлінеді: біздік зат және өзіндік зат. Біздік заттар дүниесін адам зердесі тани алады. Ол туралы зерттеп, тәжірибе жүзінде тексеруге, білуге болады. Ал, «өзіндік заттар» әлемі тек өзіне ғана мәлім, адам баласы ешқашан зерттеп, танып - біле алмайтын заттың ішкі мәні. Кант танымның трансцендентті нәрсенің (о дүниелік) қарама - қарсылығын сезінуден басталуға тиіс екенін көрсете келіп, жалпы алғанда философияның қарама - қайшылықтарын ашып берді. Трансцендентті нәрселерге құдайлар мен адамның трансцендентті ойларын жатқызды. Трансцендентальдық апперцепция - өзінің формалары мен заңдары туындайтын құбылыстар дүниесі бірлігінің шарты болып табылатын априорлықты, яғни барлық тәжірибені бұрыннан өмір сүретін, алғашқы, таза әрі өзгермейтін снаны көрсететін Кант термині. Кант бойынша трансцендентальдық апперцепцияның бірлігі - адамның елестету қабілетінің, еске сақтауының және қайта еске түсіру арасындағы өзара байланыс шарты. Бұл бірліктің негізі ретінде Кант оның «менімен» барабарлығын, яғни әрбір елестетуде «мен ойлаймын» деген қағиданың бар екендігінен деп жорыды. Кантшылдықтың осы көзқарасына сүйене отырып Фихте өзінің субъективтік идеализм жүйесін жасады.

Таным процесінде адам баласы бірі - бірін теріске шығаратын, бірақ әрқайсысы ақиқат ретінде саналатын, дәлелденген тұырымдарға жолығады. Оларды «антиномиялар» деп аталады. Өзінің таным қызметінде адам шешілмес қайшылықтарға кезікпей қоймайды. Олардан шығудың бірден - бір жолы - парыз этикасы болып табылады. Өйткені адам өзінің эмпирикалық тіршілігінде табиғат заңдарынан төмен тұр, себебі, сыртқы дүниенің ықпалына бағынышты. Алайда практикалық парасаты, мораль заңдарын, атап айтқанда, үзілді – кесілді императивті басшылыққа ала отырып, адам ғибратқа ие болады. Парыз рационалды ойлай алатын тіршілік етушілердің бәріне тән қасиет. Адамның өзінің алдындағы парызы - өзіне дамгершілікті тіршілік етушінің жетістіктерінен айыруға тиым салуда, яғни өзін ішкі еркіндіктен айыруға, затқа айналдырудан сақтауда. Осыдан келіп Канттың «Категориялды императив» этикалық қағидасы шығады: «Сенің жігеріңді билеуші ереже-дүниежүзілік заңдылық негізіне айналатындай қызмет ет» немесе «Сенің ісің, тәлім - тәртібің жалпыға жол көрсетер заң болсын».

Фихте Иоганн Готлиб (1762-1814ж.ж.) - Канттан кейінгі классикалық неміс идеализмінің өкілі. Дін мен философияны Иена мен Лейпцигте зерттеді. Иена мен Берлин университеттерінің профессоры Фихте сословиелік артықшылықты сынады, феодализмдегі бытыраңқылықты жойып,

Германияның бірігуін аңсады. ол «практикалық» философияның - мораль мен мемлекеттік құқылық құрылысты негізлеу мәселелерінің мәнін атап өтті, бірақ «практиканы» тек моральдық сананның әрекеті деп санады. Ғылыми жолдармен жасалған теориялық жүйені, яғни ғылым туралы ғылымды «практикалық» философияның алғышарты деп есептеді. Фихтенің (1794ж) «Ғылым туралы ілімінің» негізінде субъективтік идеализм теориясы жатыр. Фихте «өзінді көаттар» жөніндегі Канттың тұжырымдамасын ескермей, танымның алуан түрлі формаларын субъективтік - идеалистік бір бастамадан шығармақшы болды. Оның пікірінше ол бастама: дүниені жаратушы әрекет иесі қандай да бір абсолютті субъект болып табылады. Фихтенің «Мені» жеке адамның «мені» емес, Спиноза субстанциясына ұқсайтын субстанция емес, адамзат санасының шексіз моральдық белсенді әрекеті. Осы «мен» деген мистикалық бастамада Фихте жеке «Менді» жасап шығарады. Жеке «мен» деп ол абсолютті емес, шектелген субъект мен жеке адамды немесе эмпирикалық «Менді» оған қарсы тұрған эмпирикалық табиғатты түсінеді. Фихте ақиқатты тікелей пайымдау арқылы қабылдайтын ақылды, яғни «интеллектуалды интуицияны» саналы таным органы деп мойындады. Фихте үшін басты мәселе - бостандық мәселесі. Ол еркіндікті себепсіз акт емес, қажеттілікті түсінуден туған әрекет деп түсіндірді.

Гегель Георг Вильгельм Фридрих (1770-1831ж.ж.) - идеалистік диалектика жүйесін жасаған классикалық неміс философиясының аса көрнекті өкілі. Гейдельберг және Берлин университеттерінде профессорлық, ректорлық қызмет атқарады.

Гегельдің философиялық жүйесі үш бөлімге бөлінеді:

- 1) логика
- 2) табиғат философиясы
- 3) рух философиясы

Логика - құдай зердесімен бара - бар сәйкес келетін «таза зерденің» жүйесі.

Өзіне дейінгі бүкіл философияның тәжірибесін талдай келіп, ол болмыстың шекті негіздерін мазмұнды логика категорияларымен белгіледі. Өз мақсатына жету үшін даму идеяларын қатаң ұстанады. Оны санада көрініс тапқан қоршаған шындық өмірдің барлық саласында жүзеге асырады. Сана әмбебап сипатта әсер ететін заңдарға бағынатын біртұтас процесс ретінде суреттеледі, бірақ жүйеде атқаратын ролі тұрғысынан әрқилы. Гегельдің теориясында әрбір құбылыстың өздерін бөліп тұрған қайшылықтарды үшінші сатыда шешетін қарама - қайшылықтар бірлігі ретінде қарастыруға болатындығы форма мен мазмұнның терең табиғи бірлігінде көрсетіледі. Сонда бастапқы тезисті антитезис теріске шығарады, ал олардың бірлігі болмыстың осының алдындағы екі сатысын теріске шығарады, бірақ олардың маңызды сәттерін сақтап қалуға болатын тұстарды теріске шығаратын синтез байқалатын болып шығады. Бұл орайда нәтиже дамудың жүріп өткен сатыларының жай ғана жиынтығы емес. Өзінің бастапқы қалпынан оның мынадай өзгешелігі бар: оның мазмұны неғұрлым нақты сипатта болады,

өйткені ол осының алдындағы екі сатысында болған алуан түрлі дамудың бірлігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда даму-ойлау жүйесіндегі абстрактылықтан нақтылыққа өту болып есептелмек. Гегель теориясының жалпы мазмұны ең алдымен «Рух феноменологиясында» берілген. Еңбектің атауы мен мазмұнына зерттеу объектісі, атап айтқанда сезім шындығынан бастап ақыл ақиқатына дейінгі алдымен жеке адамның санасы ауқымында қарастырылатын сана құбылысы алынған. Сананың белгілі бір тарихи дәуірлерінің рухы ретінде сипатталуы себепті нәтижелерді теріске шығарады. Адам – табиғаттың бөлігі. Бірақ, адам табиғаттың емес, абсолютті идеяның жемісі. Тіпті, табиғаттың өзі рух арқылы пайда болған. Рух-табиғаттың алғышарты, ақиқат, абсолютті алғашқы. өзінің дамуында рух үш сатыдан өткен. Біріншісі – «субъективті рух» - антропология, феноменология және психологиялық түрге бөлінетін жеке адамның санасы. Екінші сатысы – «объективті рух» - адамдар қоғамы және ол үш негізгі формаға бөлінбек: құқық, мемлекет және дағдылылық. Соңғы сатысы – «абсолютті рух» - өнер, философия және дін.

Теориялық ойлау жүйесінде және ерік-жігер бостандығында өзінің ішкі әлеміндегі өзін-өзі анықтаушыға қол жеткізген рух өзінің субъективтілігінен артық, асқақ тұрады. Ол шынайы зат рухына айналады. Бұл рухтың алғашқы объективті көрінісі. Объективті рухтың ең жоғарғы көрінісі адамзат өмірінен байқалады. Азат санадағы прогресс дегеніміз, Гегель бойынша тарихтың субстанциялық мазмұны. Адам ерік - жігерінің барлық көріністері: мораль, хұқық, парыз, меншік, ар-ұждан, жанұя және т.б. Бұл арада жалпы, абстрактылы формада өмір сүреді. Жеке адам жалпыға ортақ нәрселердің бөлшектеніп кетуіне негіз болатын себеп қана болып табылады. Даму сатысы бола тұра әрбір категория ғарыштың бейнесін көрсетеді. Таным абстрактылы тепе-теңдіктен басталады, ол өзінің қалыптасу кезінде сапалық және сандық қатынастарға және олардың нақты бірлігіне тіреледі. Мән-мағына мен құбылыс өздерінің шынайылығын ақиқат өмірге, ал одан «Логиканың» үшінші бөлігіне, ұғым - түсінік туралы ілімге көшу кезеңін әзірлейді. Ұғым түсінікте идеялармен нақты тепе - теңдікке қол жеткізеді. Абсолютті идеяны ұғынып түсіну осымен аяқталмақ.

Шеллинг Фридрих Вильгельм Иозеф (1775-1854ж.ж.) - неміс философы, неміс классикалық идеализмінің көрнекті өкілі. Йенада, Эрлангенде және Берлинде профессор, Мюнхен ғылыми академиясының мүшесі, табиғат философиясы мәселесі жөнінде еңбектер сериясын жазады. Канттың идеясы мен Лейбництің тірі монадалар мен табиғаттың дұрыс күштері туралы ілімін саралай отырып, табиғатты түсінуге қайшылықтар арқылы тану идеясын енгізді. «Трансцендентальдық идеализм жүйесінде» (1800ж.) Фихтенің субъективті идеализмін өз жүйесінің объективті идеализмімен ұштастыруға тырысты. Шеллинг бойынша философия снаныз - рухани табиғаттың дамуы қалайша снаның пайда болуына жеткізеді және тек субъект қана болып табылатын сана қалайша объектіге айналады деген екі сұраққа жауап беруге тырысты. Бірінші сұраққа «табиғат философиясы», ал екіншісіне –

«трансцендентальдық идеализм» ілімі бойынша жауап берді. Шеллинг Фихтенің субъективті идеализмінен өз жүйесінің айырмашылығын мынада деп білді: Фихтелік субъектінің алғашқылығына ол өзінің табиғат философиясында объективті нәрсе бірінші болып табылатын зерттеулерін қарсы қойды. Бұл орайда Шеллинг жекелеген адамның санасын емес, қайта заттың өзін парасаттың тікелей пайымдауын немесе «интеллектуалдық интуицияны» субъект деп түсінеді. Фихтеден айырмашылығы Шеллинг «интеллектуалдық интуицияны» сананың өз қызметі жөніндегі оның ойлау сатыларының бәріне таратты.

Еркіндік туралы Шеллинг ілімі «Адам еркіндігінің мәні туралы және осыған байланысты заттар туралы философиялық зерттеулерінде» (1809ж.) одан әрі дамытылды. Еркіндік құбылысы жекелеген адамның ерлігі емес, қоғамның жетістігі деп білді. Алайда осы көзқараспен қайшы келіп, Шеллингте еркіндік мәселесі мистификацияланады, дүниедегі зұлымдық мәселесімен байланыстырылады, таза, жеке негіз еркіндіктің соңғы түп тамыры, ал ол негіздің көзі басқа жақтағы «оймен ғана жететін» дүние деп жарияланады. Шеллинг ықпалы ең алдымен Гегельде және көптеген жаратылыстанушыларда айқын байқалады, сондай - ақ ол натурфилософтар - Велланский, Павлов және т.б. славяншылдар арқылы орыс философиясына ықпал жасады.

Фейербах Людвиг (1804-1872ж.ж.) - неміс материалист философы және атеисті. Атеистік көзқарастары үшін 1830 ж. Фейербах Эрланген университетінің оқытушылық қызметінен босатылған. Өмірінің соңғы жылдарын деревняда өткізген. 1870 жылдан бастап Германияның социал-демократиялық партиясының мүшесі, бірақ марксизмді қабылдамайды. Негізгі шығармалары: «Гегель философиясына сын» (1839ж.), «Христиандықтың мәні» (1841ж.), «Болашақ философиясының негіздері» (1843ж.).

Дінге қарсы күрес процесінде Фейербах көзқарастары жас гегельшілдер идеяларынан материализмге дейін өрістеді. Материализмді жариялау және оның сол үшін күресі замандастарына зор ықпал жасады. Фейербах материализмнің ерекшелігі - антропологизм. Мұндай материализм революция қарсаңында Германияның тарихи жағдайларына және революциялық буржуазиялық демократияның идеяларына байланысты пайда болды. Фейербахтың философиялық эволюциясы Гегельдің адамның мән-мағынасына, оның өзіндік санасы арқылы түсіндіруіне сын айтудан басталады. Гегельдің философиясына жасаған бұл сын Фейербахтың жалпы идеализмнен бас тартқандығын көрсетеді. Фейербах идеализмнің дінмен етене байланысты екенін түсінген. Гегель диалектикасының идеалистік сипатын көрсете отырып, Фейербах оны қатты сынға алады. Негізінде, Гегельдің философиясын сынау, оның рационалдық жақтарын пайдалануға мүмкіндік туғызады және бұл жерде марксизмнің қалыптасуына жол ашты. Фейербах философиясының негізгі мазмұны мен мәні - материализмді жақтау. Фейербах антропологизмі бірінші кезекте адам мәселесін, оның мағынасын көтереді. Антропологизм бойынша, адам философияның ең басты пәні, ең жоғарғы өлшемі. Адам-жай

ғана биологиялық тіршілік етуші. Таным теориясында эмпиризм мен сенсуализмді жақтап, агностицизмге қарсы шығады. Фейербах антропологизмі адамды табиғаттың қарапайым бөлігі ретінде қарастырды. Оның шеңбері табиғатпен шектелген, яғни төменгі жағынан немесе табиғаттың материалистік, жоғарғы жағынан қоғамның идеалистік түсінігін берді. Себебі, Фейербах тарихты идеалистік тұрғыда түсінді. Фейербахтың идеализмі дін мен моральды зерттеуде айқын көрініп тұр. Фейербахтың түсінігінше, дін - адамның қасиетіне жат нәрсе. Дегенмен, адам екіге бөлінгендей болып, өзінің мағынасын құдай арқылы сезінеді. Сонымен, дін адамдағы «санасыз өзіндік сана» деген ұғыммен сипатталады. Адамның екіге бөлінуі оның табиғаттың дүлей күштеріне және өзін қоршаған жағдайларға тәуелді деген сезіміне байланысты. Ерекше ден қоятын мәселе-діннің әлеуметтік және тарихи тамырлары туралы пікірлері. Дінмен күресу жөніндегі айтқан басты ұсынысы-санасыздықты саналылықпен ауыстыру, яғни ескі классикалық дінді ағартушылыққа негізделген жаңа дінмен ауыстыру болды. Фейербахтың түсіндіруінше, жаңа дін дегеніміз-адамға адамның сүйіспеншілігіне негізделген қатынасы, адамның табиғатынан шығатын бақытқа деген ұмтылыс. Фейербах моральдық қағидаларды тек қана адамның табиғатына байланысты деп түсінген. Мұндай мораль, қоғамдық, материалдық өмірге байланыссыз болғандықтан, философияда жасанды, абстрактылы, тарихтан тыс қалған мораль ретінде қарастырылады. Бірақ, осы кемшіліктерге қарамастан Фейербах философиясының әрі дамуына зор ықпалын тигізді. Қазіргі идеалистер Фейербахтың антропологиялық идеяларын бұрмалап, оған идеалистік тұрғыдан түсінік беруде.

5 – тақырып. РЕСЕЙЛІК КОНТЕКСТЕГІ ОРЫС ФИЛОСОФИЯСЫ

Ресейде философиялық ой – пікірдің өз дәстүрлері мен ерекшеліктері бар. Олар көбінесе, Ресейде ғасырлар бойы орын алған мәдени - әлеуметтік процестерге байланысты. Орыс философиясының қалыптасуының алғашқы кезеңі - XI-XVII ғасырлар, ол әлемдік философиямен байланысты, бірақ оның төлтумашылығын да теріске шығаруға болмайды. Ол Киев Русінде пайда болады және 988 жылы Русің шоқынуынан басталған христиандандыру үдерісімен байланысты болды.

Осыған байланысты орыс философиялық ойында екі бағыт қалыптасты. Бұл бағыттың қалыптасуына П.Я.Чаадаев (1794-1856) үлкен рөл атқарды. Өзінің көзқарастарын ол атақты «Философиялық хаттарында» баяндады. Ол католистік Батысты дәріптеп, оны Ресейге үлгі тұтты, ал екінші жағынан, Ресейдің Батыстан айырмашылығы оның ерекше «Ғаламдық миссияда» деп айтты. Бұл екі бағыт та орыс идеясының мәні мен мағынасын қарама - қайшы кейіпте түсіндіреді.

Еуропалық үлгі бойынша, Ресейдің дамуын насихаттайтын бағыт-бұл батысшылдық. Бұл бағыттың өкілдері: А.И.Герцен, Н.П.Огарев, Н.Г.Чернышевский, К.Д.Кавелин, Т.Н.Грановский т.б. ойшылдар жатады.

Бұлар шіркеуді сынап, материализмге сүйенеді. Батысшылар Ресейдің «еуропаландыру» идеясын насихаттады және қорғады. Олар Батыс Еуропаға бағдар ұстай отырып, экономикалық және мәдени артта қалушылығын жойып, әлемдік өркениеттің толыққанды мүшесі болуы тиіс.

Славянофильдік бағыттың негізін қалаушылар: А.С.Хомяков, И.В.Киреевский, К.С.Аскаков, Ю.С. Самариндер болды. Бұлар орыстың ерекше құтқарушылық идеясын негіздеді. Бұлар батысшылдарға қарсы шықты.

Орыс философиясындағы материалистік ойлар Ломоносовтан басталады. М.В.Ломоносов 1711-1765 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Аты әлемге әйгілі бірінші орыс ғалымы. Ол философияның негізгі мәселесін материалистік тұрғыдан шешті. Ломоносов: «дүниені танып - білуге болады», – деді. Материя мен қозғалыс ажырамас бірлікте, материя үздіксіз қозғалыста болатынын айтты.

Циолковский Константин Эдуардович 1857-1935 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Орыс ғалымы және ойшылы, космонавтика негізін қалаушылардың бірі. Ол Жер төңірегі кеңістігін игеру және ғарышқа адамды қоныстандыру мүмкіндігі туралы идея айта отырып, оның өзінің, «ғарыш философиясында» дәлелдейді. Ол адам организмін қоса алғанда дүниенің сан алуандығы заттардың ерекше бөлшектері мен жойылмайтын «қарапайым рух» деп танылатын атомдар құрылымын құрайды деп санады. Әйтседе, адам олардың даму барысын бақылай алады және жаңа биологиялық тірі организм жасай алады, өзінің биохимиялық табиғатын да қайта құра алады. Циолковский көзқарасының құрамдас бөлігі «ғарыштық этика» оның натурфилософиясында негізделген барлық ақыл иелерінің «сыбайластығын» уағыздауды, басқа планетадағылармен этикалық байланыстың негіздерін жасауды, ғарышты өзгерту үшін бірлескен еңбектің қажеттігін мойындауды және т.б. қамтыған «ғарыш этикасы» болды. Көзқарасындағы жекелеген натуралистік және утопиялық элементтерге қарамастан ол адамның ғарыш кеңістігін игеру жөніндегі алғашқы теоретиктердің бірі болды. Циолковский ракеталарды ғарышқа шығарудың, ракеталардың қозғалыс (ракетодинамика) теориясының, көп сатылы ракеталар теориясының, жердің жасанды серігі, орбиталық станциялар, планетааралық байланыс теориясының және сол сияқты ракета құрылысы саласы бойынша өте құнды идеялар ұсынды. Негізгі шығармалары: «Жер және аспан жайындағы қиял» (1895ж.), «Адамзаттың қоғамдық ұйымы» (1928ж.), «Ғылыми этика» (1930ж.).

Чадаев Петр Яковлевич 1794-1856 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Орыс ойшылы және қоғамдық - саяси қайраткер. Оның философиясы табиғат пен қоғамда құдай заңының үстемдік рөлін негіздеді. Жалпы алғанда, ол объективті идеализмді ұстанып, өз көзқарастарының құрамына белгілі бір шамада жаратылыстану ғылымының идеяларын енгізді. Негізгі еңбектері: «Философиялық хаттар», «Жындының опологиясы» және т.б. шығармалары бар.

Флоренский Павел Александрович 1882-1943 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Орыстың діни ойшылы, ғалымы. Оның көзқарастары діни сенім мен

ғылыми ақиқаттарды түйістіре зерттеу әрекетінің мүмкін еместігін көрсетеді. Ол мәдениетті діннен шығарып, ғылым мен философия мүмкіндіктері арқылы православиялық қағидалар жүйесін сақтауға тырысты. Негізгі шығармалары: «Сенім азығы және ақиқат тұжырымы», «Православиялық теодицияның тәжірибесі» деген еңбектері бар.

Чернышевский Николай Гаврилович 1828-1889 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Классикалық орыс философияның өкілі, сыншыл утопиялық социализмнің теоретигі. Оның еңбектері «Полог», «Не істеу керек?» және т.б. шығармалары бар. Оның философиясы монизм сипатында және дуализмге объективті идеалистік және субъективті идеалистік монизмге қарсы бағытталған. Ол адамның нақты уайым - қайғысын басшылыққа ала отырып, эстетикалық түсініктердің әлеуметтік мәдени негізділігі туралы идеясын ұсынды.

Соловьев Владимир Сергеевич (1853-1900ж.ж.) орыс философы және діни қайраткері. Оның шығармалары: «Керексіз бастамаларды сынау», «Құдай-адамзат туралы оқу», «Жақсылықты оқтау», «Үш сұхбат», т.б. еңбектері бар. Оның ілімі баршаның «біртұтастығы» идеясы болып табылады. Ол абсолюттік, күдіреттілік аясы ретінде, ал реалды дүние осы идеяның дербестелуі және жүзеге асуы ретінде қаралады. Соловьев теологияның, философияның және ғылымның бірлігі үшін күресті «азат философия» деп атады. Оның пікірінше, бірінші дін қызметшісі мен патшаның діни және адами бірлігінің билігі ретінде шіркеулік, монархиялық, мемлекеттік шеңберіне батыс (католиктік) және шығыс (православиялық) христиан шіркеуін біріктірудің нәтижесі болуы ықтимал; мұндай утопиялық жобада орыс мемлекетіне ерекше рөл жүктеледі. Оның көзқарасынша, философияның басты мақсаты әлеуметтік - діни мұратты ұтымды ақтау.

Сонымен орыс философиясындағы ой «орыс идеясы» ағымында қалыптасты. Орыс идеясы мұнан әрі қарай отандық философияның XIX ғасыры мен XX ғасырдың бастапқы кезеңдерінде қалыптасты. Оның негізін салушылар П.Я.Чаадаев, Ф.М.Достоевский, Н.И.Бердяевтер болды. Бұл идея бойынша тек Ресей ғана христиандық негізінде бүкіл адамзаттық өркениеттік қозғалыстың басында болуы тиіс.

6 – тақырып. ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ

Қазақ философиясы мен ойлау мәдениетінің шығу тегі көне түркі заманынан басталады. V-VI ғасырларда түріктердің әліппесі (алфавиті) мен жазуы болды. Соның негізінде түріктер жазба мәдениетін тудырды. Оны мәдениет тарихында «көне түркі жырлары» деп атайды. Ол мәдени мұралар Талас, Орхон, Енисей өзендері бойынан табылғандықтан «Орхон - Енисей» руна жазулары деп аталады. Тарихқа өз төл алфавитімен өзге халықтар санаулы. Көптеген халықтар алфавитті өзге дамыған жұрттардан алған. Әрине, түркі алфавиті болған кезде тарихта қазақ этносы болмады. Бірақ түркі жазуларымен жазылған шығармалармен таныссаңыз, сол замандағы түркілер

мен қазіргі қазақ санасының арасындағы терең рухани сабақтастықты аңғарасыз.

Орта Азия мен Қазақстан жеріне ислам діні таралуына байланысты екі мәдениет, екі алфавит тайталасқа түсті. Бірі - түркі мәдениеті, түркі алфавиті, екіншісі – араб - парсы мәдениеті және араб алфавиті. Түркі алфавитін бірте - бірте араб графикасы «жеңе» бастады. IX ғасырда өмір сүрген Әбу Насыр Мұхаммед Әл - Фараби өз еңбектерін араб тілінде араб әрпімен жазды. Фараби түркі тілін білмеуі мүмкін емес, өйткені ол оның ана тілі, алайда сол заманда араб тілі ғылыми тілге айналғандықтан, туған жерден шет жүргендіктен, ол бірыңғай арабшаға ауысқан.

Фарабиден екі ғасыр кейін өмір сүрген ғұлама ойшыл Жүсіп Баласағұн «Құтадғу білік» шығармасын араб әрпімен түркі тілінде жазған. Жүсіп Баласағұнның бір жарым ғасыр кейін өмір сүрген аса көрнекті ойшыл Ахмед Яссауи өз шығармаларын түркі тілінде жазғанымен араб алфавитін қолданған.

Халқымыздың дүниетанымының ерекшелігі оның тұрмысынан аңғарылуы заңды дүние, сондықтан араб - парсы мистикалық философиясын қазақ халқы сол күйінде емес, өзінің өмір сүру тәсіл, салтына, ерекшелігіне сай қабылдаған. Көшпелі қауымға негізінен мистика жат құбылыс, сондықтан араб мистицизмі қазақ халқының санасында оптимистік, өміршеңдік арнаға түсті. Мұның ең басты дәлелі халық әдебиетіндегі, махаббат тақырыбы. Махаббат деген адамның еркіндігінің көрінісі. Бұл мистика кереғар түсінік. Бірақ махаббат дастандарын діни қасиетті кітаптардан кем бағалаған жоқ.

Философиялық әдебиетте махаббатты моральдық - психологиялық категория есебінде қарастырады, ал қазақ халқының санасында ол танымдық, гнесеологиялық ұғым. Сондықтан қазақ әдебиетінде «махаббат тақырыбын» салиқалы философиялық тақырып деп атауға болады.

Тарих атасы Герадот Анахарсисті қара теңіздің солтүстік жағалауындағы скиф тайпаларынан шыққан, жастайынан өнер білімге құмар, элладаның тілін үйреніп өскен, әскери өнерден де тағылым алған, скифтердің әдет - ғұрпын өте жетік білген, дүниенің сырын білмекке ұмтылған атақты адам деп жазды.

Ол сондай-ақ Анахарсистің ата тегін, есімін, Грекияға қалай келгенін де айтып өтеді.

Анахарсис б.д.д. VI ғ. өмірде сүрген Анахарсистің әсери өнердің қыр-сырын жетік білгендігі жөнінде әйгілі философ Диогеннің: «скиф Анахарис Гнурдың ұлы және скиф патшасы Кадпурдың бауыры еді, оның шешесі грек қызы, сондықтан да ол екі тілді де білетін. Ол скифтер мен эллиндықтардың дәстүрі, өмірді жеңілдетудің жолдары туралы жазды және әскери айла - тәсіл жөнінде сегіз жүз жол өлең шығарды. Ерекше шешендігімен көзге түсті. «Скифтік сөйлеу мәндері» деген мәтел оның осы қасиетіне байланысты қалыптасқан», - деп айтқан сөздері дәлел бола алады.

Көптеген жазбаларда сақ - скиф философы Анахарис көне дүниенің «жеті ғұламасымен» байланысты сөз етеді. Сол авторлар жеті ғұламаға Фалес, Солон, Периандр, Клеобул, Хилон, Биант және Питтактиді жатқызады.

Анахарсис туралы пікір айтқан философтар біршама, солардың арасында Секст Эмперик Анахарсисті «жеті ғұламаның бірі», - деп санайды.

VIII Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт Ата әрі кемеңгер ойшыл, әрі ақын, сазгер болып, тарихта үлкен рухани із қалдырған. Өзінің философиялық толғамдарында «өмір мен өлім» мәселелерін көтерді. Мәңгі өлмеудің жолын қиялмен іздестіреді. Аңыз бойынша, ол ақ түйеге мініп, дүниенің төрт бұрышын кезеді. Бірақ қайда барса да алдынан қазылып жатқан көр кездеседі. «Кімге қазып жатырсындар?»-деген сұрауына «Қорқыттың көрі» деген жауап алады. Содан, өлімнен қашып құтылуға болмайды екен деген қортындыға келеді. Ол пікірді оған түрлі жан жануарларда да, өсімдіктер де - бүкіл әлем ұқтырған көрінеді. Қорқыт Ата поэма, күйлер шығарып, оны қобызбен орындайтын болады. Сол себепті де «Қорқыт Ата» XX ғасырда дүниеге келген экзистенциализм философиясының орта ғасырлардағы бастауы деуге болады. Өйткені, ол өз шығармалары арқылы мәңгі өмір сүруге болатынын түйіндейді. Қорқыт Ата шығармаларын «Қоқыт Ата кітабы» деп атайды. Себебі, Қорқыт Ата дүние салғаннан кейін оның ұрпақтары Қорқыт Ата айтқан жырларды, дастандарды жинақтап, солай атап шығарған көрінеді. Кітапта 12 тарау болып кірген батырлық, елдік, адамгершілік туралы оқиғалар жырланады. Шығармалардағы оқиғаларды баяндау желісі Ә.Фирдаусидің «Шахнамасына» үлгі болған еді. Шығарма Шығыс елдеріне кең тараған. Ол - түріктерге де, түрікпендерге де, әзірбайжандықтарға да ортақ рухани Ата. «Қорқыт Ата кітабы» Ватикан мұражайында сақталған. Көшірмесін түріктер, одан біз қазақ тіліне, басқалар да өз тілдеріне аударған.

Халықтың гнесеология мен әлеуметтік философия мәселесіне келгенде қазақ қоғамдық санасындағы «Қорқыт философиясының» орны бөлек. Бұл философияның негізгі мәні мынада: «Сенің тағдырың - өз атамекенін», қиыншылықтан қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан өмір сүру үшін күресуін керек. Бұл - табиғат пен адам үйлесімділігінен туған ой.

Асан Қайғы (XV ғ.) – қазақ даласынан шыққан философ, ел қамын ойлаған данышпан - ақын. Алтын Орда құлағаннан кейін, халық аңызы бойынша, мемлекеттің ыдырағанын көріп, халыққа ыңғайлы, уайым - қайғысы жоқ, қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын «Жерұйықты» іздеп, желмаямен қазақ жерін аралайды. Талай жақсы жерлерді де, шөл даланы да көреді, бәріне тиісті бағасын береді. Бірақ «Жерұйықты» таба алмай, қайғырады. Содан ел оны «Асан Қайғы» деп атаған. Әрине, қазақ жерінде кең жазықты, көк майса шалғынды, орманды-таулы жерлер де, өзен-көлдер де бар, бірақ іздегені әлеуметтік теңдік пен рахат өмір болатын. Сондықтан оны қазақ жерінен шыққан алғашқы әлеуметтік утопист, - деп те атайды.

Халықта даналығымен, әділдігімен көзге түскен көптеген билер, жыраулар ақындар болған. Халақ арасындағы тіпті, ел мен ел арасындағы дау-дамайды, ұрыс-жанжалдарды мейлінше бейбіт жолмен шеше білген от ауыз, орақ тілді шешен билеріміздің қазақ халқы үшін сіңірген еңбектері ерен. Мәселен, аты алашқа әйгілі болған: Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке би. Билер көбінесе құбылысты астарлап ашып, түспалдап сөйлейтін шеберлігін

танытып отырған. Қазақ сөз түсінер, сөз ұғар, бір ауыз сөзге тоқтаған адамды тіршілікті өте жоғары бағалаған. Жырау - әлі қоғамдық ғылымда тереңірек зерттелмеген, сыры толық ашылмаған, күрделі ұғым. Оған Бұқар жырау, Қобыланды жырау тағы басқа сияқты тұлғалар шығармашылығы кепіл. Жырау жеке басының ғана ар - намысын, ұятын ғана ойлап қоймаған, негізінен оның мұңы халық мұңы. Ол хан мен халықтың арасындағы тұлға. Қазақ ақын - жырауларының дүниетанымы, философиялық даналық ойлары төл философиямыздың қалыптасуына рухани негіз бола алады.

Шалкиіз жырау Тіленшіұлы 1465-1560 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Оның шығармашылығы, философиялық ой кешу, жыр толғау әдістері ерекше. Ел ауызынан жазылып алынған тарихи әңгімелерге қарағанда, Шалкиіз Батыс Қазақстанда, Ноғайұлының ұлы биі Мұсаның қызынан туыпты. Әкесі Тіленші - қазақ арасындағы көп шонжардың бірі болса керек.

Шалкиіз шығармаларының өзіндік ерекшелігі - ондағы философиялық толғаныстардың молдығы. Көркем шығарма қашан да сол заманның ой - өрісімен бағаланбақ. Шалкиіздің философиялық ойлары ұзақ толғанып, өз заманын нәзік түсіне білуінің жемісі. Бұл ерекшеліктер жыраудың шалқар даналықтың, терең ақылдың иесі болғандығын көрсетеді. Осыдан келіп біздер Шалкиіз ойларының өміршеңдігін, төрт жарым ғасырдай өтсе де ұрпақ жадында ұмытылмай сақталуының сырын ұғамыз.

Ақтамберді жырау Сарыұлы 1675-1768 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Халидидің айтуынша, Ақтамберді - ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Ақтамберді шығармалары нақыл сөздерге, афоризмдік толғауларға толы. Қазақ халқының болмысы, тіршілік тынысы, ерекшеліктері, сол кездегі тарихи оқиғалар оның толғауларынан ерекше айқын көрінеді. Ол бүкіл ел мүддесін, ру, ата намысы емес, иісі қазақтың намысын қуады, елді ерлікке, бірлікке шақырады.

Ақтамберді жырларында көшпелі қазақтардың ой арманы, мақсат мүдделері, олардың бар болмысы, ерекшеліктері, дүниеге өзіндік көзқарасы аңғарылады. Бұған жыраудың «күлдір - күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауы дәлел бола алады.

Бұқар жырау Қалқаманұлы XVII-XVIII ғ.ғ. шамамен 1668 жылдары дүниеге келген.

Бұқар жырау дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ екендігін, өмір күнделікті өзгерістерге ұшырап отыратынын атап көрсетеді. Мұндай өзгерістер тек тұрмыста ғана емес, адамды қоршаған орта, табиғатта да жүріп жатады. Бұқар қарапайым тілмен емес, белгілі бір табиғат құбылысының нақты көрінісімен адам санасына объективтік шындық дүниені бейнелеп жеткізеді. Бейнелі тіл саналы ойдың жемісі, міне, осы тұрғыдан қарағанда да Бұқардың болмысы ойшыл философ, азамат ақын екендігіне көз жеткізеді. Бұқардың ақындық қуаты, азаматтығы, қазақ тарихындағы үлкен іс атқарған ірі тұлғалардың бірі екендігін көрсетеді.

Қазақ хандығынан халықтың пессимизмді Шортанбай ақынның «Зар заман», «Бала зар» деген шығармаларынан байқаймыз. Шортанбайдың

шығармаларындағы кейбір мәселелердің философиялық тұрғыдан көрініс берген. Зар заман ақындары – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай Қанайұлы 1818-1881ж.ж., Дулат Бабатайұлы 1802-1874ж.ж., Мұрат Мөңкеұлы 1843-1906 ж.ж. болды. Осынау бір ел басына күн туған қиын сәт кезеңде елдің, жердің қамын ойлап Дулат, Шортанбай, Мұрат ақындар азаттық пен еркіндікті аңсап, орыстандыру саясатына тікелей қарсы шығып, халқына отты жырларымен ұран тастады.

Зар заман ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі Дулат Бабатайұлы. Ол өз шығармаларында қайырымдылық пен зұлымдық, мырзалық пен сарандық, білім мен надандық мәселелерін талдап, шығармаларына негізгі арқау етеді. Ол қазақ қоғамы үшін қатты қобалжып, халық өміріндегі болып жатқан өзгерістерге үлкен сезімталдықпен, өз көзқарасы тұрғысынан қарап, халқы үшін қабырғасы қайысып, өз заманының күйін толғайды.

Дулат ақыннан кейінгі, онымен қатар өмір сүрген зар заман ақындарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі Шортанбай Қанайұлы болып табылады. Ақынның философиялық толғауларының бірі «Зар заман» деп аталады.

Шортанбай ақын үлкен адамгершілік мәселесін де жоғары бағалап, оның осындай қиын жағдайларға түскеніне қорғаныстан өзіміздің тұрмыс салтымыздағы төл ерекшеліктерімізді сақтап қалуға, оны бұзбауға әрекет жасайды.

Шортанбай ақын қоғамдық санада болып жатқан өзгерістерді, қазақ даласына енген жаңалықтарды қазақ қауымының жаңа тұрмыс - салтына үмтылуын өз көзімен көрді, олардың куәсі болды. Ол өмірдің осы жағын жырлай отырып, қазақ халқының болашақ мақсат мүддесін қорғады.

Зар заман ақындарының ең беделді өкілдерінің бірі Мұрат Мөңкеұлы болып табылады. «Қоныстың бәрін жоғалтқан ноғайлы, қазақ надан жұрт, бірлігінің келгісі», - деп ол тығырықтан шығар жолды білімнен іздейді. Мұрат өз заманын адамгершілік жағынан озған, отбасы қатынастарының бұзылған заманы дейді. Ол заманның бұзылуының, қайғы қасіреттің үйірілуінің себептерін іздеп, өз заманының күйіне пайымдаулар жасайды.

Дегенмен, қазақ халқы Мұраттай біртуар азаматтарының арқасында осындай қиын жағдайға қарамастан өзінің рухани мәдениетін, оның төл ерекшеліктерін сақтап қала алады. Ата қоныс мекенін, жер, суын, тұтастығын аман сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыра білді.

Қазақ ағартушылығының негізін салушы Шоқан Уәлиханов (1835–1865ж.ж.) демократтық ұлттық мәдениетіміздің көрнекті өкілі. Энциклопедист - ғалым, шығыстанушы, саяхатшы, публицист және қоғам қайраткері Шоқан Уәлиханов өз бойында шын мәнінде еуропалық білімділік пен Шығыс халықтарының мәдениеті жайлы терен түсінікті үйлестірді және қысқа ғұмырында мол да жан - ақты шығармашылық мұра қалдырды. Уәлихановтың азамат, ғалым және ойшылдық қалыптасуында орыстың озық мәдениеті мен ғылым қайраткерлерінің маңызды рөл атқарғанын атап өтуіміз қажет. Шоқан В.Г.Белинскийдің, Н.Г.Чернышевскийдің, А.И.Герценнің, Н.А.Добролюбовтың

еңбектерін оқып - үйренді, олардың көзқарастарын қарады. Шоқан діннің, әсіресе, қазақ даласында татар және молдалары таратып жүрген діни қағидалардың халыққа тигізіп жүрген зияндығын баса айтады. Қазақ жұртына бұл молдалардың айтып жүрген уағыздары «ой мен сезімнің дамуын тежейтін әлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді», - деп көрсетеді.

Қазақ ағартушылығының көрнекті өкілі, педагог - жаңашыл және жазушы Ыбырай Алтынсарин (1841–1889ж.ж.). Ыбырай дүние - танымы қалыптасуына туған ел, халық ауыз әдебиеті, озық орыс әдебиеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері елеулі әсерін тигізді.

Алтынсариннің этикалық және эстетикалық көзқарастары құндылығы және маңызы жағынан ерекше орын алады. Мысалы, жаңағы «Жаз», «Өзен» өлеңдерінде табиғаттың сұлулығы, көгөрай шалғынды көркі, күмістей сыңғырлаған суы, көк - жиектің мұнарланған сағымы шебер тілмен суреттеледі. Бұл шығармалар жастарды сулулықты, ғажайып табиғатты сүйе білуге, құрметтей білуге тәрбиелейді. Ағартушылық жөніндегі көптеген хаттары мен жазбаларында Ыбырай қазақ балаларына ән - күйден, суреттен сабақ беру керек екендігін мәселе етіп қояды. Бұдан жастарға эстетикалық тәрбие берудің маңызын жоғары бағалағандығын көреміз.

Этикалық тәрбие жөніндегі пікірлерін, ой - тұжырымдарын бағалы асыл мұра деуге болады. Ең алдымен, Ыбырайдың өз басы өте жоғары дәрежелі мәдениет иесі болғандығын айта кету керек. Оның достары мен жолдастарына жазған хаттарында кішіпейілділік пен ізгілік белгісі айқын көрінеді. Ұстазы болған Н.И.Ильминскийге жазған хаттарында үлкен құрмет пен ілтипат сезімдерін білдіріп, ал өзінің шәкірті есебінде болған А.А.Мозохинге жазған хаттарын ұдайы «сүйікті досым» деп бастайтын. Кейбіреулерге ағарту жұмысындағы кемшіліктері үшін қатты сөз айтып, реніш білдірсе, артынан артық кеткеніне кешірім сұраған көңілін білдіреді.

Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының бүкіл ұлағатты мәдениеті тарихында үлкен орын алған ұлы ақын, ойшыл - демократ, сазгер Абай Құнанбайұлы (1845–1904ж.ж.) болды. Оның шығармашылық мұрасы өлең, дастан, философиялық, проза, аудармалар мен әндерден тұрады. Абай - қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін салушы. Ол «ақынның азаматтық парызы шындықты бейнелеуде, қоғамдық кесірді әділет пен ақылды билігіне жүгіндіруде» деп білді. Дүниетанымдық мәселеде Абай, Алтынсарин секілді деизмге жақын. Құдай өз заңдары бойынша дамып жататын өлшемнің алғашқы себепшісі деп түсінді. Абай дінбасылары мен діни надандықты, фатализм мен екіжүзділікті атеизм тұрғысынан емес, Қазақстан ағартушы - демократтарының көбісінде кездесетіндей, «нағыз» дін немесе рационалдандырылған дін позициясынан сынады. Дінбасылары насихаттап жүрген соқыр сеніміне Абай ақыл мен танымды қарсы қойды.

Абай Құнанбаев өзінің аса дарындылығы, ой - өрісінің тереңдігі, халқына деген қамқорлығымен әлемге танымал болды. Абайдың дүниеге көзқарасы ойы мен қыры мол, күрделі. Оны бір жақты бағалау, бір бояумен көрсету мүмкін емес. Дүние туралы пікіріне келсек, деизмге жақын дедік. Біріншіден, сыртқы

дүниенің санадан тыс өмір сүретіндігін қуаттайды. Мысалы, қырық үшінші қара сөзінде адам «...көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады». Сонымен бірге көптеген өлеңдерінде, отыз сегізінші сөзінде жан - жануарларды, адамды, тіпті, машина, фабрикаларды Алла жаратты деген тұжырым жасайды. «Мен» және «менікі» деген философиялық мәселені қарастырып, өзіндік тұжырымға келеді. Ақынның ойынша «мен» - ақын, жан, «менікі» - адам денесі. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, «менікі» өлсе өлсін, оған бекі» деп, дене өлгенімен жан өлмейді деген қорытындыға келеді. Абай таным туралы құнды пікірлер қалдырды. Түйсіктеріміз арқылы дүниеден хабар аламыз, пайда, залалды айыратын қуаттың аты - ақыл дейді. Абайдың философиялық дүниетанымын «таза» материалистік немесе идеалистік деген түсінік сыңаржақтылыққа әкеліп соқтырады. Ол шығыс мәдениетінің қазақ жеріндегі данышпандық тұрғыдан сарапталуына қазақты іштен жеп жатқан ала - ауыздық тамырына балта шабу керектігін шақырған ұлы тұлға. Оның ойларын әрі - қарай дамытып, тарихқа өзіндік дүниетанымын қалыптастырған ойшылдардың қатарына Шәкәрім жатады.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 -1931 ж.ж. аралығында өмір сүрген. Ақын, ойшыл, композитор, аудармашы.

Ата - анасынан ерте айрылған Шәкәрім немере ағасы – қазақтың ұлы ақыны Абайдың қолында тәрбиеленді.

Өлеңмен жастайынан әуестенген Шәкәрім өмір бойы өз шығармашылығында Абай салған жолды ұстанумен өтті. Сондықтан да Абайдың шын мәніндегі шәкірті рухани мұрагері болып саналады.

Шәкәрім өз бетімен заманына сай жеткілікті білім алды. Шығыс және Батыс әдебиетін зейін қойып оқып, арап, парсы, түрік және орыс тілдерін еркін меңгерді. Алғашқы шығармаларында жастарды Абайдан үйренуге шақырады.

Шәкәрімнің 1898–1928 жылдарда жазған негізгі философиялық шығармасының бірі «Үш анық» атты философиялық шығармашылығында «адам нысап, әділет, мейрім» үшеуін қосып айтқанда ар - ұждан мәселесін көтереді. Ол адамды рухани тазалыққа, имандылыққа жетелейтін ілім - деп айтады.

Шәкәрімнің философиялық көзқарастарының ерекшелігі сонда, ол адамның ішкі рухани дүниесіне айрықша көңіл бөліп, әлеуметтік үрдістерді адамдандыруға тырысты. Қоғамдық қатынастардан адам факторын іздеді. Адамның адамдық мәніне қайшы келген қоғамдық жағдайларды аяусыз сынға алып отырады. Бірақ Шәкәрім өз заманындағы қоғамдық саяси – әлеуметтік үрдістерден адамды толыққанды адамшылыққа бастайтын жолды көре алды, тапты деп айту қиын. Қоғамдағы саяси – әлеуметтік жағдай, қоғамдық ортаны адамдандыруға мүмкіндік туғыза алмады. Бұл ойшылдың қалыптасқан қоғамдық қатынастарды жатсынуына себеп болды. Қоғамдық қатынастар адамнан жоғары тұрған кезде жатсыну басталған еді.

Сонымен Шәкәрімнің ойынша қоғам өмірінде адамдық фактор ең жоғарғы орында тұру керек. Ал патша үкіметі ұстанған саясат бұны орындап

отырған жоқ. Ендігі мақсат рухани еркіндікке жету. Ол үшін адамның еркіндігін көксеген қоғам орнату қажет. Қоғамдық өмірде Шәкәрім үнемі адамды ең басты орынға қойып, оның бақыты мен болмысын әрқашанда негізгі мәселе ретінде қарастырады. Алдыңғы қатарлы демократиялық орыс мәдениеті, империяның отаршылдық саясаты, Еуропа мен шығыстың рухани мұралары, мұсылмандық пен христиан мәдениеті ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы рухани өмірге тікелей ықпалын тигізген негізгі қайнар көздер болды. Міне, осы ғасырлар тоғысындағы адамның рухани дамуы, ойлау еркіндігі, қаншалықты дамуда, қай жолмен жүрген дұрыс деген сұрақтар Шәкәрімді толғандырмай қоймады. Ресейдегі христиан дінінің ендігі жердегі шынайы адамшылықтан алшақ кеткендігін айтып кеткен жөн. Бұл жолда қоғамдық ортадағы адамның еркіндігі, бақыты туралы мәселе Шәкәрімді толғандырған негізгі мәселе болды.

Көптеген орыс және Шығыс әдебиетінің Шәкәрім қаламынан туған ұлы Абайдың реалистік дәстүрі жалғастырушы ұлы ойшыл ақын Шәкәрім шығармашылығы өзінің кең тыныстылығымен, шыншыл да сыншыл әуенімен ерекшеленеді.

Оның әдеби мұрасы сан алуан: философия, дін, әдет - ғұрып тақырыбы. Шәкәрім ғұлама ғалым әрі философ ретінде танылады.

Қазақ философиясы - адам және оның өмір сүру философиясы. Халықтың «жалған өмір» туралы түсінігі тек діни - пессимизмге құрылмаған, ол белсенді іс - әрекетті де жоққа шығармайды. Жалпы бостандықты, еркіндікті сүйетін, кең даласы сияқты кеңпейілдігі бар халықтың соған сай философиялық дүниетанымы, ой - пікірлері болуы заңды дүние.

Ұлт өз дүниетанымын тілі, діні, фольклоры арқылы білдіріп отырады. Демек, ұлттық ойлауды зерттеу үшін негізгі сүйенетініміз - халықтың мәдениеті, рухани мұрасы, өмір сүру тәсілі, діни наным, күнделікті тұрмыста қолданылатын әдет - ғұрпы, салт - санасы, халықтық деңгейде қалыптасқан образдары, дүние туралы халықтың ұлттық бейнесі және т.б. жатады. Қазақтың ұлттық философиясы тек философия үшін қажет емес, ол ұлттың өзін-өзі тануы үшін қажет. Өз тілінде философиясы болмаған халықтың мәдениетті, өркениетті ел деп айту өте қиын.

Халқымызда философиялық ой - толғаныстар молынан бар, мәселе соның бәрі рет - ретімен терең меңгеріп және танып, халықтың өз рухани керегіне, ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуіне жарату. Халықтағы терме айтыс өнерлері өз құндылығы бар дүниелер. «Терме» тек қана мораль философиясы ғана емес, сонымен қатар ол халқымыздың ойлау тәсілінің ерекшелігін білдіретін мәдени құбылыс. Осы тарихи мұраны философиялық тұрғыдан тереңірек зерттегеніміз абзал. Ал айтыс дегеніміз диалектикаға өзек болған пікір-сайыстың поэтикалық формасы. Бүгінгі айтыста ақындар ұлттық, халықтық мүддеге қатысты терең ойлар деңгейіне көтерілуге тырысуда. Ежелгі Грек елінің Ұлы ғұлама философы Платон бар шығармаларын пікірсайыс формасында жазған. Осы көне философиялық дәстүрде қазақ өзінше өнер саласында тамаша қолданған.

Қазақ философиясы өзінше бөлектеніп өмір сүрмек емес және ол дүниежүзілік мәдениет шеңберінде қарастырылғаны жөн. Ал «Ұлттық философия» - халықтың дүниетанымы ретінде жалпы философия деген білім саласының белгілі бір ұлтқа қатысты нақтылы көрінісі. Ұлттық философияның пәні - ұлттық ойлаудың ұлттық болмысқа қатынасы, халықтың дүниетанымы.

7 – тақырып. КЕҢЕСТІК ДӘУІРДЕГІ МАРКСТІК ФИЛОСОФИЯ

Марксизм философиясының пайда болуының тікелей әлеуметтік алғышарты - өнеркәсіптік жұмысшы табының дамуы және оның революциялық қызметінің өсуі болып табылады. Марксизм философиясының дүниеге келуінің ғылыми себептері де болды. Марксизм философияның пайда болуына үлкен үш жаңалық әсер етті: 1) Клеткалардың ашылу заңы; 2) Энергияның сақталу заңы; 3) Дарвинның эволюциясы;

Бұл кездегі ұлы ғылыми жаңалықтар табиғатта да, қоғамда да барлық құбылыстар бір - бірімен тығыз байланыста және ұдайы даму үстінде болатынын дәлелдеді. Марксизм философиясының негізін қалаушылар: К.Маркс, Ф.Энгельс болып табылады.

XVII-XVIII ғасырлардағы буржуазиялық революциялар бірқатар еуропалық елдерде ғасырлар бойы мызғымас берік сияқты болып келген феодалдық қоғамдық құрылысты қиратқаны белгілі. Буржуазияның саяси өкіметті жеңіп алуы капитализмнің дамуына, әсіресе XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы өнеркәсіптік революцияның нәтижесінде жылдамдата дамуына жол ашты. Мұның қажетті нәтижесі, бір жағынан, ірі машиналы индустрия, екінші жағынан, ең революцияшыл тап пролетариаттың дамуы болды.

Бірақ капитализм дамуының нәтижесінде еңбек өнімділігінің артуы және қоғамдық байлықтың өсуі еңбекшілердің тұрмысын жақсартпады. Керісінше, қоғамның бір бөлігінде, буржуазияның қолында мол байлық жиналып жатса, екінші бөлігінде еңбекшілердің, әсіресе пролетариаттың қайыршылығы арта түсті. Ұсақ өндірушілердің жаппай пролетариаттануы, жұмысшылардың, оның ішінде әйелдер мен балалардың еңбегін аяусыз қанау, төзгісіз тұрғын үй жағдайлары, адам айтқысыз штрафтар мен қысым көрсетулер, әсіресе оқтын - оқтын қайталанып отыратын экономикалық дағдарыстар кезінде (1825 жылдан бастап) арта түсетін жұмыссыздық - мұның бәрі капиталистік өмір шындығының бұрын болмаған көріністері - еңбекшілердің ашу - ызасын тудырады.

Жұмысшы табының азаттық күресінің ғылыми теориясын К.Маркс пен Ф.Энгельс жасады. Олар жұмысшы табының ұйымдаспаған бытыраңқы стихиялық көтерілістерін ұйымдасқан саналы қозғалысқа айналдыру қажеттігін, ал ол үшін жұмысшы қозғалысын ғылыми - социалистік теориямен қосу, оны қосатын ғылыми теориямен қаруланған ұйымшыл жұмысшы партиялары екенін дәлелдеп берді.

Пролетариат өзін азат ету үшін бүкіл еңбекші халықты азат етуі қажеттігін, ал бұл үшін адамды адамның қанауын тудыратын экономикалық негіздерді жойғанда ғана бүкіл қоғамды әлеуметтік бостандыққа жеткізуге болатынын

жайында қорытынды жасады. Маркс пен Энгельс бұл қорытындыны бүкіл қоғам өмірін, ең алдымен капитализмнің дамуын өздері жасаған ғылыми - философиялық көзқарас - диалектикалық және тарихи материализмді басшылыққа ала отырып зерттеудің нәтижесінде жасады.

К.Маркс пен Ф.Энгельстің өткеннен қалған философиялық мұраны сын көзбен қайта өңдеуі және өздері жүзеге асырған философиядағы революциялық төңкерісі өзара байланысты біртұтас процесс. Оның негізгі мазмұны - дүниеге ғылыми - философиялық көзқарасты қалыптастыру, одан әрі дамыту болды.

Әрине, Маркс пен Энгельс диалектикалық материализмді бірден жасап, жұмысшы табының ғылыми көзқарасының негізін бірден қалаған жоқ. Олар өздерінің теориялық және қоғамдық - саяси қызметінің бас кезінде идеалист болды, Гегель философиясынан революциялық және атеистік қорытындылар жасамақ болған гегельшілдер мектебінің солшыл өкілдеріне (жас гегельшілдерге) қосылды. Бірақ басқа жас гегельшілдерге, қарағанда, Маркс пен Энгельс тіпті өздерінің алғашқы шығармаларында - ақ революцияшыл демократтар ретінде, қалың еңбекші бұқараның мүдделерін қорғаушылар ретінде көрінеді.

Өткен замандардың философтары көтерген, бірақ шеше алмаған сұрақтарға жауап табу үшін Маркс пен Энгельс ең алдымен теориялық және саяси қызметтің бастапқы дұрыс тірек пунктін табуы қажет болды.

Олар үшін ондай бастапқы пункт адамды адамның қанауының барлығына қарсы, әлеуметтік езгі мен теңсіздіктің экономикалық және саяси негіздеріне қарсы күрес болды. Еңбекші адамды құлдыққа түсірудің қандайын болсын дәйекті революциялық тұрғыдан терістеудің нәтижесінде ғана материалистік диалектиканы жасауға болатын еді. Әбден кедейленген, нағыз революцияшыл еңбекші таптың тұрмыс жағдайын, мақсат - мүддесін күрес негізі етіп алғанда ғана тарихты материалистік тұрғыдан түсіну мүмкін еді, ал бұл қоғам дамуындағы шешуші күш еңбекші бұқара және ол жүзеге асыратын материалдық өндіріс екенін ашуға көмектесті.

Кейбір философтар Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмін Гегельдің диалектикалық (идеалистік) әдісі мен Фейербахтың метафизикалық материалистік теориясының жай қосындысының нәтижесі түрінде түсіндіреді. Бұл марксизм классиктерінің философияда жасаған революциясының мәнін түсінбеушілік, одан қалды, ашықтан - ашық тұрпайыландыру болып табылады, өйткені материализм мен идеализмді, диалектикалық және метафизикалық ойлау әдістерін бір - бірімен қосу мүлдем мүмкін емес - олар бірін - бірі терістейтін қарама - қарсы ағымдар.

Шынында, марксизмнің философияда жасаған революциялық төңкерісінің мәні неде, ол неден көрінеді?

Марксизмнің негізін салушылар жаңа заманның материалистік ілімін, Фейербахтың философиясын қоса, диалектикалық тұрғыдан жан - жақты талдап, оны механистік және метафизикалық сипаттардан тазартты. Олар сондай - ақ Гегельдің диалектикалық әдісін материалистік тұрғыдан өңдеп, табиғат пен қоғам құбылыстарын ғылыми зерттеуге кедергі болатын идеалистік

мазмұнынан тазартты, сөйтіп «басы, төмен карап тұрған диалектиканы аяғына қойып» дұрыстады, яғни ғылыми материалистік теорияны ғылыми диалектикалық әдіспен табиғи біріктірді. Осы тұрғыдан алғанда материалистік диалектиканы тек әдіс деп, ал философиялық материализмді тек теория деп қана түсіну үстірттік болар еді. Материалистік диалектика шындығында тек әдіс емес, ол сондай - ақ даму жайындағы теория - табиғаттың, қоғамның және танымның ең жалпы даму заңдары жайындағы ілім, ғылыми теория. Философиялық материализм теория ғана емес, сондай - ақ болмысты белгілі бір тұрғыдан түсіндіретін материалистік әдіс. Қорыта айтқанда, марксистік әдіс диалектикалық қана емес, сондай - ақ материалистік, ал марксистік теория - материалистік қана емес, сондай - ақ диалектикалық әдіс. Демек, марксизм философиясында материализм мен диалектика біріне - бірі тәуелсіз екі құрамдас бөлшек емес, біртұтас ілім, өйткені ол бейнелендіретін шындық дүниенің өзі - бір мезгілде әрі материалдық, әрі диалектикалық дүние.

Сонымен, дүниеге диалектикалық - материалистік көзқарастың жасалуы, материализмнің диалектикалыққа айналуы, материалдық дүниенің және оны танып - білудің ішкі диалектикалық процесінің ашылуы Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісінің ең бірінші көрінісі болып табылады.

Марксизмге дейінгі материализм жай пайымдаушылық сипатта болды: оның өкілдері дүниені практикадан тәуелсіз, адамдардың дүниені өзгертуге бағытталған мақсатты іс - әрекетіне байланыссыз - ақ танып білуге болады деп санады. Диалектикалық материализмнің негізін салушылар, керісінше, адамдардың дүниені танып білуінің негізі практикалық іс - әрекет, оның ішінде материалдық игіліктер өндіруге бағытталған мақсатты іс - әрекет екенін терең түсіне отырып, таным теориясына практика критерийін енгізді, практика танымның негізі және ақиқаттылықтың өлшеуіші, анықтаушысы деген қағиданы енгізді. Сөйтіп, Маркс пен Энгельс теория мен практиканың табиғи бірлігін қамтамасыз етті. Бұл да марксизмнің философияда жасаған революциялық төңкерісінің көрінісі болды.

Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісінің ең айқын көрінісі тарихтың материалистік ұғымының жасалуы болды, өйткені Маркстен бұрынғы материалистердің бәрі тек табиғат құбылыстарын түсіндіруде ғана материалист еді, ал қоғам өміріне келгенде олардың бәрі идеализм шеңберінен шыға алмады, қоғам өміріндегі шешуші күш сана, рухани бастама деп түсінді, өйткені, деді олар, адамдарды түрліше іс-қимылға бастайтын идеялық мотивтер, адамдардың мақсат - мүдделері деді, бірақ бұл идеялық мотивтерді тудыратын түпкі себептерді ашып бере алмады.

Диалектикалық материализмнің негізін салушылар адамды қимылға, іс - әрекетке бастайтын идеялық мотивтермен шектеліп қалмай, бұл соңғылардың шын себебін ашты; ол себеп адамдардың материалдық игіліктер өндіруге бағытталған қызметінде екенін дәлелдеп берді. Олар идеологиялық қатпаршақтардың астында жасырынып келген мынадай аса қарапайым фактіні ашып берді: «адамдар саясатпен, ғылыммен, өнермен, дінмен т.б. айналысу

үшін алдымен жеуі, ішуі, киінуі тиіс, баспанасы болу керек, ал бұларды өндіру керек» деді Ф.Энгельс К.Маркс ашқан адамзат тарихының даму заңы жайында айта келіп. Әрине, бұл қарапайым фактілер Маркс пен Энгельстен әлдеқайда бұрын белгілі болатын. Бірақ олар, бұрынғы материалистер сияқты, бұл қарапайым фактіні айтумен тоқтап қалған жоқ, бұлар сияқты толып жатқан қоғамдық құбылыстардың негізінде терең жатқан заңдылықтың мәнін ашты, атап айтқанда, адамдардың алуан түрлі іс - әрекет, қимылдары материалдық игіліктер өндіру тәсіліне тәуелді екен, ал бұл өндірістің барысында адамдар өздерінің еркінен тыс, тәуелсіз өндірістік қатынастар орнатады екен. Қоғам өмірінің негізі бүкіл басқа идеологиялық, саяси т.б. қатынастарды айқындап беретін түпкі базисі - өндірістік қатынастардың жиынтығы екен.

Маркс пен Энгельс диалектикалық материализмді дәйекті түрде қоғам өміріне, тарихқа қолдана отырып, тарихи материализмді жасады, қоғамдық болмыстың біріншілігі, қоғамдық сананың екіншілігі жайындағы оның негізгі мәселесін тұжырымдады: адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы қандай болса, жалпы алғанда олардың ой - санасы соған сәйкес болатынын т.б. негіздеп берді.

Қысқасы, Маркс пен Энгельс, өздерінен бұрынғы материалистер сияқты, жарты жолда тоқтап қалмай, материализмді дәйекті түрде аяғына дейін жеткізіп, дүние жайындағы біртұтас ғылыми - философиялық ілім - диалектикалық және тарихи материализмді жасады.

Маркс пен Энгельске дейінгі философтар өздерінің философиялық системасын бұдан былай өзгермейтін, түпкілікті тағайындалған абсолюттік ақиқат деп санады. Гегель, мәселен, өзінің философиялық системасын абсолюттік ақиқат деп жариялады. Марксизм философияға деген мұндай көзқараспен келіспеді де, өзінің философиялық іліміне түпкілікті тағайындалған ақиқат деп қарамай, ғылымның және қоғамдық практиканың даму барысында өзгеріп, айқындала және байи түсетін ілім деп қарады.

Философияның ғылымилығының өзі сол, ол ешқашан аяқталып біткен ақиқат бола алмайды, өйткені өмірдің өзінде дамуы аяқталған, енді өзгермейтін, дамымайтын ештеңе жоқ. Өзгермейтін «түпкілікті ақиқатқа» талпыну теорияны өмірден қол үзген догматизмге әкеп соқтырары сөзсіз. Біздің іліміміз, деді Энгельс өзі мен өзінің ұлы досы жайында, догма емес, іс - әрекетке деген жетекші. Бұл сөздер марксизм философиясының жасампаздық ілім екенін қысқа да айқын атап көрсетіп отыр. Марксистік философияның принциптері мен қағидалары қоғамдық дамудың практикасымен, ғылым мен тәжірибенің жаңалықтарымен әрдайым толығып, байып отырады. Мұнсыз ол жасампаздық сипаттан жүрдай болар еді.

8 – тақырып. ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ БАТЫС ЕУРОПА ФИЛОСОФИЯСЫ

Қазіргі заманғы Батыс философиясында толып жатқан, кейде бір - біріне қарама - қарсы ағымдар бар. Әрбір дерлік ағымда бір - біріне қарама - қарсы

бағыттар да бар. Қазіргі батыс философиясында толып жатқан ағымдар мен бағыттар бар.

Неопозитивизм бағытына тоқталайық. Бұл философиялық бағыт ағылшын тілінде сөйлейтін елдерде кең тараған. Оның өкілдері: Р.Карнап, Л.Виткенштейн, Б.Рассел, А.Айер және тағы да басқа неопозитивизм – ХІХ ғасырдың 30 жылдарында пайда болған субъективті идеалистік бағыт – позитивизм идеяларын жаңа тарихи жағдайларға және деңгейіне сәйкес әрі қарай дамыту болып табылатын философиялық ағым. Сондықтан да ол үшінші позитивизм деп аталады.

Неопозитивистердің ілімі бойынша, философия тек тілдік нормаларды талдаумен және тілдік пайымдау құру ережелерін жасаумен айналысуы тиіс.

Прагматизм қазіргі заманғы субъективтік идеализмның американдық түрі. Оның басты өкілдері Ч.Пирс, У.Джейм, Дж.Дьюи т.б. Прагматизмді жақтаушылар дәстүрлі философиялар адамдардың күнделікті іс - әрекеті үшін пайдасыз, өйткені «болмыс», «сана», «материя», «идея» деген сияқты дерексіз ұғымдармен айналысқандықтан, адамдардың мақсат – мүдделеріне қызмет етпейді, сондықтан ондай дерексіз жалпы проблемаларды, мәселен, объективтік шындықтың мәні, философияның негізгі мәселесі жайындағы мәселелерді тағы басқаларды лақтырып тастап, тікелей практикалық істермен айналысса ғана олар дағдарыстан шыға алады деп дәлелдеуге тырысады. Демек, философияның міндеті, дейді олар, дерексіз бос сөзбен айналыспай, адамдардың бақытты тұрмысқа жетуіне көмектесуде. Прагматизмнің негізін қалаушылар біз бүкіл ескі философиядан үзілді – кесілді бас тартып, жаңа философия жасадық деді кезінде. Өздерінің жаңа философиясының бастапқы негізгі ретінде олар адамды, адамның практикалық іс - әрекетін ұсынды, бірақ олар «практика» ұғымының мәнін мүлдем басқаша түсінді – прагматизм практикада деп жеке адамдардың қара басының мүддесіне сәйкес пайда табуды, табысқа жетуді түсінді.

Экзистенциализм – ХХ ғасырдың орта шегінде Батыста ең кең тараған субъективтік – идеалистік философияның бірінен саналады. Экзистенциализм капитализмнің жалпы дағдарысының идеологиялық бейнеленуінің бір формасы болып табылады. Оның ірі өкілдері М.Хайдеггер, Г.Марсель, Ж.П.Сартр, А.Камью және т.б.

Экзистенциализм немесе «өмір сүру философиясы» буржуазиялық философиясының иррационалистік бағыттардың біріне саналады. «Экзистенция» ұғымы экзистенциализмде ерекше роль атқарады, оның барлық философиялық қағидаларының бастапқы негізін құрады. Бірақ экзистенциализмнің бастапқы негізі материяның, заттар дүниесінің өмір сүруі емес, жеке адамның өмір сүруі, оның көңіл-күйі, сезімі, ішкі талпынысы, яғни өзінің психикалық сезім құбылыстарының жиынтығы арқылы көрінетін субъектінің өмір сүруі. Міне осыдан философияның міндеті келіп шығады – болмыстың ең жалпы формаларын зерттеу емес, сыртқы дүниенің және танымның мәнін ашу. Адам өз болмысының мәнін түсіну арқылы ғана өзінен тыс сыртқы дүниеде не бар екені жайында пікір айта алады.

Экзистенциалистер адамның табиғатын ғылыми тұрғыдан танып білуін жоққа шығарады, өйткені адам табиғаттың ішкі сырын, оның өмір сүруінің мәнін ашу олардың философиясының мақсатына қайшы келеді.

Ж.П.Сартрдың әйгілі тұжырымын еске түсірсек, «тірлік ету мәнінен бұрын пайда болды». Демек, өз өмірімен өзі мағына беріп, ақылды мақұлыққа айналуы тиіс. Адам өз - өзіне не жасаса, сол болғаны. Басқаша айтқанда, бар болу дегеніміз - өз - өзіне еркін міндет жүктеу арқылы өзінді тандау. Бұл еріктіліктен бас тарту мүмкін емес, себебі бұл толық еркіндік, адам тек еркіндік үшін жаралған. Міне, осыдан оның метафизикалық жан түршігуі: ол өзінің жоқтан пайда болғанын сезінумен қатар мағынаға жетудегі тандау көмескілігін де сезінеді.

Фридрих Ницшенің басты шығармалары: «Трагедияның дүниеге келуі», «Уақытылы емес ой - толғаулар», «Тарихтың өмір үшін пайдасы мен зияны» және т.б. еңбектері бар.

Ницше неміс философы. Ол «өмір философиясының негізін салушы». Оған адамның жаңа нұсқасы туралы ұғым қажет болды. Ол адам өлген Тәңірінің орнын басуға тиіс еді. Ол үшін ол өз - өзіне асып түсуге тиіс. Сондықтан Ницше өз - өзінен мақсат қойған адамды құдай туралы ертегісіз өмір сүре алатын адамды асқан тұлға (сверхчеловек) деп атаған. Асқан тұлға бұрынғы құндылықтардың адамын артқа қалдырып, одан асып түседі. Сөйтіп барлық құқықтардың орнатылуын таза биікті құруына жүктейді. Міне, асқан тұлға дегеніміз осы биікті жүзеге асырушы қаһарман тұлға. Сөйтіп, Ницшені ұғу үшін, асқан тұлға ұғымдардың жеке болмысы мен өзара байланысында зерделегеніміз жөн.

Мартин Хайдеггер (1889-1976) – неміс философы, Гуссерльдің шәкірті. 1914ж. «Психологизмдегі пікір туралы ілім» деген диссертациясын жарыққа шығарды. Бұл шығарманың өте ықпалды болуының себебі, (мысалы, Сартр бұдан «Болмыс пен ештеңенін» бүкіл талдау тәсілін алса, Камью «абсурд» ұғымын алған) мұнда адамның белгілі жағдайда түсуі терең экзистенциалдық талдаудан өтеді. Бірақ сәл кейінірек философ «Болмыс пен уақытқа» кіріспе жазып, ең басты назарды адамға емес, болмысқа аударды. Хайдеггерше, болмысты ұмыту батыс философиясының тағдырына айналған, оны осы ұмытшағынан құтқару керек. Осы кезден бастап болмыс туралы ілім қалыптастыру Хайдеггердің өмірлік мақсатына айналды. Хайдеггер осы болмыс ақиқатының жалғыз жаршысы ретіндегі ақындық тілді талдауға жақын. Қатаң ойдан гөрі шабытты ойға берілгіш, тәжірибеден тыс таза мағынасы зерделенеді. Бұл тәсіл қиялдың еркін нұсқалары деп аталады. Трансценденталды редукцияда субъекті мен объекті бір - біріне байланысты, жаңа мағына жасайды.

К.Ясперс (1883–1969) неміс ойшылы және психиатры, экзистенциализм ілімінің беделді өкілдері. Оның «Тіршілік ету философиясы» деген еңбегі бар. Оның түсінігінше, экзистенциализм біздің нақты болмысымыз және трансцендентті ұмтылыстарымыз арасындағы ғылым мен дін арасындағы айырмашылық. Ол жеке адамның құлдырау бейнесін емес, қайта адамның өз

даралығын ширыға іздестіруін көреді. Осы жанға батарлық ізденістерді нағыз философияға салынудың ұйтқысы деп санаған. Ясперстің ойынша, болмыстың шын мағынасы аса терең күйзелістер (ауру, өлім, кешірілмес күнә және т.б) кезеңінде ашылады. Нақ осы сәттерде адам өзінің күнделікті қам – қарекетінен (дүниедегі нақты болмысынан) және өзінің идалдық мүдделері мен өмір шындығы туралы ғылыми түсініктерінен (трансцендентальдық өзіндік болмысынан) арылады. Оның алдынан өзінің оңаша тіршілігінің (экзистенцияның нұрлануы) және оның құдайды (трансценденттік) танып білу кезеңінің есігі ашылады, - деген.

Э.Гуссерель (1859-1938) феноменологияның негізін салушы. Оның ойы бойынша, әлем дегеніміз әлемнің санада құбылуы. Зерттеушінің назары әлемге емес, әлемдегі заттарға емес, соларды ұғынудағы сананың әрекетіне аударылуға тиіс. Әлемнің санада құбылуы феномен деп аталады. Болмыс оның санадағы құбылуы ретінде алынғанда ғана біз нағыз танымға, таза ақиқатқа жете аламыз. Сананың басты сипаты ретінде феноменология интенция саналады. Интенция дегеніміз—сананың затқа бағытталуы. Гуссерель енді өзі психологизм деп атаған бұрынғы көзқарасын сынайды. Логика мен математиканың негіздерін эмпирикалық ғылым - психологиядан іздеу керек емес,-дейді. Тек априорлы ғылым ретінде философия ғана рационалды ұғымдарды негіздей алады. Бірақ философия дескриптивтік феноменологиямен толықтырылуы қажет. Дүние қалай болса, оны сол күйінде алу керек, «заттардың өзіне қайтуы қажет» дейді. Гуссерель феноменологиясы заттар мәнділігін таным актілерінен табылады. «Логикалық зерттеулердің» екінші томында жан-жақты қарастырады. Гуссерель барлық діндік құбылыстарда интенционалдық бар дейді. Ол философияның өзі натурализм мен тарихшылдық деп атаған ағымдарды сынға алады. Философия рефлексиялық ілімге айналу керек. Бұл жағдайда таза сана немесе трансцендентальдық Эго деп дараланып, ол үшін барлығы объектілерге айналады. Сана объектілері таза мәндер немесе эйдостар болып көрінеді. Және феноменологияның міндетіне оларды суреттеп беру жатады.

Герменевтика – тексттердің мәнін талдау мен дәріс оқу әдісі, философиядағы ағым. Герменевтика тексттердің методикалық тексерілген талдауы мен теориялық негіздеуі ретінде өңделген. Герменевтика негізгі талдаудың жалпы теориясы ретінде Ф.Шлеермахермен енгізілген. Дильтей герменевтиканы гуманитарлы білімнің әдістемелік негізінде дамытты. Тексттің мазмұнын әлеуметтік - экономикалық «себептермен» немесе мәдени - тарихи феноменологияға реттеу мүмкіндігі феноменологияға жатқызылған герменевтика адамдық болмыстың феноменологиясы, ал адам болмысының онтологиялық құралдарын оған сай адамзат тіршілігі болуы мүмкін шарттар көрсетеді.

Иррационализм табиғатты логикалық байланыстырады жоққа шығарады, қоршаған әлемді жалпы және заңға сыйымды жүйе ретінде даму идеясын сынады.

Иррационализмнің көрнекті өкілі А.Шопенгауер болды. Ол Гегель тарихы мен диалектикасына қарсы шықты, өз философиясының әмбебапты принципі ретінде волюнтаризмді жариялады, оған сәйкес қоршаған ортадағының барлығын анықтайтын басты қозғалатын күш болып бостандық табылады. «Әлем бостандық пен көрсетілім ретінде» (1819-1844) кітабында жеткілікті негіздің логикалық заңын көрсетті. Бұл заңға сәйкес, шынайы философия объектіден де емес, субъектіден де емес, сана дәлелі болып табылатын ұсынымнан шығады. Ұсыным субъекті мен объектіге бөлінеді. Ұсыным объектісінің негізінде жеткілікті негіздеулі жатыр, ол төрт дербес заңға ажыратылады: 1) болмыс заңы – кеңістік; 2) себеп заңы – материалды дүние үшін; 3) логикалық негіздеу заңы – таным үшін; 4) дәлел заңы – адам әректі үшін.

Ал С.Кьеркегор (1813-1855) философия адам мәселелерін оқуы керек деп есептеді. Негізгі еңбегі «Немесе - немесе», - деп аталады. Ол келесі түсініктерді көрсетті: тіршілік – адамның қоғамға толық бағынышы, «барлығындағыдай өмір», «ағынмен жүзу», өз «менін», шындық атауға табусыз; нағыз тіршілік – қоғаммен басылатын күйден шығу, есті таңдау, өзін - өзі табу, өз тағдырының басшысы болуға айналу; нағыз тіршілік экзистенция болып табылатын адам оның үш кезеңінен өтеді: эстетикалық – адам өмірі сыртқы дүниемен анықталады; этикалық – адам есті таңдау жасайды; діни – адам өз бейімділігін терең түсінеді;

Сциентизм барлық әлеуметтік мәселелерді шешуге деген қабілеттілік негізімен байланысты, философия – дүниетанымдық бағыт.

Антисциентизм. Оларға талдау ғылымның келеңсіз бұзылуы ретінде ғылымның әсері талданды.

XX ғасыр философиясының тақырыбы Батыс Еуропалық мәдениеттің құлдырау анализі болды.

Шопенгауэр Артур (1788-1860) неміс - идалист философы. Негізгі еңбегі «Еріктілік және түсінік іспетті әлем» болып табылады. Ол дүниені ғылыми тұрғыдан түсінуге метафизикалық идалимді қарама – қарсы қойды. Канттан санаға байланысты түсініктер ретіндегі құбылыстар идеясын алған Шопенгауэр «өзіндік заттың» танылмайтындығын жоққа шығарып, дүниенің мәні парасатсыз дүлей ерік болып табылады деп пайымдады. Оның волюнтаристік идеализмі, (Волюнтаризм – иррационализмнің формасы) дүниеге үстемдік етіп отырған ерік табтғат пен қоғамның заңдылығын және сол арқылы ғылыми танымның мүмкіндігін жояды. Ол озық реалистік өнерге қарсы күресе отырып, өмір шындығын текке шығаратын және адамдардың өмірлік мүдделеріне жат әсемдікті уағыздады. Шопенгауэр идеялық көркем шығармашылыққа көркемдік түйсіктің мақсатсыздығын, енжар пайымдауын қарсы қойды. Оның философиялық жүйесі буддизмнен алынған «нирвандардың - өмірге деген ынтаны» жоятын мүлдем енжарлықтың мистикалық мұратымен аяқталады.

Шпенглер Овальд (1880-1936) неміс – идалист философы. Негізгі еңбегі «Европаның құлдырауы» болып табылады. Ол тарихи прогресс ұғымын теріске шығарып, тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге фатализмді қарама –

қарсы қояды. Шпенглер тарихи релятивизмнің жақтаушысы. Ол бүкіл дүниежүзілік тарихи дамудың заңды бірлігін жоққа шығарады. Онда тарих бірқатар тәуелсіз, жеке тағдыры бар және күйреу кезеңдерін бастан кешіретін ерекше организмдерге бөлінеді. Тарих философиясының міндетін Шпенглер «мәдениеттің жаны» негізіне алады. Шпенглерге сәйкес, Батыс мәдениеті құлдырау сатысына аяқ басты.

Семиотика XX ғасырда дүниеге келген кибернетика, құрылымдық поэтика, мәдениеттану, вертуалистика сынды пән аралық күрделі ғылымдарға жатады. Семиотиканың дінгегін белгілі ұғым құрайды. Белгілі деп белгілер жүйесінің немесе белгілі бір ақпараттар тасушы тілдің өлшемдік бірлігін айтады. Семиотика термині алғаш рет Дж.Локктың «Адам – ақыл парасаты жайында» атты еңбегінде белгілер туралы жалпы ғылым мағынасында пайдаланған. Семиотиканың принциптерін алғашқылардың бірі болып американ логигі Ч.С.Пирс қалыптастырды.

Неотомизм – XX ғасырдағы діни философия, объективтік идеализмнің қазіргі заманғы бір түрі.

Неотомизмнің ең белгілі өкілдері: Ж.Маритен, Э.Жильсон, Й.Бохеньский т.б. Неотомизм объективтік – идеалистік философия ретінде ортағасырлық схоластика ілімін жай қайталап қана қоймайды. Оның ілімі мен діни қызметі әлде қайда кең ауқымды: неотомистер қазіргі заманғы ғылымның жаңалықтары мен теорияларына идеалистік тұрғыдан түсіндірме беруді, сөйтіп ақыл - парасат пен діни сенімді, ғылым мен дінді ұштастыруды өз философиясының басты бір міндеті етіп қойды. Ғылыми – материалистік көзқараста қарсы күресу олардың қызметінде маңызды орын алды.

Персонализм философиясының ғылымға жат екені, оның үстем таптардың мүддесін қорғайтыны айдан анық. Бұл философия еңбекші халықтың санасын дінмен уландырып, қанау мен қайғы – қасіреттің шын себептерін бүркемелеп қоюға тырысады.

Қазіргі батыстық философияда мынадай ағымдар және олардың тармақтарын атап өттік: позитивизм, непозитивизм, экзистенциализм, иррационализм, неотомизм, персонализм, прагматизм, феноменология, герменевтика және т.б. түрлері бар. Бұлардың барлығы сайып келгенде, субъективтік идеализмдердің бағытын ұстайды. Сонымен бірге, бұл бағыттар қазіргі жаратылыстану және басқа да ғылымдарға біраз әсерін тигізді.

9 – тақырып. ФИЛОСОФИЯДАҒЫ БОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ

1. Онтология грек тілінен аударғанда онтос - болмыс, логос - ілім яғни болмыс туралы ілім болып табылады. Болмыс - тарихи қалыптасқан кең мағыналы, терең ауқымды философиялық ұғым. Әр заманда өмір сүрген ойшылдар бұл ұғымды көбінесе жүйелі философиялық толғаныстардың бастапқы негізі деп қараған. Осы уақытқа дейін де болмыс туралы бұл көзқарас өз мәнін сақтап келеді. Болмыс туралы философиялық мәселені түсіну үшін ең

алдымен оның адамзаттың шынайы өмірінде қандай түбегейлі орын алатынын ұғыну қажет.

Адамның дүниеге қатынасының негізінде қандай құндылық жатса да, оның бастамасы - болмыс. Мәнділік жөнінде айтқанда не нәрсенің болса да дүниеде болу жолы немесе тәсілі оның негізін құрайды дегенбіз. Болу жолдары және сан алуан құндылықтар - бәрі де ең алдымен жалпы болуға тиіс. Онда болмыс деген не нәрсе? Бұл сұраққа оның барлық формаларының мазмұнын ашу арқылы ғана жауап беруге болады. Болмыстың нақты, жеке формаларының бәріне ортақ жалпы қасиет, ол - болу.

Болмыстың негізгі түрлері: 1) Заттар (денелер), процестер болмысы: а) бірінші табиғат; б) екінші табиғат. 2) Адам болмысы: а) заттар дүниесіндегі адам болмысы; б) адамның өзіндік болмысы. 3) Рухани болмыс: а) жеке адамның рухани болмысы; б) қоғамның рухани болмысы. 4) Әлеуметтік болмыс: а) қоғамдағы және тарих процесіндегі жекелеген адам болмысы; б) қоғам болмысы.

Тарихи тұрғыдан келгенде адам қызметінің, өмір тіршілігінің негізі - табиғат заттары мен табиғи процестер. Бірінші табиғат - ол адамзатқа дейін пайда болған, адамдардың санасынан тысқары және тәуелсіз өмір сүреді. Ол теңіздер, мұхит, ормандар, ауа, жер, т.б. кейін адам Жер табиғатына қуатты да кең әрекет етуші болып табылады. Бұрын табиғатта өмір сүрмеген, адамдар өндірген заттардың, процестердің, жай күйлердің тұтас дүниесі пайда болды. К. Маркс оны «Екінші табиғат» деп атады. «Екінші табиғатқа» жататындар: үйлер, материалдық заттар, адам ойлап шығарған өсімдіктер және тірі организмдер (табиғатта кездеспейтін). Ол жасанды табиғат. Қазіргі заманда «екінші табиғат», өзі «бірінші табиғаттың» туындысы болса да, басымды болады.

Адам болмысы екіге бөлінеді: 1) Рухани болмыс - сана мен санасыздық процестерін қамтиды. Рухани болмысты шартты түрде екі үлкен топқа: жеке кісілердің өмірлік қызмет - тіршілігінен бөліп алуға келмейтін (дербестенген руханилық) және кісіден тысқары өмір сүретін, басқаша айтқанда, объективтендірілген (дербестенген емес) руханилыққа бөлуге болады.

Бірінші жағдайда адам сананың көмегімен сыртқы дүние туралы ойлайды, оның бейнесін туғызады (санасыздық процестер, тіл мен сана, тіл мен ойдың байланысы). Екінші жағдайға жататындар - кітаптар, сызбалар, жобалар, ескерткіштер, идеялар, ойлар, музыка, т.б. 2) Әлеуметтік болмыс - екіге бөлінеді: тарих процесінде жекелеген адам болмысына және қоғам болмысына. Жеке адам тек қана қоғамда өмір сүре алады. Ол бір ұлтқа, тапқа кіреді, бір мемлекетте тұрады, тарихи процестерге қатысады. Қоғамдық болмыс - ол жалпы ұғым, оның даму заңдары болады. Қоғамдық болмыс жағдайлары мен мүдделері арасындағы қайшылықтар туады. Қоғам неғұрлым жоғары дамыған сайын ондағы алуан саладағы прогресті жоғарылату қарқыны бұқараның, таптардың, жеке адамдардың жоғары саналылығына, әлеуметтік белсенділігіне, яғни субъективтік факторларға тікелей байланыстылығын байқаймыз.

Бірінші философияға болмыс терминін антикалық философ Парменид енгізді. Парменидтің пікірінше, нағыз болмыс бұл - әрқашанда бар нәрсе. Ал болмыс әрқашан да тұтас және бөлінбейтін болғандықтан, ол туралы ой да бүтін және бөлінбейді, оның үстіне оның өзінің болмысы бар. Нағыз болмыс - бұл ақыл - оймен игерілетін болмыс. Болмыс пен ой тепе - тең. Адамды субъективтілік шеңберінен тысқа шығарып, объективтілік деңгейіне жеткізе алатын және оның дәйектілігі мен күмәнсіздігін негіздейтін ой адамға сенімділік береді.

Парменидтің «болмыс» категориясы адамдардың күнделікті, практикалық өмірінде жүзеге асырылып отыратын нақты іс - әрекеттері мен ойларының философиялық тұрғыда түсіндірілуі ғана емес, сонымен қатар ол батыстық адамға тән дүниетанымдық және аксиологиялық принциптерден де бұрын оның нақты өмірлік қажеттіліктерін бейнелейтін нақты да айқын экзистенциалдық негіздер болып табылады.

Осылайша Парменид болмыс мәселесін философияның ең басты мәселесі ретінде негіздеп қана қоймай, оның болмыс туралы ілімі метафизика үшін мүмкіндіктер ашты, яғни адамға да, адамзатқа да бағынбайтын материалдық та, материалдық емес те болмыс туралы, табиғи мәнділіктердің соңғы идеалдық себептері туралы және ақыры аяғында барлық өмірде бар нәрселер туралы айтуға мүмкіндік беретін ілімге жол ашты.

Болмыстың шын негізін ол, уақыт бірлігінде шексіз деп атады. Парменидтің болмыс проблемасын жалғастыру мен жетілуін қалыптастыруда философтар үшін шынайы «өмірде» болмыстың барын сезінуіне байналысты болды. Мысалы, жасанды болмысты философтар орта ғасырда құдайдан, - деп білді, ал басқалары шынайы материалды және материалды емес, - деп ойлады, бірақ әртүрлі дәрежеде болмыстың жасанды қатысы бар. Жасанды болмыс сөзсіз мойындаса адам болды, оның ойы, оның қажеттілігі оның өмірі. Болмыс қатынасының келесі формалары бар: табиғатына бөлінетін заттар, денелер процестер болмысы, әлемдегі адамдар болмысына бөлінетін адам болмысы, адамның индивид ретінде тіршілік етуі. Рухани (идеалдық) болмыс, ол индивидуалды рухани және объективті руханиға бөлінеді. Әлеумет болмысы индивидуалды болмыс пен тарихи болмысқа бөлінеді.

Болмыс - санаға тәуелсіз өмір сүретін дүниені, материяны адамдардың материалдық өмірінің табиғатын белгілеуге арналған философиялық ұғым. Философияның негізгі мәселесі ойлау жүйесінің болмысқа көзқарасы туралы мәселе болғандықтан, оның шешімі болмыс ұғымы ретінде алынатын мағынаға байланысты. «Болмыс» категориясының осы принципті маңызы оны философия ғылым ретінде пайда болған алғашқы күндер - ақ дүниеге әкеліп, оның шешімі болмыс ұғымы ретінде алынатын мағынаға байланысты. Болмыс категориясының осы принципті маңызы оны философия ғылым ретінде пайда болған алғашқы күндері-ақ дүниеге әкеліп, оның көптеген ілімдеріне негіз болды. Материалистік философияда ол сезім - түйсікпен қабылданатын материяны, материалдық объектілердің өмір сүруін, олардың пайда болуын және жойылуын білдірді. Ал идеалистік философияда болмыс идеяларының

жалпы мәні, ұшы - қиырсыз жиынтығы түрінде логикалық категориямен жалаң қызмет ретінде көрінеді, сүйтіп материализмде болмыс-табиғат болмысы, ал идеализмде - табиғаттан бөліп қаралатын дербес ұғым. Философия болмыс ретінде ең алдымен материяның, жекелеген мәселелердің, процестердің, адамдардың түпкілікті, тиянақты болмысында қашан да санадан тәуелсіз өмір сүруін көрсетеді. Бұл орайда болмыстың болмауы абсолютті түрде жоғалып кету емес, материяның бір күйден екінші күйге, яғни болмыстың ескі формасынан жаңасына ауысуы. Сондықтан өзінің болмысында дүние материяның ғана емес, сондай ақ сананың жиынтық ақиқаты ретінде көрінеді: «сана ешқашанда танылған болмыстан басқа нәрсе болмақшы емес, ал адамдардың болмысы-олардың тіршілігінің нақты процесі». Адам болмысын адамдардың, олардың мекемелерінің, мұраттарының, принциптерінің, теориялары мен идеяларының арақатынасынан елестету мүмкін емес. Табиғат, қоғам, адам және оның ақыл - ойы ұшы - қиырсыз, тоқтаусыз дүниесінде өмір сүреді және бұл оның материалдық бірлігінің алғышарты болып табылады. Бұдан: болмыс материалдық негіздің алғышарты болып табылады және материя мен болмыс ұғымдары толық үйлеседі деген кері түсінік тумауы керек. Бұл салыстырмалы үйлесім ғана, дүниенің субстанциясы болмыс емес, материя болып табылады: дүниенің бірлігі оның болмысында емес, оның материалдық негізінде; сананы болмыс емес материя оятады. Болмыс категориясының аса маңызды жағы дүниенің өмір сүретіндігін танып білуде, дүниенің біртұтас кейінде болғанын, болып отырғанын және болатынын көрсететіндігінде. Бұл орайда әңгіме болмыстың мынадай негізгі формалары жайында болып отыр: а) біртұтас ұғым ретінде табиғаттың, табиғи және адам жасаған заттармен процестердің болмысы; ә) адам болмысы; б) жеке және нақты сипат берілген рухани ұғымның болмысы және в) адамның қоғамдағы және жалпы қоғамның әлеуметтік болмысы. Табиғат болмысы; объективтілігімен - адам санасына дейін, одан тыс және тәуелсіз өмір сүруімен - кеңістік пен уақытта мәңгі - бақи болуымен - ол барлық жерде және әрқашан болуымен, болып отыруымен және болатынымен сипатталады.

2. Материя туралы адамдардың ойлары өз заманындағы қоғамдық тәжірибенің, жалпы мәдениеттің көрінісі. «Материя» деген терминді қолданбаған бірде - бір философиялық мектеп немесе бірде - бір философ жоқ. Сондықтан, түрлі кездерде және түрлі мағынасы мен маңызы болғандығы танданарлық нәрсе емес.

Ұзақ тарихи замандарынан бері адамзат ойы материяны зат деп түсінді, яғни материя дегеніміз - зат. Бірақ заттардың сан алуан түрлері бар. Жансыз зат, жанды зат, т.б. материяны затпен барабар деп қараудың біршама ұзақ тарихы бар. Ежелгі грек философиясында барлық саналуан заттардың түпкі тегі белгілі бір зат деген көзқарас болған. Ол ең қарапайым зат. Ерте заманғы материалистер дүниенің алғашқы негізі, түпкі бастамасы деп суды алған, екіншілері - ауаны, үшіншілері отты алған; сөйтіп, бәрі де судан, ауадан немесе оттан пайда болады да, қайтадан бәрі де солардың өзіне айналады деп есептеген. Мысалы, Фалес үшін ол - су, Анаксимен үшін - ауа, Гераклит үшін -

от, Демокрит үшін - атом («бөлінбейтін» деген сөз), Пифагор үшін - сан, т.б. Күрделі заттардың барлығы қарапайым заттардан шыққан, солардың құрамасы, құрамды заттар сондықтан да тұрақсыз, өзгере береді. Күрделі заттар бұзылғанда алғашқы қарапайым заттарға бөлінеді. Ал қарапайым біртекті заттар тұрақты.

Материя дегеніміз - адамға оның өзінің түйсігі арқылы көшірмесі, суреті, сәулесі түсетін объективтік реалдылықты белгілеу үшін қолданылатын философиялық категория. Әр дәуірдің материяны қалай түсінетіндігі ғылымның, танымның ғана нәтижесі емес. Материя туралы адамдардың ойлары өз заманындағы өздерінің дүниеге қатынасының, жалпы мәдениеттің көрінісі. Адамдардың материалдық дүниені қаншалықты дәрежеде игерді, сол игерген мазмұнда, күштерден қаншалықты дәрежеде өзінің әлеуметтік дүниесін жасады - міне, материя туралы ең алдымен қоғамдық санада туатын көзқарастар осы жағдайларға байланысты. Адамзат бүгінгі күнге дейінгі тарихында іс жүзінде материяны зат түрінде біледі. Ол заттың әртүрлі қасиеттерін меңгерді, заттан көптеген құралдар жасады, яғни ол заттар дүниесінде тіршілік етеді. Өзі де сол заттар дүниесінің, жанды тіршіліктің бірі. Адамдар табиғатта бар заттардан басқа, онда тіпті болмаған және адамсыз болуы мүмкін емес заттар жасайды. Адамдар өздерін белгілейтін заттармен өзін қоршаған.

Материя - адамның санасынан тыс, тәуелсіз өмір сүретін және санада бейнеленетін объективтік шындық. Материя әлемде нақты өмір сүретін шексіз көп объектілер мен системаларды қамтиды, қозғалыстың алуан түрлі қасиеттері мен формаларының субстанциялық негізі болып табылады. Материя сансыз көп формаларда, түрліше объектілер мен системаларда өмір сүреді. Материя жаралмайды, уақыт жағынан мәңгі, кеңістікте. Өзінің құрылымы мен көрінісі де шексіз, мәңгі қозғалыста болатын, өз бетінше дамуға қабылетті. Материя белгілі бір кезеңде, қолайлы жағдайлар туған кезде тіршіліктің және ойлайтын жанның пайда болуына әкелді. Сана бейнеленудің ең жоғарғы формасы. Әлемнің материалдық бірлігі субстанциялығымен, жалпылығымен және абсолюттілігімен сипатталады. Материяның белгілі бір түрі немесе күйі, оның қасиеті немесе қозғалыс формасы, тарихи дамуының жемісі болмайтын әлемде ештеңе жоқ. Әлемнің материалдық бірлігін мойындай философияның негізгі принципі болып табылады. Материяның объективтік шындық ретіндегі философиялық ұғымы материяның құрылысы мен қозғалыс заңдары туралы жаратылыстану ғылымдары теорияларымен нақтылана түседі; олар объективтік шындықты аша түседі.

Материяның аса маңызда атрибуты, өмір сүруінің тәсілі. Қозғалыс табиғат пен қоғам да болып жататын барлық процестерді қамтиды. Қозғалыс дегеніміз - жалпы өзгеріс, материалдық объектілердің әрқалай өзара әсерлесуі және олардың қалпының ауысуы. Дүниеде қозғалыссыз материя жоқ, сол секілді, қозғалыстың өзі материясыз болмайды. Материя қозғалысты абсолютті, ал кез - келген тыныштық салыстырмалы және қозғалыс сәттерінің бірі болып табылады. Материя қозғалысыты өзінің байқалуы жөнінен түрі және сан қилы

формада болып табылады. Материяның даму процесі кезінде қозғалыстың сапалық жағынан жаңа және неғұрлым күрделі формалары көрініс береді. Материяның даму формалары жүйенің күрделілік деңгейіне оған тән қозғалыс формаларына, өзгерістердің жылдамдығы мол қарқынына, олардың сипатына, бағытына және тағы басқаға байланысты алуан түрлі болып келуі мүмкін.

Материяның негізгі өмір сүру формалары - уақыт және кеңістік. Философияның көңіл аударатын мәселесі, ең алдымен уақыт пен кеңістіктің материяға қатысты, яғни уақытпен кеңістік шындық па, әлде санада ғана өмір сүретін таза абстракты ма деген мәселе. Кеңістік пен уақыт материя қозғалысының сандық айқындығы. Кеңістік деген ұғым материялық объектілердің қатар өмір сүруін және олардың өзара орналасуын білдіреді. Оның өлшемдері: ұзындығы, ені, биіктігі. Бұл өлшем тек заттық формаға ғана тән емес, процестерге де тән.

Уақыт - қозғалыстың формалары мен құрамды бөліктерінің (не элементтердің) бір - бірінен туындап ұласу формасы. Уақыт деген ұғым материялық процестердің бірінен соң бірінің кезектесіп келуін, заттар мен құбылыстардың өмір сүруінің ұзақтығын білдіреді. Уақыт заттың емес, тек процестің сипаты. Уақыттың айнамайтын белгілі бір бағыты болады. Ол өткеннен болашаққа қарай жылжиды және оның қайтып оралмаушылық қасиеті бар. Өткенді өзгертуге болмайды, өткенге қайта оралуға болмайды. Уақыт бір өлшемді. Уақыт пен кеңістіктің материядан ажырағысыз екендігі олардың жалпылығы мен әмбебаптығынан көрінеді, кеңістік бір мезгілде қатар өмір сүретін объектілердің орналасу ретін көрсетеді. Ал уақыт бірінен соң бірі болатын құбылыстардың өмір сүру ретін белгілейді. Материя үнемі қозғалыста болады. Болмыстың ішкі табиғаты- қозғалыс. Сондықтан да бұрынғы материалистер де мұны белгілі бір дәрежеде болжаған. Философияда көп ойшылдар қозғалыссыз материя жоқ деген пікірге ойыстаған. Бірақ қозғалысты әртүрлі түсінген. Қозғалыс табиғаттағы, қоғамдағы барлық өзгерістерді түгел қамтиды. Қозғалыстың ішкі өзіне қарама-қарсы бір сәті - тыныштық. Тыныштық қозғалыстан бөлек, оған бөгде нәрсе емес. Тыныштық - қозғалыстың белгілі өткінші алпы. Дәлірек айтсақ, тыныштық - қозғалыстың біршама, бір сәткі тұрақтылығы.

Яғни, кез - келген материалдық процесс бір бағытта-өткеннен болашаққа қарай дамиды. Материяның қозғалыс формалары материя объектілерінің нақтылы заңдылықпен өзгеру ерекшеліктері. Материяның қозғалыс формалары материяның ішкі құрылымы мен оның даму дәрежесіне сәйкес қарапайымнан күрделіге, төменнен жоғары сатыға, негізделген туындыға айналуы қозғалыс тұрақтылығымен айқындалады. Оның басты принциптері: 1.Материяның қозғалыс формаларының әрқайсысына тән материялық негіз болады. 2.Материяның қозғалыс формалары сапа жағынан әрқилы, демек, өзара барабар емес. 3.Материяның қозғалыс формаларының бір - біріне айналуынан өзіне тән заңдылықтары бар. 4.Материяның қозғалыс формаларының классификациясы ғылым салаларын анықтауға болады.

Материяның қозғалыс формаларының ішіндегі ең қарапайымы механикалық қозғалыс болғандықтан, ол қозғалыс формаларының барлығына ортақ қасиет дейді. Материяның қозғалыс формаларының өзгеше түрі-оның әлеуметтік формасы. Материяның құрылымын терең зерттеулердің нәтижесінде бүгінде, бізді қоршаған объективті әлемнің жаңа түрлері зерттеліп, материяның қозғалыс формаларының ерекше қырлары ашылып отыр. Материяның сарқымастығы жөніндегі қағида материяның қозғалыс формаларының да алуан түрлілігіне негіз болады.

Сонымен, материяның қозғалыс формаларының зерттеудегі ғылымның алдындағы тұрған мәселе - материалдық объектілер арасындағы байланыстарды айқындау және оларға тән ерекшеліктерді анықтау болып табылады.

3. Сана - объективті шындықты бейнелеудің адамға ғана тән жоғары формасы, оның дүниеге және өзіне адамдардың қоғамдық-тарихи қызметінің жалпыға бірдей формаларының жанама түріндегі қатынасының тәсілі. Сана объективті дүниені және өзінің жеке болмысын ой елегінен өткізуге белсене қатысатын адамның психикалық процестері бірлігін көрсетеді. Ол адамның еңбек, қоғамдық - өндірістік қызметі процесінде пайда болады және сананың өзі сияқты байырғы, тілмен айтарлықтай байланысты. Адам туған бойдан алдыңғы ұрпақтардың қолымен жасалған нәрселер дүниесіне кезігеді және өзі оларды мақсатты түрде пайдалануды үйрену процесінде ғана қалыптасады. Оның шындыққа қатынасу тәсілі тікелей өз денесін икемдеуіне (жануарлардағы сияқты) емес, қайта басқа адамдармен қарым - қатынасты ғана қалыптасатын затты іс - қимыл дағдыларымен анықтайды.

Дүниеде ең ғажап, керемет құбылыс - адамның рухани дүниесі, сана, ой. Адамзат игілігіндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер: зәлім құрылыстар, түрлі техникалық табыстар, өнер, дін, әдебиет, философия, ғылым - осылардың бәрі сол сананың күдіреті. Объективтік дүниеде сананың баламасы жоқ. Ол тек адамға ғана тән, сонда сана дегеніміз не? Ол қайдан, қалай пайда болады? Сана - бейнелеудің қасиеті. Бейнелеу - жалпы материяның қасиеті. Бейнелеудің негізінде бір құбылыстың екінші құбылысқа, бір дененің екінші денеге тигізген әсерінің салдары жатыр. Сана да сол әсерінің нәтижесі.

Бейнелеудің ең жоғары түрі тіршілікке, өмірге байланысты биологиялық формасы. Ал енді тіршілік өмірдегі бейнелену формалары қандай? Ол да түрліше. Ең алғашқы қарапайым бейнеленуге тітіркену жатады. Ол барлық тірі организмдерге тән құбылыс. Орталық жүйке жүйесі бар организмде ол рефлекс тудырады.

Адам миына сыртқы дүниедегі түрліше ақпараттар қалай келеді? Ол сезім мүшелері арқылы қабылданады. Адамда бес түрлі сезім мүшелері бар: көру, есту, иіскеу, дәм сезу, тері түйсігі. Бес сезім мүшесі арқылы келген хабарды сезімдік бейнелеу дейміз. Сезім мүшелері адам миын сыртқы дүниемен байланыстырушы. Ол сезімдік формасы омыртқалы жануарлар да бар. Бірақ олардың түйсігі өз тіршілігіне сәйкес сыңаржақ дамиды, яғни өзіне қажеттіні ғана қабылдайды. Ал адамда сана, тіл арқылы өзінің сезім

мүшелерінің мүмкіндіктерін жан - жақты дамытады. Ол сезім мүшелерін ақылға билетеді. Адамға микроскоп, телескоп, сейсмограф сияқты құралдар көмекке келеді. Сөйтіп, адам сезім мүшелері арқылы заттың қасиеттерін біледі. Бірақ заттың қасиеті әртүрлі болады. Затты бүтіндей, толық білу үшін оның қасиеттерін жан - жақты танып, түсіну қажет. Ол үшін таным - түйсіктен бірте - бірте ойлауға көтеріледі. Сана өзінің шығуы жағынан екінші. Бірақ сана енжар емес, белсенді, пәрменді рөлі бар құбылыс. Сонымен, адам миы түрлі түйсіктер арқылы келетін мәліметтерді орталық жүйке жүйесі қабылдап оны қорытады, белгілі ой тұжырымдарын жасайды. Сана қалай пайда болды деген сұраққа жауап біреу ғана: ол түйсік мүшелер арқылы объективті шындықты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады. Оған түйсік, қабылдау, ойлау сияқты негізгі элементтердің жиынтығы кіреді.

Сана дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны өзгертеді, қолдан жасайы. Сана ең жоғары ұйымдасқан материя - мидың функциясы ретінде бірден пайда болған жоқ. Ол талай дәуірден өтті.

Сана-адам миы қызметінің жемісі. Бірақ ми жан - жануарларда да бар. Ал сана тек адам миының ғана жемісі. Оның пайда болуы екі факторға байланысты: бірі - еңбек, екіншісі - тіл. Адам санасы оның еңбек ету процесінде пайда болып, дамыды. Еңбек - еңбек құралын жасаудан, басқаша айтқанда, белгілі мақсатқа жетуде алғашқы адамдардың тасты қашап одан кесуге болатын, не соғуға болатын құрал жасаудан басталады. Ондай құралды табиғат жасамайды. Ол бір. Екіншіден, сол еңбектенген адамдар бір - бірімен түсіну үшін тіл керек болды. Тіл де бірден пайда болған жоқ. Оның алдында түрлі дыбыс, қимыл - әрекеттермен алғашқы адамдар бір - бірімен ұғысқан. Сана тілмен бірге дамиды.

Қарым - қатынаста адамның өмірлік қызметі оның өзіне басқалардың да қызметі сияктанады. Сондықтан да ол өзінің әрбір әрекетін басқа адамдарға ортақ қоғамдық өлшем арқылы бағалайды. Адам өзін өзінің өмірлік қызметінен және оның пәнінен бөліп қарап, оны тарихи жинақталған білімімен бағалайтындықтан, өзін объективті шындықтан, бөліп, қарама-қарсы қояды. Адам объектілерге түсініп, ұғына қарайтындықтан оның дүниеге қатынасының тәсілі сана деп аталады. Қоғамдық - тарихи заттың қызметі мен адамның сөзі тудыратын түсінік мән білімсіз санада болмайды. Заттың кез - келген сезімдік бейнесі, кез - келген түйсік немесе түсінік белгілі бір мән мен маңызға ие болғандықтан, ол сананың бөлігі болып табылады. Тілден байқалатын білім, мән және мағына адамның сезімін, еркі мен назарын және басқа психикалық актілерін біртұтас санаға біріктіріп, оларды бағыттап, саралап отырады. Тарих жинақтаған ілім, саяси және құқылық идеялар, өнер жетістіктері, мораль, дін және қоғамдық психиология тұтас қоғамның санасы болып табылады. Таптық қоғамдағы қоғамдық сананың формалары саясат, құқық, философия, мораль, өнердің болмысын бейнелей отырып, оған белсенді ықпал етеді. Қоғамдық сананың саяси және құқықтық формалары қоғамның экономикалық қатынасын саяси және құқықтық тілде, ал өнер - көркемдік образдармен, мораль —

адамдардың мінез - құлқының белгілі принциптері мен ережелері түрінде бейнелейді.

Қоғамдық сана, қоғамдық және жеке сана, қарапайым және теориялық саналардың диалектикалық бірлігін құрайды. Қандай да бір қоғам болмасын, қоғамдық пікірді халықтың санасына сіңіру болып табылады. Жеке сана әрбір адамның жеке басына, өмір жағдайына, біліміне байланысты қалыптасады. Қоғамдық сананы да жеке адамдар жасайды.

Қарапайым сана күнделікті өмірден, әдет - ғұрыптан пайда болады. Қарапайым сана - табиғат пен өмір құбылыстарын күнделікті байқаудың нәтижесі. Ал теориялық сана, қоғамдақ сананың жоғары санасына жатады. Теориялық санаға табиғат заңдылықтарын зерттейтін ғалымдар және саяси - әлеуметтік теорияларды зерттеумен айналысқан адамдар аталған.

Сонымен, қоғамдық сананың формалары адамның практикалық іс - әрекеттерінен байқалады. Қоғамдық сананың тарихи қалыптасқан формалары қоғамның рухани мәдениетінің құрамды бөлігі болып табылады.

10 – тақырып. ФИЛОСОФИЯДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

Философиялық антропология – адамның мәні, құрылымының мәні туралы ғылым. Оның қоршаған әлемге, барлық заттың негізіне, болып жатқандардың метафизикалық мәніне және оның әлемдегі физикалық, психологиялық жеке рухтың пайда болуына қатынасы оның биологиялық психикалық, рухани - тарихи және әлеуметтік даму заңдылықтары туралы ғылым.

Адам проблемаға айналған кезде адам «адам деген не, ол бұл әлемге неге келді және басқа тірі жандардан немен ерекшеленеді» деген мәселелермен ойланған кезде философиялық антропология іргелі және орталық философиялық ғылымға айналады. Ғылымның қазіргі жетістіктері адамды биологиялық факторлармен қатар әлеуметтік факторлар да маңызды рөл атқаратын эволюциялық даму өнімі деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Осы орайда адамның жоғары ұйымдасқан жануарлардан басты айырмашылықтары туралы және осы айырмашылықтарды мүмкін еткен үрдістерді ғылыми тұрғыда түсіндіру туралы мәселе шешуші мәнге ие болады.

Алайда әлемнің қазіргі ғылыми картинасында антропогенез үдерісі көп жағдайда белгісіз күйінде қалып отыр. Бұл жағдай «адам феноменін» тамаша зерттеуші, атақты француз философы, биологы, палеонтологы және антропологы Пьер Тейяр де Шарденнің мынадай сездерімен түсіндіріледі: адам «эволюцияның өзегі мен шыңы» болып табылады және «адамның кілтін табу, демек әлемнің қалай құрылғанын және ол қалайша ары қарай құрылуы тиіс екенін білуге ұмтылу деген сөз».

Жетіспейтін айғақтардың жоқтығы, адамға деген ескі көзқарасқа күмән келтіретін жаңа ашылымдар адамның мәні мен табиғаты туралы әр түрлі концепциялар туғызды. Оларды жалпы, шартты түрде рационалистік және иррационалистік деп бөлуге болады. Иррационалистік көзқарас негізіне адам

әрекеті немесе оның кең мағынасында адам болмысы түсіндіруге келмейтін ішкі сарындар, ырықтар, көңіл - күйлер көрінісі позициясымен талданатын идеялар құрайтын экзистенциализм, неотомизм, фрейдизм ілімдерін жатқызуға болады. Бүтіндей алғанда иррационалистік концепциялар адамның кейбір қырлары мен қасиеттерін ашқанымен, адамның шығу тегі жөнінде ешқандай логикалық тұрғыда дайындалған теория немесе ең болмағанда гипотеза да бермейді.

Адам туралы біздің қазіргі көзқарастарымыз иррационалистік бағыттағы ойшылдар жетістіктерін ескергенімен, көбіне рационалистік, материалистік және идеалистік идеяларға сүйенеді. Мысалы, жүздеген, мүмкін мыңдаған жылдарға созылған адамның жануарлар әлемінен бөлініп шығу үдерісін түсіндіре отырып, Маркс пен Энгельс былай деп жазады: «адамдарды жануарлардың санасына, дініне жалпы тағы басқаларына қарап айыруға болады. Ал олар өздерін жануарлардан өмірлік қажетті құралдарды өндіре бастаған кезден айыра бастайды, адамдар өздерінің материалдық өмірін жанама жолмен өздері өндіреді». Жануарлық жағдайдан адамға өтуге мүмкіндік беретін басты критерий оның мәдениеттенуі – бұл жерде материалдық өндіріс болып көрінеді. Адамның әлеуметтік - биологиялық эволюциясын түсіндіруде Энгельс ұсынған антропогенездің еңбек теориясының маңызы зор. Бұл теорияны жақтаушылар еңбек биологиялық заңдар әсерін теріске шығармайды, бірақ ол табиғи сұрыпталу әрекеті сипатын өзгертеді, қалыптасушы адам өз жеке өлшемі бойынша табиғатты өзгерту қабілетіне және адамның өзі қалыптасуына ықпал етеді деп санайды. Еңбек әрекеті арқасында адамның биологиялық және рухани қажеттіліктері өтеледі, адамдардың бірігу ауқымы көбейе түседі. Еңбек арқылы адам өзін, өзінің физикалық және ақыл - ой қабілеттерін көрсете алады.

Адам және адамзат тұлғасы қалыптасуындағы үлкен рөл тілге тиесілі. Тіл арқасында адамның ойлауы дамиды. Тіл маңызы, ең алдымен, онсыз адамдардың еңбек әрекеті практикалық тұрғыда мүмкін еместігімен сипатталады. Өзара қатынас арқасында адамдар бір - бірімен байланыс орнатты, өзара әрекеттің әр түрлі мәселелері бойынша келісті, тәжірибе бөлісті және т.б. Тілдің көмегімен бір ұрпақ келесісіне ақпарат, білім, әдет - ғұрып және дәстүрлерді жеткізіп отырды. Онсыз бір қоғамда өмір сүретін әр түрлі ұрпақтар арасындағы байланысты көзге елестету қиын.

Адамның мәні мәселесі адам туралы философиялық ілімнің өзегін құрайды. Адамның дамуы мен тарихи негізін және оның мәнін құрайтын субстанция ретінде қазіргі ғылым қоғамдық өндіріс шеңберінде жүзеге асатын еңбек әрекетін атайды. Қоғамдық өндіріс пен еңбек әрекетінің дамуы нәтижесінде адамдардың қоғамдық қатынастары да дамиды. Индивидтің жеке дамуы қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын өн бойында жинақтауына, игеруіне және оны жүзеге асыруына байланысты. Сондықтан да Маркс адамды абстрактылы тұрғыда түсінгені үшін Фейербахты сынай отырып, былай деп жазды: «адамның мәнділігі жекелеген индивидке тән абстракт емес. Ол өз болмысында барлық қоғамдық қатынастардың жиынтығы болып табылады».

Адамның өмір сүруі мәселесі де адам мәні мәселесі сияқты маңызды. Оның алғышарты туралы емес, адамның өмір сүруі мен мәнділігінің тұтастығы мен қажетті байланысы туралы айтуға болады. Адам әрқашан да, бір жағынан, әуел бастапқы «әлдене» және, екінші жағынан, ол өзінің із - таңбасы мен шектеуін қалдыратын әлеуметтік ортада дамиды. Сондықтан да индивидуалдық өмір сүру осы қажеттіліксіз, оның мәнін құрайтын қоғамдық қатынастар жүйесінсіз мүмкін емес. Сонымен қатар, оның мәні де оның өмір сүруінен тыс бола алмайды. Адам бойындағы биологиялық пен әлеуметтіліктің арақатынасы мәселесі де осы өмір сүру мен мәнділік мәселесімен байланысты. Өзінің мәні жағынан адам әлеуметтік жан. Сонымен бір мезгілде ол табиғаттың жемісі және оның шектерінен тыс өмір сүре алмайды, өзінің биологиялық қажеттіліктерін өтейді, ішеді, жейді, дене қабатын тастап кете алмайды. Адамдағы биологиялық пен әлеуметтілік ажырамас тұтастықта орналасады, оның бір жағын «әлеуметтік сапаға» ие тұлға құраса, екінші жағын табиғи негізі болып табылатын ағза құрайды.

Әлеуметтілік пен биологиялық мәселелерді қарастырғанда екі көзқарастан бойды аулақ ұстау керек: әлеуметтік факторды абсолюттендіру мен биологиялық факторды абсолюттендіру. Біріншісінде адам әлеуметтік ортаның абсолюттік нәтижесі болып көрінеді. Екінші концепцияға әр түрлі биологияландырушы ілімдер жатады. Оның ішінде, мысалы, табиғи тұрғыда бір нәсілді екіншісінен жоғары қоятын нәсілшіл теорияларды жатқызуға болады. Нәсілшілдіктің баянсыздығын адам генотипі ерекшелігінің нәсілдік емес, индивидуалдық деңгейде көрінетіндігі арқылы дәлелдеуге болады. Табиғатта қандай да болсын нәсілдік, ұлттық немесе әлеуметтік генотиптер өмір сүрмейді.

Философия тарихында адам табиғатына көптеген пікірлер айтылады. Көне философтар адамды ғарыштың бір бейнесі ретінде «кіші ғарыш» бейнесінде қарастырады. Сократтан бастап адамды екі жаратылыстан: көне философтар дене және рухтан тұрады деп ойлайды.

Орта ғасыр философиясында адамды анықтауда оның денелік және жандық жаратылысы арасын межелеп болу көбірек байқалады. Құдаймен теңестіріліп сенім, махаббат, үміттердің жоғары сезімдерінде орын алатын жандық бастау бірінші орынға қойылды. Жаңа дәуірде адамның ерекшелігі ойлауда, ақылды, ұтымдылығында қалады. Жанның анық құрамы бұл - сана.(Декарт, Кант)

Жаңа дәуірде «адам ақылды» тұжырымдамасымен бірге басқа «адам әрекетшіл» концепциясы жетістіктерге жетті. Онда адамның басты ерекшелігі әрекет етуге қабілеттілігін іске асыруы екені көтеріліп, әрбір жеке адамның әрекеті оның қимылынан тұратыны бекітілді.

XX ғасыр философиясы адамның шынайылығын іздеуді жалғастырды. Феноменологияның өкілдері адам табиғатының шынайылығын, оның санасының тәжірибесін – идеяның, түсініктің бөлігі өмірдің, әлемнің мәніне сәйкес герменевтика өкілдері, адамның шынайылығын оның әлемдегі пайда болуына, осы әлемнің дүниелерін түсінуде, адамның шекарасымен оның

шекарасының бірігуінде жүргізіледі. Постмодернистердің пікірінше адам әкімшілік, ұжымдық, біркелкіліктен құтылу және асқақтықты іздейтін жаратылыс.

Жоғары адам табиғатына түсініктеме берілгендердің қатарына XX ғасыр бойы тек философтарды ғана емес, сонымен бірге психолог, биологтардың назарын қаратқан тағы бір түсінікті қосқан дұрыс болар еді.

Бұл түсінікті австриялық дәрігер – психиатор әрі философ З.Фрейдтің негізінде дамыды. Фрейд тұжырымдамасында адам санасыз деп ұсынылған. Адамның түпкі мәні – сексуалдық әуестілік – зауық. Бұл әуестік сана мен оның көптеген тыйымдармен қоршаған әлеуметтік ортаға әсер етуге мәжбүр болатын сана мен байланысқа түседі. Сексуалдық әуестілік санадан шығады да, олар санасыздыққа айналады, түс көруде невроздардан құтылу жолдары – психиканың талдамасы. Алдымен санасыздық табылады. Бұл психиатрия негізінде жасалады, сонан кейін егер пациент оған дайын болса, онда санасыз санаға ауысады. Ол қызметін тоқтатады, ауру невроздардың көздері жоғалады. Бірақта ешкім ешқашан адамнан санасызды толығымен арылтуға шамасы келмейді, оның үстіне адам өзінің жаратылысы бойынша саналық емес, санасыздық жаратылысы. Барлық философтар адамды фрейдтік тануға келісе бермейтінін айтқан жөн.

Антропологияның басты мәселелерінің бірі адамның қалыптасуы болып табылады. Бұл сұрақ жөнінде төмендегідей гипотезалар бар. Діни гипотеза идеалистикалық тұжырымдамаларда қалыптасуында басталады.

Эволюциялық адамның гипотезасы XIX ғ бастап кеңінен танымал бола бастады. Эволюциялық жол негізінде К.Дарвиннің еңбек теориясы жатыр. Ол бізге марксистік нұсқада, нақты айтқанда еңбек құралдарын дайындаудан басталған еңбек адамды қалыптастырады. Еңбек ету барысында қол бірте – бірте икемді және еркін бола бастады. Бұл уақытта ми дамып, адамдардың жақын топтасуы және араласудың қажеттілігі туындап пайда болды. Осындай әрекеттер негізінде еңбек құралдарын жасау әрекеті, қоғамды топтастыру, тіл және ойлау бұның бәрі маймылды адамға айналдырудың маңызды факторлары болды. Антропосоциогенездің жаратылысының ерекшелігі адамның еңбек құралдарын жасау әрекеті арқылы олармен жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Адамның қабілеттілігі дамитын белгілері нысанда мәні берілетін үрдісте жатады. Бұл адаммен қолданылатын мән. Қоғамдық қатынастардан, нысандардан қызметін, әдістерінен басқасының бәрі зым – зия жоғалып кетеді.

Антропосоциогенез жүйенің тұрақты жұмысын реттейтін, қызметін әдістерін адамдардың әлемге, бір – біріне және өзіне деген қарым – қатынастың әдістерін топтастыратын, тіршілік етудің үздіксіз үрдісі.

Антропосоциогенез проблемасына байланысты әр түрлі көзқарастары бар, бірақ соның негізінде адамның әлеуметтік және биологиялық қарым – қатынас мәселесі жатыр. Адам өз жаратылысында әлеуметтік жаратылыс. Ол сонымен қатар сол уақытта табиғаттың бағасы, ол өз жаратылысында соның шеңберінен шыға алмайды, өзінің биологиялық табиғатына қатыссыз қызмет

етеді, тамақ жеу, ішуді тоқтата алмайды. Әлеуметтік және биологиялық әлеуметтік «сапа» ретінде тұлға деп танылатын бірлікте.

Әлеуметтік және биологиялық проблеманы қарастыру кезінде үш нәрседен сақ болу керек:

Адам әлеуметтік ортаның өнімі ретінде орта басынан аяғына дейін адамның дамуын жазатын «таза тақта» ретінде түсінілген кезде әлеуметтік фактордың абсолютизациясы болып табылады. Осы тұжырымдаманы жақтаушылар адамның барлық дамуын әлеуметтік дамумен байланыстырады.

Биологиялық фактордың абсолютизациясы бір кеселден басқа кеселге табиғи артықшылығын бекітетін нәсілшілдік теория болады.

Адамның бірегей генотипі нәсілдік деңгейді емес, дербес деңгейде пайда болады. Табиғатта қандай да бір нәсілдік ұлттың генотипі жоқ.

Теңдік фактордың абсолютизациясы адамның дамуындағы роль оның ген арқылы алып тасталынады. Олар көптеген адамгершілік әрекеттерінің себебі болып табылады. Бірақта адамның дамуы мен тәртібін биологиялық тұрғыда түсіндіру дұрыс емес. Адамның биологиялық және әлеуметтігі жоғарыда айтылғандай өзара байланысты. Сондықтан адамның биологиялығы әлеуметтік формада іске асырылып және қанағаттандырылады. Адамның қалыптасуының табиғи – биологиялық жағы әлеуметтік – мәдени факторлармен «адамға айналады» және қоршаған ортаға бейімделінеді.

Адамды анықтауда жеке адам, жеке даралық, жеке тұлға деген терминдер қолданылады. Жеке адам – адам тегінің жекелік өкілі, адамгершіліктің барлық психологиялық және әлеуметтік белгісі: ақыл, ерік, қажеттілік, қызығушылық нақты тасушысы. Жеке адам түсінігі мағыналық жағынан нақты адам ретінде қолданылады. Әрбір жеке адам балалық шақтан бастап адамзат баласымен қол жеткен ұрпақтар санасы кезінде адам баласы өз жаратылысын иеленеді.

Сонымен қатар баласының жеке адамы – тек табиғи, биологиялық жаратылыс қана емес, олар адамдардың қоғамдық өмір сүру әрекетінің ұзақ мерзімді үрдісінің өкілі болып, саналатын екінші табиғатқа ие. Әлеуметтік жеке адам болып табылады.

Жеке адамның бірегейлігін салыстыру үшін осы саладағы адам баласының белсенділігін басқа әрекетпен міндетті түрде салыстыру керек. Сондықтан даралық өзіне жеке адамның өзіне ғана тән биологиялық түр және адамзат қоғамының өнім ретінде жалпы ерекшеліктерді қосады. Өзара байланыспен тұтастықтан алынған бұл жаратылыстар адамның даралығын бейнелейді. Сонымен бірге сондай - ақ даралықты әлемдегі ерекше тұрмыс формасы арқылы анықтауға болады. Адам болашақта қоғамдық жаратылыс ретінде қоғаммен тығыз байланысты.

Жеке өзін анықтауда зейін әлеуметтік сапаға және адамның әлеуметтік белсенділігіне бөлінеді. Қазіргі философияда адамның тұрмыстық мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Адамда екі өмір бар: біреуі - өмір сүретін, қоршаған ортаға және қоғамға дағдыланған; екіншісі – сыртқы әлемнен жасырын жатқан өмір. Философиялық көзқараспен қарасақ, соңғы өмір, шынайы өмір: бұнда біз қуанамыз, қобалжимыз, толық өмірмен ғұмыр кешеміз. Осындай тұрпатта адам

екі өмірлік. Адам тұрмысының негізгі категорияларын анықтайтын өмір – бұл бостандық, шығармашылық, махаббат, бақыт, сенім, болып табылады.

Айтылғандарды қарастыра келе, адам қоғамдық – тарихи үрдістің материалды және жан мәдениетінің даму субъектісі өзге формалармен генетикалық байланысты биологиялық жаратылыс дегенді анықтайды. Алайда олардан еңбек құралдарын жасау қабілеті бар адамға тән сөйлеу мен санасының арқасында ерекшелігі арқылы білініп тұратын жаратылыс.

11 – тақырып. ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯ

Әлеуметтік философия - қоғам мен адам туралы философиялық принциптер мен заңдылықтар туралы мәселені қарастырады. Әлеуметтік философияның зерттейтін пәні адам және адам туған қоғамдық болмыс болып табылады. Оның басқа ғылымдардан айырмашылығы қоғамдық зерттейтін (тарих, әлеуметтану, мәдениет тарихы т.б.) түсініктерге назар аударады. Тарихи процесстің мәні мен бағыты, қозғаушы күші және мақсаты «қоғам», «қоғамдық», «әлеуметтік» сөздерінің түсінігі кеңінен таралған, бірақ олардың мәні көбінесе көп мағыналы және толық түсініксіз болып келеді. Ең алдымен «қауымдастық», «қоғам» терминдерін ажырата білу керек. Қауымдастық қазіргі заманға сай тұрмыстық нысандармен анықталады немесе адамдардың өзара әрекеттері олардың жалпы шыққан тегімен, тілмен, көзқарастармен байланысты. Қоғам халықтың азық ретінде және зерделі ұйымдастырылған үлкен топтардың іс - әрекеті біріккен қоғамдық негізде емес, біріккен мүдде мен шартта. Қоғам түсінігі халық, ұлт, мемлекет түсінігінен ажыратылып алу керек. Ұлт - бұл мемлекеттік, экономикалық, саяси және адамдардың рухани қарым - қатынас байланысқан бір немесе бірнеше халықтың ұйымдасқан өмірінің нысаны. Мемлекет құқық пен заң негізінде ұйымдасқан өмір нысаны, халық және ұлт адам өркениетінің тарихи азығы. Бұл барлық түсініктер өзара байланысты және бір – бірінің түсінігі толықтырып отырады.

Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой - пікірлер, идеялар мен ұғымдар алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде - ақ қалыптаса бастады. Адамдардың алдында қоғам деген не, ол қалай пайда болды, ол қалай дамиды, дамудың көздері мен қозғаушы күштері неде, қоғамдық құбылыстар мен процестердің байланысы қандай, өзара әсер, себеп, қарым - қатынастар заңдылықтары бар ма, тағы басқа көптеген сұрақтар, ой - пікірлер және идеялар туады. Ал мұндай ой - пікірлер мен идеялар адамдардың қоғамға бірігуінен және осының негізінде өздерінің тіршілігін сақтау, күн көру, одан әрі дамыту қажеттілігінен, олардың тікелей тәжірибелік өмірімен байланысты туды.

Қоғамдық құбылыстарды, процестерді, тарихты танып - білуде, өзгертуде философия тарихында материализм мен идеализмнің арасында ұдайы қарама - қарсы кескілескен күрестер жүргізіледі. Материализм қоғамды, оның даму заңдарын дұрыс ғылыми тұрғыдан түсіндірмекші болып әрекет жасаса, идеализм, керісінше, ғылымға жат, қоғамдық тәжірибеге сүйенбеген,

көбінесе оларды діни тұрғыдан түсіндірмекші болады. өйткені, бұл бағыттарды қолдаушы қоғамда әр түрлі әлеуметтік таптар мен топтар болады.

Қоғам дегеніміз - адамдар арасындағы экономикалық қатынастар, яғни материалдық игіліктерді өндіру процесінде адамдар арасында қалыптасқан қатынастар.

Қоғам өмірі - алуан түрлі қатынастардан тұратын аса күрделі әлеуметтік шындық. Олар белгілі бір салаларға бөлінеді. Оларды түсінуді біраз оңайлату мақсатында топтастыра келіп, мынандай төрт салаға бөліп көрсетуге болады: 1. экономикалық сала; 2. әлеуметтік сала; 3. саяси сала 4. рухани сала. Кең мағынада алғанда, «әлеуметтік» ұғымы «қоғамдық» ұғымымен тепе - тең. Алайда, ол ұғымды философияда тар мағынада қолданып, таптар мен таптық қатынастарды, ұлттар мен ұлттық қатынастарды, отбасы және соған байланысты оқу, тәрбие, тұрмыс жағдайы сияқты тіршілік мәселелері саласын білдіру үшін қолданады. Сол сияқты, қоғам өмірінің саяси саласы саясатты, мемлекет пен құқықты және олардың арақатынасы мен қызметін, т.б. қамтиды. Бірақ бұл соңғыны философиядан кейін оқытылатын саясаттану пәнінің иелігінде.

Қоғам өмірінің аса күрделі саласы - рухани өмір. Ол қоғамдық сананың түрлі формалары мен деңгейлерін: саяси және құқықтық сананы, моральдық және эстетикалық сананы, дін мен ғылымды, қоғамдық және жеке адам психологиясын т.б. қамтиды. Қоғамдық сананың бұл формалары рухани мәдениет деп аталады.

«Қоғам өмірінің саласы» деген ұғым алуан түрлі, өзара күрделі байланыстағы қоғам өмірін терең зерттеу мақсатында біртұтас қоғамдық субъектінің іс - әрекетінің жеке салаларын бөліп алып қарастыру үшін қолданылатын абстракция, яғни бұл ұғым әлеуметтік философияның категориясы болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, ол қоғамды танып білудің методологиялық «аспабы» десе де болады. Олай болса, қоғамдық өмір салаларының ішінен негізгі, экономикалық, саланы бөліп алып, адамның біртұтас нақты іс - әрекетінің ішкі мәнін, сырын ашуға болады.

Өндіріс процесі белгілі бір табиғи жағдайлар болғанда ғана жүзеге асады. Ондай табиғи жағдайларға географиялық орта және тұрғын халық жатады.

Жоғарыда айтылып кеткендей қоғам ұғымы философиялық мағынамен біртұтас жеке адамдардың анықталған ерекшеліктерінің байланыс типтеріне рухани (Ф. Аквинский), конвенционалдық, материалдық адамдардың өзара әрекеттесуінің негізі болып табылады.(К. Маркс)

Генезисті түсіндіру амалы осы және басқа таңдау бойынша жұмыс істеу қоғамы алғашқы дүниетаным қондырғысына тәуелді және қоғам философиясы бұл адамның басқа жағымен байланысты, оның дүниедегі басты рөлі және жан - жақпен қатысы. «Қоғам» түсінігі заңдылық қырымен адамдардың басын біріктіреді.

XIX ғасырда К. Маркс тарихтың материалистік түсінігінің тұғырнамасын жасады, оның құрамында өндірістік тәсілінің жағдайы бар. Халықты «Әлеуметтік ұйымда» жалпы құдай және жалпы ой емес өндірістік күш және

өндірістік байланыс байланыстырады. Бұл факторлар табиғаттың шартына, тіл мәдениетіне, байланыс құрамына т.б. байланысты. Бірақ қалың қоғам болмысы, өзіндік «әлеуметтік мәселе», болып табылады.

Марксизм тарихының өзіндік факторын теріске шығармайды, бірақ шынайы шартты, себепті зерттеу ұйғарылады. Халықтың қоғамдық байланыстың негізіне материалдық немесе қоғамдық қатынас жүйесі жатады. Барлық мүмкіншілігі бар тәсілдер қоғамдық түсінікте аса жалпылама тарихи іздермен иемденеді. Қоғам өзінің даму негізінде күрделі жүйе болып өнімі, сол немесе басқа халықтың мәдениетті потенциалының мүшесі болып табылады. Саяси және құқықтық сана тарихы өнім, қоғамның дамуымен қалыптасады. Саяси сана билікке толығымен алғанда класс қатынасын анықталған саяси партияларға ықпал етеді. Негізгі қызмет - көпшіліктің қызығушылығымен қамтамасыз ететін осындай билікті құруға әлеуметтік күшті бағыттау және айқындау.

Құқықтық сана құқыққа қарағанда жалпы міндетті, мінезі бар, қоғамдық тұлғаның келесі түсінігі ғылым болып табылады. Ғылым - рухани мінездің құрылысы, бұл адамның қызметіне жүйелеуге тексеруге дағдыланады. Ғылымның мақсаты - объективтік ауқат. Ғылымның білімтану - білімнің ұдайы өндірісінің қиын қарама - қарсы үрдісі. Практика ғылыми білімнің басты критеріі болып табылады. Ғылымның басты функцияларының қатарына мыналар жатады: танымдық әдістеменің түсініктемесінің практикасы. Қазіргі заманда ғылым рухани білімнің айырмашылығын ұсынады. Техногендік өркениеттің ерекше маңыздылығы ғылыми ұтымдылықты табады. Қоғамдық идеология және қоғамдық психология қоғамдық сананың сыңары болып табылады. Қоғамдық идеология - қоғамдық сананың компоненті.

Экономика идеологиялық формамен тікелей байланыспайды. Ол біріншіден, қоғамдық қажеттікті, қызығушылықты тудырып ұсынады. Идеология - қоғамдық психологиясыз өмір сүре алмайды. Қоғамдық психология - халықтың әлеуметтік тұрмысымен байланысқан қоғамдық сананың компоненті. Қоғамдық тұрмыс қызығушылықты, эмоция мен сезімнің дамуының жалпы бағытын, халықтың іс - әрекетін тудырады. Қоғамдық психология өзінің дамуында белгілі бір заңдылыққа бағынады. Біріншіден ол, тіршіліктің материалдық шартына байланысты, екіншіден, қоғамдық психологияның нақты - тарихи мінезі бар, үшіншіден, қоғамдық психология халықтың іс - әрекеті және өміріне байланысты және әлеуметтік ойымен толтырады, төртіншіден, қоғамдық психология және қоғамдық идеология бір - біріне ықпал қоғамдық етеді, бұл процессте идеологияның рөлі басым. Бірақ қоғамдық психология белсенді және идеологияға қарсы әсер көрсетеді.

Базистің айрықша бір рөлі сол, ол өзіне (базиске) орнатылатын қондырма үшін, яғни қоғамның саяси, құқықтық, философиялық, этикалық, көркемдік және діни көзқарастары мен соларға сәйкес саяси - идеологиялық мекемелер мен ұйымдар үшін реалды негіз болып табылады. Сондықтан базис өндіріс тәсілінің қоғамдық өмір кейпін, оның идеялары мен мекемелерін тікелей айқындап беретін жағын құрады.

Антагонистік таптық қоғамдардың базисі іштей қайшылықты. Адамдардың өндіріс құрал - жабдықтарына деген түрліше қатынасын білдіре отырып, ол қанаушылар мен қаналушылардың арасындағы антагонизмді - таптық мүдделердің қарама - қарсылығын білдіреді. Антагонистік таптық қоғамның базисінің қайшылығын бейнелендіретін оның қондырмасы да қайшылықты.

Базистен туған қондырманың дамуында сонымен қатар салыстырмалы дербестік те бар. Бұл дербестіктің бірінші көрінісі - оның дамуындағы сабақтастық байланыс. Ескі базистің орнына жаңа базис келгенде қондырмада болатын төңкеріс бұрынғы қондырманың барлық элементтері автоматты түрде жойылады деген сөз емес. Екіншіден, әрбір қоғамның қондырмасында жалпы адамдық идеялар мен түсініктер болады. Үшіншіден, қондырманың салыстырмалы дербестігі оның өзін тудырған экономикалық базистің дамуына тигізетін пәрменді кері әсерінен көрінеді.

Қоғамдық - экономикалық формация ұғымына өндіріспен, базиспен және қондырмамен бірге басқа да қоғамдық құбылыстар кіреді. Олар: адамдардың белгілі бір тарихи қауымдастықтары, отбасы және неке, тіл, ғылыми және қоғамдық ұйымдар, т.б. Бұл құбылыстар базиске де, қондырмаға да тікелей қатысты болмағанымен, олар кез - келген формацияның біртұтас организмнің құрамдас бөліктері болып табылады. Оларсыз қоғам өмірі және дамуы мүмкін емес. Шынында да адамдардың қатынас құралы болып табылатын тілсіз еңбек ету, ой - пікір, тәжірибие алмасу мүмкін емес қой. Аталған құбылыстар, әрине, әр формацияда әртүрлі, бір формациядан екіншісіне өткенде елеулі өзгерістерге ұшырап отырады.

Қоғамдық - экономикалық формацияны құратын құбылыстар өзара табиғи байланысты, біріне - бірі тікелей немесе жанама әсер етеді, солардың нәтижесінде формация күрделі, дамушы әлеуметтік организм, біртұтас жүйе түрінде әрекет етеді.

Қоғамдық - экономикалық формация ұғымы түрліше қоғамдық құбылыстардың бірлігінің, өзара байланысының материалдық негізін аша отырып, қоғам жайындағы бұрынғы және қазіргі идеалистік, метафизикалық көзқарастардың шын мәнін ашып берді. Қоғамдық - экономикалық формацияның ашылуына байланысты тарихи процесс қатаң ғылыми тұрғыдан кезеңдерге бөлінетін болды: қоғам тарихи қоғамдық - экономикалық формациялардың даму және заңды түрде ауысу тарихы екені ашылды.

Қоғам дамудың қандай жоғары деңгейіне жетпесін, адамдар азық - түліксіз, киім - кешексіз, баспанасыз, т.б. материалдық игіліксіз өмір сүре алмайды. Бұл игіліктерді табиғат дайын күйінде бере алайды. Ол игіліктерге ие болу үшін адам еңбек етуі тиіс. Еңбек - адамның табиғи қажеті, қоғам өмірінің негізі. Сол себепті де материалдық игіліктер өндірісі қоғамдық дамудың басты, шешуші күші болып табылады.

Өндіріс процесінде адамдар табиғатпен және өзара қарым-қатынас орнатады. Осы екі түрлі қатынастар кез - келген нақты өндіріс тәсілінің бір-бірінен айырғысыз байланысты екі жағын - өндіргіш күштерді және өндірістік

қатынастарды құрады. Олай болса, өндіріс тәсіліне жалпылама талдау жасау үшін өндіргіш күштер деген не, олардың құрамы қандай, өндірістік қатынастар қандай қатынастардан тұрады, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың өзара байланысы қандай деген сұрақтарды анықтау қажет.

Еңбек нәрсесі деп адамның еңбегі жұмсалатын заттарды айтады. Мәселен, мақта, дән, руда, т.б. шикізаттар өңделуге тиісті еңбек нәрселері. Ал бұларды өңдеуге қолданылатын құрал-аспабтар еңбек құралдары деп аталады. Еңбек құралдарының ішіндегі ең бастысы еңбек нәрселерін өңдеу үшін қолданылатын өндіріс құралдары болып табылады. Құралсыз өндіру мүмкін емес. Табиғат өз байлығын оп - оңай бере салмайды, оларды алу үшін адамның білегінің қара күші мүлдем жеткіліксіз. Тіршілік үшін қажетті нәрселерді өндіру өндіріс құралдарының көмегімен ғана іске асады, ал өндіріс құралдары неғұрлым жетілген болса, өнім де соғұрлым көп болады.

Өндіргіш күштер дегеніміз қоғам жасаған өндіріс құралдары, ең алдымен еңбек құралдары және тіршілік үшін қажетті өнімді жасаушы - адам.

Еңбек құралдары қоғамның өндіргіш күштерінің шешуші элементі болып табылады, өйткені адамның табиғатқа деген қатынасының сипатын айқындап беретін солар.

Өндіріс процесінде адамдардың арасында қажетті түрде өндірістік қатынастар деп аталатын белгілі бір қатынастар пайда болады. Бұл қатынастар адамдардың өндірістік іс - әрекетінің ажырағысыз жағы болып табылады, өйткені адамдар жеке-дара өндіре алмайды, бір-бірімен қатынаса, қауымдаса отырып қана өндіре алады. Сондықтан еңбек әуелбастан қоғамдық еңбек еді және солай болып қала бермек. Еңбек процесінде адамдар арасында орнайтын бұл қатынастар болмай қоймайтын қажетті қатынастар болып табылады.

Өндірістік қатынастар - экономикалық қатынастар. Түрліше әлеуметтік топтардың өндірістегі үстемдік немесе бағыныштылық жағдайы, олардың өндіріс процесіндегі қатынастары меншіктік формадан туындайды. Егер меншік қауымдық болса, онда өндірістік қатынастар өндірушілердің ынтымақтасу және өзара көмектесу сипатында болады. Ал егер меншік жеке адамдікі болса, онда бағындыру және қанау қатынасы орнайды. Өнім бөлісу формасы да өндіріс құралдарына деген меншіктің сипатына тиесілі болады. Өндіріс құрал - жабдықтарының иесі өндіріс процесіне қатыспағанымен, өнімнің не барлығын алады немесе басым көпшілігін алады. Өндірістік қатынастар адамдардың санасы мен еркіне тәуелсіз объективті түрде қалыптасады. Адамдардың өндіріс процесіндегі қайсыбір қатынастары олар сәйкес келетін өндіргіш күштер дамып жетілген жағдайда ғана пайда болады.

Адамдардың үздіксіз өсетін қажеттерін қанағаттандырудың бір ғана жолы бар - өндірісті ұдайы жетілдіріп дамыту. Өндірісті дамыту - қоғам өмірінің объективтік қажеттілігі, заңы. Қоғамның тарихи, осы тұрғыдан алғанда, ең алдымен қоғамдық өндірістің төменгі тәсілінен жоғарғы тәсіліне қажетті түрде өту тарихы.

Өндірістік қатынастардың өндіргіш күштер сипатына сәйкес келуі - өндірістің дамуының міндетті шарты. Ол шарт белгілі бір дәрежеде

қоғамдық - экономикалық формациялардың бәріне тән, бірақ жеке меншікке, қанауға негізделген қоғамда өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің сипатына ұзақ сәйкес келіп тұра алмайды.

Өндірістік қатынастар өндіргіш күштердің дамуына ілесе алмай, кейін қала береді де олардың дамуына кедергі бола бастайды, олармен қайшылыққа келеді. Өндіргіш күштер әрі қарай дамыған сайын өндірістік қатынастардың кедергілік рөлі арта түседі де, олардың арасындағы қайшылық ақыр соңында жанжал деңгейіне жетеді. Сонда ескі өндірістік қатынастарды жойып, дамыған өндіргіш күштердің сипатына сәйкес келетін жаңа қатынастар орнататын әлеуметтік революцияның қажеттігі туады.

Сөйтіп, көп түрлі қоғамдық қатынастардың ішінен әлеуметтік философия материалдық, экономикалық қатынастарды негізгі, шешуші қатынастар ретінде бөліп көрсетеді, өйткені осы өндірістік қатынастардың жиынтығы қоғамның экономикалық құрылысын, базисін құрады. Бұл жағдайда өндірістік қатынастардың жиынтығын құрайтындар: меншіктің формасы және бұдан туынды адамдардың өндіріс процесіндегі қатынастары, материалдық игіліктерді бөлу формасы деп түсіну керек.

12 – тақырып. МАХАББАТЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

Махаббат мәселесі қазіргі философия ғылымында өзекті мәселеге айналуға. Қазір махаббат пен мейірімділікке негізделген жаңа үлгідегі әлемді тану жолында жаңа көзқарасты өзара түсінік философиясын қалыптастыру мәселесі күн тәртібінде тұр.

Махаббат көп жағдайда адамның дәстүрлі әлемі туралы түсінігімен анықталады. Әрбір халық өздерінің көп ғасырлық өзінің тарихында бұл ұғымға мифология дін, философия, этика, музыка, поэзия сияқты дәстүрлі мәдениетінің элементтерін енгізді.

Бұрынғы философтар махаббат ұғымын тереңдікпен зерттелген, Әл-Фараби, Ибн Сина, Омар Хайям, және тағы басқа белгілі ойшылдар мен ғалымдар бұл құбылыстың шығу тегін зерттей отырып, әр - түрлі, кейде бір - біріне қарама - қарсы болатын тұжырымдарға да келген. Қоғамның дамуына байланысты махаббат туралы түсініктер де өзгеріп отыратынына қарамастан халықтың тарихы мен дәстүріндегі махаббат ұғымының мәні мен табиғаты жұмбағы көп өзекті мәселесі болып отырды.

Махаббат туралы түсініктің қазақ дәстүрлі дүниетанымды өзіндік ұзақ тарихы бар екені белгілі. Бұл ұғым көбінесе рухани - адамгершілік мәселелермен тығыз байланысты.

Махаббат еркіндік, ар-ұят, жауапкершілік, мейірімділік сияқты адам болмысы категорияларымен байланысты. Бұл сезімнің тамаша бейнесі болып әр кезде әйел танылған.

Халық ұғымында сұлулық, білім, сөйлей білу, ән айту, музыкалық аспапта ойнау, тәкәппарлық сезімде болу - осы қасиеттер әсем қыздың бейнесін толықтыра түседі. Махаббатты қадірлейтін, қастерлейтін еркек те

осындай қасиеттер иесі болары анық. Сонымен қатар шынайы махаббатқа еркін рухты адамдар ғана бейімдірек келеді.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» эпосында қазақ дүниетанымындағы махаббат тақырыбының рухани - адамгершілік, әлеуметтік - мәдени негіздері ашылып көрсетілген.

Баян - Сұлудың трагедиялық махаббатының экзистенциалдық мағынасы - кейіпкерлердің өмір сүрген ортасының руханисыздану сияқты келеңсіз құбылысқа қарсылығы болады. Баян - Сұлудың қасіреті сүйіктісі өлгеннен кейін кек алу сезіміне айналды, ақыры өзін - өзі өлтіруге дейін барады. Өмірдің мағынасы ол үшін тек осы махаббаттың ауқымында болды.

Қозы Көрпеш пен Баян - Сұлу тарихы Шығыс мәдениетіндегі өз ғасырынан оза білген махаббаттың өлімді қалайшы жеңгенінің тамаша үлгісі бола алады.

Махаббат ұғымының асыл қасиеттерін жинақтап көрсеткен эпостардағы қыздың тамаша образдарының бірі Қыз Жібек бейнесі. Эпос дәстүрлі сипатта басталмайды, яғни, сезімнің пайда болуы келісімге, тағдырға, пешенге жазғанға негізделмейді, ол таңдау еркіндігіне арқа сүйейді. Негізгі кейіпкер Төлеген өзіне қалыңдықты өзі табады. Махаббаттағы таңдау құқы мен сезім еркіндігінің көрініс беруі қазақ қоғамындағы әлеуметтік - адамгершілік қасиеттердің, қатынастардың жаңа толқынын білдіреді, оны қоғам жазғырмайды, керісінше, қолдауға тырысады. Дегенмен, бұл махаббаттың өмірі де ұзақ болмайды.

Халық бұл сезімді жырлаумен шектеліп қана қоймай, оған жүйелі түрде тәрбиелеу құралы ретінде үлкен мағына береді. Қозы Көрпеш, Төлеген, Қыз Жібек, Баян - Сұлу - барлығы өз ата - аналарының, өз бауырларының және жақындарының махаббатымен, әлеуметтік ортасымен тәрбиеленген жандар.

Қазақта «қызға қырық үйден тыю» деген мақал бар. Оның мағынасы қызды біріге отырып рухани адамгершілікке тәрбиелеуде әрбір адам бұл жауапкершілікті жақсы сезінген.

Махаббат ұғымы - қазақ дүниетанымының өзекті де күрделі мәселесі. Махаббат деген адамның өмір сүруінің бірден - бір тәсілі, оның еркіндігінің көрінісі. Данышпан қазақ халқының «сұлу емес, сүйген сұлу» деген соның дәлелі. «Махаббат пен күштарлық ол екі жол» деп Абай айтқандай, махаббат адамдардың қоғамдағы отаншылдық, халық сүйгіштік, ұлтжандық, патриоттық, адамгершілік, имандық қатынастарын айқындайтын халыққа тән философиялық ұғым. Махаббат әр кімнің қолы жете бермейді, ол Алланың нұры жауғандарға ғана болмақ. Махаббаты жоқ адам әлемді және өзін тани алмайды, оның өмірге деген рухани күштарлығы да жоқ адам. Ондайлардың рухында Алланың суреті, яғни сәулесі жоқ. Қазақтың махаббат жырларында осындай пікір қыз бен жігіт арасындағы қалтықсыз сүйіспеншілік арқылы берілген. Адамды рухани жағынан жетілдіру - махаббаттың басты қасиеті. Махаббат жырларының көбісі қайғылы жағдаймен бітетіні де осыдан. Махаббат тақырыбында құрылған жырлар нағыз өмірдің тәжірибесі өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың ұлы жетістіктерінің негізінде қалыптасады.

Қазіргі рухани өмірдің тәжірибесі өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың ұлы жетістіктерінің негізінде қалыптасады.

Адамның рухани - адамгершілік өмірі дами келе әлеммен жеке адамның арасындағы үйлесімдікке әкеледі. Әлемдік өркениет дамуының үйлесімді бірлігін іздеу әр түрлі тәсілдермен, әдістермен жүзеге асады. Кейбір дәстүрлерде махаббат өтпелі өмір сияқты, ал бірақ, негізделген, көбінесе өмірдің өзі сияқты сипатқа ие болған.

Махаббат туралы Батыс және Шығысқа тән түсініктерді салыстыра отырып, адамзаттың бай рухани тәжірибесін қолданып, біз қазіргі кезеңде «өзімізге қайта оралу» қажеттілігіне бет бұрамыз.

Бұл қайта оралу - Інжілдегі адасқан ұлдың қайта оралуы емес, ол біздің шешілмеген мәселелерімізді түсіну үшін қажет гуманистік қайнар көздерге, рухани құндылықтарға қайта оралу болып табылады. Сонымен қатар, біз өзіміздің дәстүрлі дүниеге қатынасы сәйкес келетіндерін тандап алуға тиістіміз.

Махаббат әрқашан азап шегумен байланысты болатынын міндетті түрде айту қажет. Қасірет шегу ғашықтардың өмірінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Махаббат - бұл үздіксіз азапқа түсу. Махаббат адамды азапқа түсіретін сезім болғандықтан одан міндетті түрде құтылу керек дейтін буддалықтардың түсінігінен өзгеше, қазақта және басқа да шығыстық тұжырымдамаларда азап рухқа ерекше күш, ғарыштарға айырықша шабыт береді. Ғашықтардың біреуінің өлімі екіншісіне орны толмас қасірет әкеледі.

Махаббатты адамның өмір сүруінің бірден - бір тәсілі ретінде түсінудің қазіргі мағынасы ерте кезден - ақ анықталған.

Ұлы Абай махаббатты экзистенциялық тұрғыдан терең түсінді. Махаббаттың мәнін Абай «жүрек» категориясы арқылы ашты. Махаббат философиясының және жүрек философиясының тілі мен шығу тегі бір болатын. Ендеше, мұндай адамды бұл сезім әуелден - ақ сақталған. Оның өмірі махаббатты іздеуден және оны табудан тұрады. Абай өзінің «қара сөздерінде» жүрек, махаббат туралы көбірек айтады. «Жүрек», «намыс», «рух», «ерлік» «ар-ұят» туралы философиялық пайымдауларын ақын терең герменевтикалық талдаумен кеңейтеді. Ол махаббаттың мәнін анықтай отырып, тек сол ғана адамның өмірін толықтырады деген қорытынды жасайды. Адам өз махаббатын басқаға сыйлай отырып, өзінің жанын біреуге қия отырып, өзі оны жоғалтпайды, керісінше, өз болмысының мәнін жауапкершіліктен, қуаныштан, құрбандықтан табады. Махаббаттың түлері туралы айта келе, Абай сезімдік махаббатты кемсітпейді, оны рухани махаббаттың жоғарғы сатылардың бірі деп есептейді. Абай бізді жүректің тілімен сөйлеуге шақырады.

Шәкәрім болса, махаббатты ақиқаттың, руханилықтың жарығымен байланыстырады. Оның пікірінше, адам өз махаббатын жоғалтса, онда ол өзінің адамдық мәнінің тереңдігінен де айрылады.

Қазақ дүниетанымында махаббат туралы философиялық түсінік көпжақты, көпқырлы, сонымен қатар, ол әлемді үйлесімді - біртұтас ретінде тануға итермелейді. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында махаббат ұғымы әлемді ерекше сезіммен қабылдау тұрғысынан және әлемде өмір

сүрудің бірден - бір мүмкін тәсілі ретінде көрініс табады. Махаббаттың нақты - жалпы ұғымының мәні осында жатыр.

Махаббатты терең философиялық түсінуді қайта жаңғырту қажет, яғни, ол жас адамды өз ортасында үйлесімдікке әкеледі. Және қоғамды әлеуметтік жатсынудан құтқарады, өзіне деген махаббаттан басқаға және бүкіл әлемге деген махаббатқа дейін жеткізеді. Бұл сезімге жастарды жүйелі түрде тәрбиелеу қажет: айырықша шығармашылық ретіндегі махаббатқа тәрбиелеу-еліміздегі жастарға тәрбилеу мен білім беру жүйесінің негізі болуы керек. Махаббат нағыз өзімшілдікті жоюшы ретінде - нағыз даралылықты ақтаушы және құтқарушы. Махаббат зерделі санадан үлкенірек, бірақ ол онсыз ішкі құтқарушы күш ретінде әрекет жасай алмас еді, даралықты жоймай, асқақтата түсетіндей. Тек зерделі сананың арқасында (немесе ақиқаттың пайымдалуы десе де болады) адам өзін өзі айқындай алады, яғни өзінің өзімшілдігінен өзінің шынайы даралылығын, сондықтан өзі махаббатқа беріле отырып, осы өзімшілдікті құрбан ете отырып ол онан тек қана тірі ғана емес, тіршілікті туындатушы күшті табады және ол өзінің өзімшілдігімен бірге ол өзінің жеке бейнесін жоғалтпайды, ал керсінше, мәңгілік етеді. Хайуанаттар әлемінде оларда дербес зерделік сананың жоқтығына байланысты махаббатта жүзеге асатын ақиқат өзінің әрекеттеріне ішкі тірек тиянағын таба алмағандықтан оларға әлемдік мақсаттар үшін бөтен соқыр құралдар ретінде иемденген сыртқы тылсым күш ретінде тек тікелей әсер етуі мүмкін бұл жерде махаббат жалпының сыңаржақты салтанаты ретінде, тірліктің даралылықтан үстемдігі ретінде көрініс береді, өйткені хайуанаттарда олардың даралылығы қарапайым жекеленген болмысындағы өзімшілдікпен сәйкес келеді, сондықтан ол өздерімен бірге күйрейді.

Адам махаббатының мағынасы жалпы өзімшілдікті құрбан ете отырып даралылықты ақтау және құтқару. Бұл жалпы негіздің арқасында біз өзіміздің арнайы міндетімізді шешуімізге болады; жыныстық махаббаттың мағынасын түсіндіру. Жыныстық қатынастарды махаббат деп айтудың өзі бекер емес, бірақ жалпының ұйғарымы бойынша ол махаббат түрлерін типі немесе мұраты болып табылады.

Өзімшілдіктің жалғандығы мен зұлымдығы адамның өзін жоғары бағалауында өзіне шексіз лайықтылықты және маңыздылықты беруінде емес; ол осынысымен дұрыс, өйткені кез - келген адами субъект тірі күштердің дербес орталығы ретінде, шексіз мүмкіндік ретінде, абсолюттік ақиқатты санасымен өміріне бойлата алатын тіршілік иесі ретінде - кез келген бұл сипатта мағыналық пен абыройлыққа ие болады. Шынымен де ауыстыру болмайтын нәрсе де болады және әркім өзін жоғары бағалауға болмайды. Бұл мағыналықты мойындамау адами абыройды бас тартуымен бірдей: бұл негізгі адасу және кез келген сенімсіздіктің бастауы: оның жанының әлсіздігі соншалық өзіне өзі сенбейді, сондықтан ол басқа нәрсеге қалай сенсін? Өзімшіліктің негізгі өтірігі мен зұлымдығы субъектінің бұл абсолютті өзіндік санасымен өзіндік бағалауында емес ол оның өзіне әділеттілікпен мағыналықты тани отырып оны басқаларға әділетсіздікпен танудан бас тартуында: өзін

өмірдің орталығы ретінде мойындай отырып ол басқаларды өзінің маңайындағы болмысқа жатқызады және оларға сырттағы және, салыстырмалы құндылықты ғана қалдырады.

Махаббатта басқаның ақиқатын дерексіз емес, мазмұнда танып білу арқылы, өз өмірінің орталығын эмприкалық шеңбердің сыртына ауыстырып қана біз өзіміздің жеке ақиқатымызды, өзіміздің міндетті түрдегі маңызымызды көрсете аламыз. Ол өзіміздің дерек жүзіндегі феномендік болмысымыздың шекараларынан шығу қабілетінде, тек қана өзі үшін ғана өмір сүрмеу, яғни басқамен де өмір сүру қабілетінде болып отыр.

Кез келген махаббат осы қабілеттердің көрініс беруінде, бірақ оны кез келген дәрежеде жүзеге асырмайды, кез келгендер өзімшілдікті бірдей етіп түбегейлі құрта алмайды. Өзімшілдік тек қана нақты емес. Ол негізгі және біздің болмысымыздың ең терең орталығына тамырлап кеткен күш, міне осыдан оның біздің шындығымызға ендеп алған және барлығын баурап алатындай күші бар және ол біздің тіршілігіміздің барлық жекелеген сәттерінде үздіксіз қимылдайтын күш. Шынымен де өзімшілдікті түбірімен жою үшін оған біздің тіршілігіміздің тұла бойына ендеген, бізді билеп алған махаббатты қарсы қоюымыз керек. Біздің даралылығымызды өзімшілдіктің құрсауынан босатуы тиісті басқа нәрсе осы даралылықпен тұтастай қатынаста болуы керек және ол да сондай нақты және өзіміз сияқты объектіленген субъект болуы тиіс, екінші жағынан шынымен басқа болуы үшін бізден айырмасы болуы керек, яғни бізге тән барлық маңызды мазмұнға ие болып, оларға басқа кейіпте, тәсілде иемденуі тиіс. Сол арқылы біздің тіршілігіміздің кез келген көрінісі кез келген өмірлік акт осы басқа да жеткілікті деңгейде болып, басқаға деген қатынас онымен толық және ылғи өзара алысу, өзін басқа да толық және ылғи бекіту, жетілген өзара әрекеттесу және қарым – қатынастар болып табылады. Міне сонда ғана өзімшілдік тек принциптік мағынада емес, тұтастай нақты түрінде жойылады. Тек осы жағдайда, яғни химиялық түрде, бір тектес және әр түрлі екі тіршілік иесінің бірігуінде жаңа адамды қалыптастыру, шынайы адами даралылық нақты жүзеге асыру мүмкін. Осындай бірігуді немесе оған барынша жақын мүмкіндікті біз жыныстық махаббаттан табамыз, сондықтан біз оған барлық әрі қарай дамудың қажетті және қайталанбас негізі ретінде, тек адам ғана шынымен де ақиқатта болатындай тұрақты және міндетті түрдегі шарт ретінде ерекше маңыз береміз.

Махаббаттың басқа түрлерінің ұлы маңыздылығы мен жоғары абыройын мойындай отырып, жалған спиритуализм мен импонентті моралдизм олармен жыныстық махаббатты ауыстырғысы келеді. Дегенімен біз осы соңғысы екі негізгі талапты қанағаттандырады және оларсыз басқалармен толық өмірлік қарым - қатынаста өзіндікті толық шешімді түрде жою мүмкін емес. Барлық махаббаттың түрлерінде сүюші мен сүйіктінің арасындағы бір тектілік және өзара әрекеттестік жоқ.

Махаббаттың сезімі ретінде мағынасы мен абыройы өның өзімшілдіктің күші арқасында тек өзіміздің бойымыздан ғана түйсінетін басқадағы міндетті түрдегі орталықтық мағынаны біздің барлық тіршіліктік күшімізбен

мойындауға бізді мәжбүрлейді. Махаббат біздің сезімдеріміздің бірі ғана ретінде ғана емес, ол біздің барлық өмірлік мүдделеріміздің өзімізден басқаға ауыстырумен, біздің жеке өміріміздің біздің жеке өміріміздің өзіндік орталығын қайта ауыстырумен маңызды. Бұл кез келген махаббатқа тән бірақ жыныстық махаббатқа басымдырақ болып келеді; ол басқа махаббаттың түрлерін үлкен пәрменділігімен және тартымды мінезімен және толық жан жақты өзара түсінісу мүмкіндігімен айырықшаланады; тек осы махаббат қана екі өмірдің шынайы және айырмасыз бірігуіне жетелеуі мүмкін, ол туралы Құдай сөзінде төмендегідей айтылған: екі дене біреуге айналады, яғни бір нақты тіршілік иесі болады.

Сезім қосылудың толықтығын, іштейлігі мен аяқталғанын талап етеді, бірік іс бұл субъективті талаптар мен ұмытылыстардан арттыққа бармайды және ол өтпелі ғана болады. Шын мәнінде мәңгі және орталықтық қосылу поэзиясының орнына біршама ғана ұзақтығы бар дүние келеді.

Кез келген міндетті табысты шешуге деген алғашқы қадам оны саналы және дұрыс қоя білу: бірақ махаббат міндеті ешқашан да саналы қойған емес, сондықтан ол ешқашанда тиісті түрде шешімін тапқан емес. Махаббатқа адам басынан кешіретін белгілі бір дерек, белгілі бір жағдай ретінде қараған және қарайды да, бірақ ешнірсеге оны міндеттемейді; дегенімен мұнда екі міндет жапсырылады: сүйікті кісімен физиологиялық жақындықта болу онымен күнделікті тіршілікте одақ құру – ал соңғысы адамға кейбір міндеттерді жүктейді - ол біржағынан, хаиуанаттық табиғаттың заңдарына бағынады, Ал енді басынан аяғына дейін өзіне құзыры берілген махаббат сағымдай жоғалып кетеді. Әрине, махаббат алдымен табиғаттың дерегі, бізге байланыссыз пайда болатын табиғи процесс; бірақ бұдан біз оған саналы түрде қарамауымыз немесе бұл табиғи процесті жоғарғы мақсаттарға өз еркімізбен бағыттауымыз керек деген нәрсе туындамайды. Сөз құдіреті адамның табиғи қасиеттерінің бірі, тілді махаббат сияқты ойлап табуға болмайды. Дегенімен егер біз оған бойымызда өзінен өзі болып жататын тек табиғи процесс деп қарайтын болсақ, онда ол өте өкінішті болар еді, Егер біз құстардың сайрағанындай сөйлесек, жанымыз арқылы еріксіз өтетін сезімдер мен түсініктер көрініс табу үшін дыбыстар мен сөздердің табиғи байланысына барынша берілген болар едік, ал тілден тізбекпен келетін ойларды жеткізудің құралын жасамаған болар едік

Шынайы рухани сезім адамның негізгі байлығы болуы керек.

13 – тақырып. ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Философия тарихында адамзат өркениеттерін, тарихты зерттеуде, талдауда әр түрлі тәсілдер, принциптер, критерийлер қолданылады. Олардың қатарына экономикалық, географиялық, биологиялық, діни, гуманистік детерминизмдерді жатқызуға болады. Олардың арасында қазіргі қоғам өміріндегі бүгінгі өзгерістерді неғұрлым толық бейнелейтіні технологиялық детерминизм болып табылады. Технологиялық детерминизм — бұл қоғамдық

дамудағы техниканың анықтаушы рөлі туралы көзқарастардың, постулаттардың біріккен жиынтығы. Шындығында да, қазіргі өмірде техника мен технологияның маңызды рөлі орасан зор.

«Адаммен бетпе - бет келген бұл мәселенің маңыздылығы сонша, - деп жазады К.Ясперс, - қазіргі уақытта техника біздің ахуалымызды түсінудің басты мәселесіне айналды. Қазіргі техниканың барша өмір салаларына енгізілуін және оның өмір сүруіміздің барлық қырларына тигізген салдарын қайта бағалау мүмкін емес. Мұны түсінбей және ойлау барысында дәстүрлі тарихи қалыптарды қолдана отырып, қазіргі және өткен өміріміз арасында салыстыру жүргізу мүмкін емес. Өткен мен біздің заман арасында параллель жүргізу үшін міндетті түрде қазіргі техникамен байланысты орын алған радикалды өзгерістерді ескеру қажет» .

Техника мен технология бүгінгі қоғам жедел дамуының маңызды факторына айналды және техника ықпалын тигізбеген адам өмірінің бірде - бір саласы қалмады. Қазіргі коммуникация құралдары арқасында мемлекет еркі ең шалғай аудандарға дейін қамтып, кезкелген уақытта әр шаңырақтан өз күдіретін сездіре алады. Техника әсерімен терең үдерістер орын алады, еңбек өнімділігі қарқынмен өседі. Оның мазмұны өзгереді. Қоғамның әлеуметтік құрылымы өзгереді. Оның үстіне адам да өзгереді. Қазіргі техника тіпті адамның тылсымдық тұңғышына да ықпалын тигізеді. Егер ертеректе адам табиғатта да, әлеуметтік салада да өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделуі үшін жеткілікті дәрежеде уақыт тауып жатса, ал қазір табиғат пен қоғамдағы техника, технология ықпалымен өтетін өзгерістер жылдамдығы сонша, бүгінгі адам өмір сүрудің өзгерген жағдайларына бейімделіп те үлгере алмайды және қашан да таусылмайтын жаңа мәселелер толассыз туып жатады. Осыған байланысты қазіргі философияда адам мәселесін зерттеудің техника философиясы түріндегі жаңа қырын айқындау қажеттілігі туындайды.

Техника философиясы - бүгінгі күні өзінің гүлдену кезеңінен бастан кешіп жатқан батыс философиясының қазіргі бағыттарының бірі. Батыста техника философиясының қалыптаса бастауын И.Бекман есімімен және 1777 жылы басылып шыққан оның «Технология бойынша жетекшілік, немесе қолөнерді, фабрикалар мен мануфактураларды тану» деп аталатын еңбегімен байланыстырады. Бірақ көпшіліктің пікірінше, бұл саладағы негіз қалаушы еңбек 1877 жылы жарияланған және жүз жылдан кейін Германияда қайта басылып шыққан Э.Капптың «Техника философиясының негізгі белгілері» деп аталатын жұмысы болып саналады.

Техника философиясы - қазіргі әлемдегі техника феноменін философиялық - методологиялық және дүниетанымдық тұрғыда зерттеуге негізделген қазіргі философиядағы бүтіндей бір бағыт. Бұл бағыт бастапқыда Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкада, кейінірек 60-80 жылдары Жапонияда кеңінен таралды. Батыстағы қазіргі техника философиясының бастапқы өкілдері қатарына Э.Капп және Ф.Дессауэрмен қатар О.Шпенглерді, М.Хайдеггерді, Ортега-и-Гассетті, Мэмфордты, К.Шиллинги және т.б. жатқызуға болады. Бірақ сонымен қатар техника ұғымы ертедегі ойшылдарда

да кездеседі. Мысалы, еңбектің табиғи және жасанды органдары арасындағы апология туралы ой Платон мен Аристотельде ұшырасады. Егер Аристотель қолды «құралдың құралы» деп атаса, Гегель де осы идеяны қайталайды. Гегель техника табиғатын түсінуде бірқатар идеялар ұсынады. Гегельдің, пікірінше техникалық жабдықтар объект табиғатымен анықталады, ал екінші жағынан жабдықтар техникалық құралдар арқылы іске асатын мақсаттың тасымалдаушысы болып табылады. Гегель былай деп жазады: «адам өз мақсатында сыртқы табиғатқа бағынышты болғанымен, өзінің құралдары арқылы үстемдікке ие болады». Антик әлемі авторлары мен Гегельдің бұл идеяларын Батыстың кейінгі философтары Э.Капп және Л.Нуаре жалғастырды. Олардың негізгі идеясы техника феноменін «органопроекция» негізінде түсінумен сипатталады. Олардың пікірінше техника жасанды орта болып табылады, бірақ ол адам органдарының табиғи материалға проекциясы ретінде көрінеді, яғни техниканың бүкіл дамуы адамның табиғи еңбек органдарын көшіру арқылы, оларды сыртқы әлемге «проекциялау» арқылы жүзеге асады.

Техника феноменін түсіндіруде өзге, карама - қарсы позицияны ұстанған философ - неотомист Ф.Дессауэр болды. Ф.Дессауэр, Э.Капп және Л.Нуаре ұсынған техниканың биологиялық концепциясымен келіспеді. Ол техника табиғат заңдарымен байланысты және оның шектерінен тысқары шықпайды деп есептейді. Алайда бұл да ешнәрсені айқындамайды, техниканың автономды да мәні бар. Оның пікірінше техникалық идеялар адам ақылында пайда болмайды, ол ақылдың көмегімен ауланады. Техникалық идеялар құдайдың ойы, жаратушының күдіретті ақыл ойының көрінісі.

Техника мәселесі Хайдеггер философиясында негізгі орындардың бірін алады және көптеген шығармаларында үнемі кездесіп отырады. Бірақ бұл тақырыпқа арналған оның ең маңызды шығармасы «Техника туралы мәселе» деп аталады. Бұл жұмысында М.Хайдеггер техниканы пайымдауды жаңа іргетасқа қойды. М.Хайдеггер былай деп жазады: «техниканың мәні белгілі мағынада техникалық емес. Сондықтан да біз ол туралы жай ғана ойлағанда, оны қолданғанда, басқарғанда немесе одан қашқақтағанда техниканың мәніне деген өз қатынасымызды ешқашан да сезіне алмаймыз. Барлық осы жағдайларда, оны қызығушылықпен қолдасақ та, теріске шығарсақ та, біз техникаға құлдар секілді ажырамастай таңылғанбыз. Біз техниканы бейтарап нәрсе деп есептеген кезде, оның нағыз тұтқынына айналамыз. Қазіргі кезде кең өріс алған мұндай көзқарас оның мәніне деген мүлде көрсоқырлықты туындатады».

Хайдеггерге дейін техника Ақыл - ой мен Қайырымдылықтың (ізгіліктің) салтанатты шеруі ретінде бағаланып келді. Кейбір жағдайларда техниканың өзіне қарсы шығу емес, оны қолдануға қарсы шығу өзекті сөз болды. Мысалы, О.Шпенглер «түсті» нәсілдер еуропалықтардан техниканы тартып алып, оларды үстем жағдайынан айырады және түбінде техниканы жояды деп қорықты. Хайдеггер керісінше, техниканың өзін адам үшін үлкен қауіп - қатер деп есептеді. Техниканы түсіндірудегі Хайдеггердің тағы бір жаңалығы, оған дейін техника адамзат тарихы мен мәдениеті дамуы байланысындағы көптеген

факторлардың бірі ретінде қарастырылып келсе, ал бұл неміс ойшылының пікірінше техника қазіргі дәуірдің болмысы болып табылады. Және Хайдеггерге дейін техника ең алдымен мәдениет философиясы мен тарих философиясының және тек кейін ғана антропологияның мәселесі болып келсе, ал М.Хайдеггер онан метафизиканың мәселесін шығарды. М.Хайдеггерде де техника болмыстың терең қасиеттерін пайымдаудың маңызды тәсілі болып табылады. Ол болмыстағы табылуға және өзінің нағыз, бүлінбеген кейпінде көрінуге тиіс нәрсенің жасырын жағын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Техниканың мәні арқылы адам болмыспен тілдесіп, оның үнін естиді. Бірақ импульс дұрыс табылмауы мүмкін өйткені техника адамды өзіндік ашылудың жалған жағына қарай итермелейді.

К.Ясперс техниканы түсіндіруде Хайдеггерлік түсінікке жақын келді. Ол өзінің «Тарихтың қайнар көздері мен мақсаты» деген еңбегінде техниканы әлемдік тарихтың түбегейлі жаңа факторы ретінде қарастырады. К.Ясперстің пікірінше қазіргі заманда былайша пайымдау қажет: «Қазіргі уақытта біз тарихтың бұралаң кезінде тұрғанымызды сезінеміз, бұдан жүз жыл бұрын - ақ бұл кезенді антик әлемі дағдарысымен салыстыра бастап еді, ал кейінірек оның тек Еуропа мен Батыс мәдениеті үшін ғана емес, бүкіл әлем үшін орасан зор маңызы бар екендігін байқалды. Бұл - техника ғасыры өзінің барлық салдарымен қоса, адамның еңбек, өмір, ойлау саласындағы, символика саласындағы мыңдаған жылдар бойы жинақтағанынан сау - тамтық қалдырмайтын сияқты. Қазіргі техниканың пайда болуымен барлығыда өзгерді. Ең алдымен, К.Ясперстің пікірінше, адамның табиғатпен байланысы өзгерді. Адам техниканың көмегімен табиғатты бағындыра отырып, өзі табиғаттың ықпалына түседі, табиғат адамның тиранына айналады. Техника адамның барлық күнделікті өмірін өзгертіп жіберді, ол «бүкіл өмір сүруді белгісіз техникалық механизм әрекетіне, ал бүкіл планетаны - тұтас фабрикаға айналдырды. Сонымен бірге адамның өз түбірінен толық ажырауы жүзеге асты және бұл бүгінгі күш де жалғасуда. Адам отансыз жердің тұрғынына айналып, дәстүр жалғастығын жоғалтты. Рух пайдалы функцияларды орындау мен оқып - үйрену қабілетіне айналды». Ары қарай К.Ясперс былай деп жазады: «Мына нәрсе күмәнсіз: техника адамның өзін өзгертуге бағытталған. Адам енді өзі қалыптастырған техника ықпалынан босанып шыға алмайды. Және техникада шексіз мүмкіндіктермен қатар, шексіз қауіп-қатердің де бар екендігін күдік туғызбайды. Адам өзі техниканың билігінің астына қашан және қалай түскенін аңғармай да қалды». К.Ясперстің пікірінше, техниканың маңызы мен рөлінің құдіреттілігі сонша, оның мәнін ашпай қазіргі ахуалды пайымдау мүмкін емес. Техниканың нақтылығы адамзат тарихындағы үлкен бетбұрысқа әкелді, біз адамзат өмірін механикаландырудың нағыз дер кезінде тұрғанымызбен, оның барлық салдарларын болжау небір ұшқыр көріпкелдердің де қолынан келмейді.

80 - жылдары көптеген батыстық философтар техника мен технологияны тек тарихи ағымда ғана қарастырып, техника мәнін ұғыну мүмкін емес деген қорытындыға тоқталды. Американдық философ Х.Сколимовскидің «Техника философиясы адам философиясы ретінде» деген жұмысында айқын көрінеді.

Ол техника философиясын адам философиясы ретінде түсінуді ұсынады. Бұл мағынада адам техникалық императивке бағынғаннан гөрі, техника адам императивіне бағынуы тиіс. Х.Сколимовскидің пікірінше, философиялық зерттеулердің бұл саласының пайда болуы еуропалық өркениеттің пайда болуы мен жойылуындағы техника рөлін кеш мойындауды байқатады. Техника философиясы ең алдымен біздің өркениетті сыни тұрғыдан бағалау нәтижесінде пайда болғанын ескеру қажет.

Техника философиясын ең алдымен екі қарама - қарсы бағытқа бөлінеді: техницизм және антитехницизм.

Техницизм қоғам өміріндегі техника рөлін тек қалыпты құбылыс ретінде, адамзаттың игілігі ретінде ғана қарастырады.

Антитехницизм - өсіп келе жатқан жаңа технологиялардың қауып -қатері алдындағы үрей мен қорқыныш, сенімсіздік.

Техника философиясы негізінен екі басты дәстүр ықпалында: неопозитивизммен әсері және байланысы бар сциентистік методологизм және мәдениеттанымдық антропологизм. Техниканы философиялық зерттеулер осы екі дәстүрдің біріне бағдар ұстануына байланысты - логикалық не методологиялық мәселелермен айналысады, не техниканың гуманистік құндылық қырларын зерттейді. 80 - жылдары техницизм идеологиясы қайтадан күшейе түсті. Бұл бағыттың негізгі тұжырымдары О.Тоффлердің атақты «Үшінші толқын» еңбегінде жарияланады. О.Тоффлер қоғам дамуын толқын қозғалысы ретінде қарастырады. Ал «Футуршок» еңбегінде қазіргі адам қоғам мен техниканың шұғыл өзгерістеріне дайын еместігін айта келе, болашақтың адамға ауыр тиетінін ескертеді.

XX ғасырдағы индустриалдық қоғамның ең күшті сыншыларының бірі Л.Мэмфорд болды. Бастапқыда ол болашақты өркениет технологиясына негізделген гуманистік прогресс ретінде елестетті. Кейінірек өзінің позициясын түбірімен қайта қарап, ақпарат саласын өз қолына шоғырландырған және күшті репрессивті бюрократиямен басқаратын әскери-өнеркәсіптік истеблишмент тарапынан келетін қауіп - қатер туралы ескертеді.

Қоғамды ақпараттандыру үдерісі техникалық және технологиялық үдерістерді өз бойына біріктіре, жинақтай және тек технологиялық мәселе болудан қалады.

Болашақта адамзат өркениетінің дамуы ғарыштық дәуір не компьютерлік немесе ақпараттық болсын, осының барлығы адамның игілігі үшін жасалып жатқандығын ескеруіміз керек. Бұл мағынада техника философиясы ең алдымен адам философиясы деген американ философы Х.Сколимовскидің пікірімен келісуге болады.

14 – тақырып. ДИАЛЕКТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАҢДАРЫ

Философияда ең негізгі екі әдіс бар: біріншісі - диалектика болса, ал екіншісі - метафизика болып табылады. Диалектика деген гректің сөзі «диалектикус», «әңгімелесу» деген сөз. Диалектика - табиғаттың және әлеуметтік дүниенің дамуы туралы терең де жан - жақты ілім. Диалектиканың негізгі идеясы, түпкі принципі - даму идеясы. Диалектика даму жөніндегі, жалпыға бірдей байланыс жөніндегі ілім ретінде сонау ертеде - ақ пайда болды. Ертедегі барлық грек философтары Ф.Энгельс, туа біткен диалектиктерді, ал солардың ішінде Аристотель жан - жақты білімдар, кемеңгер ойшыл болды, ол диалектиканың ерекше белгілерін зерттеді. Ертеде диалектиканы қарсылас адамның пікірлеріндегі қарама - қайшылықты табу және оны жою арқылы ақиқатқа жету, яғни айтыса білудің әдісі деп түсінді. Кейіннен даму жөніндегі философиялық екі көзқарастың бірі таным әдісі мен болмыстың өзгеруін диалектика деп атады.

Диалектика даму жөніндегі, жалпыға бірдей ілім ретінде ерте кезде пайда болған. Енді диалектика даму арқылы нені түсінетіндігіміз туралы мәселеге жауап беруіміз қажет. Өзгеріс атаулының бәрі бірдей даму бола бермейді. Даму деп - заттар мен құбылыстардың сапа жағынан өзгеруін, негізінен басқаға айналуын, біреулерінің құрып, екіншілерінің, жаңаларының тууын айтамыз дамудың жалпыға бірдей сипаты болады. Адамның айналасындағы барлық заттар мен құбылыстар - жұлдыздар мен өсімдіктер және адамның өзі де даму процесінде пайда болып, өзгеріп және дами береді. Қоғамдық өмір де терең өзгерістерге ұшырайды. Феодалдық құрылыстың орнына капитализм орнап, оның орнына социализм құрып, капитализмге қайта оралдық. Диалектиканың негізгі идеясы, түпкі принципі - осы даму идеясы.

Даму екі бағытта болады - прогресс және регресс. «Прогресс» - ол латын сөзінен «алға» жылжу деген сөз, ал «регресс» - кертартпа деген сөздің мағынасын білдіреді.

Дамудағы спираль - терісті теріске шығару заңына сипаттамадағы дамуды бейнелеп түсіндіру үшін қолданған салыстыру. Даму кезінде әрбір құбылыстың өзгеру процесі өзінің «бұрынғы түріне» қайта оралғандай тәрізді, жоғары сатыдағы құбылыс төмендегі сатыдағының кейбір сипатын және ерекшелігін қайталағандай болады. Спиральдың әрбір жана орамы алдыңғы орамды қайталағандай тәрізді, бірақ ол жоғары сатыда өтеді. Даму процесінде кез-келген объекті өзінің жойылу, бөліну, пайда болуынан тұрады. Бұл мәселелерге диалектиканың элементтері, яғни заңдары мен категориялары жауап береді.

Дамудың диалектикалық тұғырнамасының терең мәнін ашатын негізгі үш заңы бар. Олар: қарама - қарсылықтың бірлігі мен күресі, сан және сапа өзгерістерінің өзара ауысуы және терістеуді терістеу заңы.

Заң дегеніміз құбылыстардың арасындағы жалпы маңызды қайталанып отыратын байланыс. «Қарама - қарсылықтың бірлігі мен күресіне» тоқталайық. Қарама - қарсылықтар мен бірлігі мен күресі заңы - материалистік диалектиканың мәнін, «өзегін» аңғаратын шындықтың және оны адам ойы тануының жалпы заңы. Кез - келген объекті қарама - қарсылықтардан тұрады.

Бұл заң ешқандай сыртқары күштерге жүгінбестен кез - келген қозғалыстың активті ішкі «көзін» түсіндіреді, қозғалыстың өздігінен қозғалуын ұғынуға мүмкіндік береді.

Терістеуді терістеу заңы - диалектиканың негізгі заңдарының бірі. Тұңғыш рет Гегельдің идеалистік жүйесінде тұжырымдалған. Терістеудің терістеу заңы сабақтастықты, дамудың спираль тектестігін, жаңаның ескімен сабақтастық арқылы байланысын, дамудың жоғары сатысындағы бірқатар төменгі сатыларға тән кейбір қасиеттердің ерекше түрде қайталанатындығын көрсетіп, дамудың прогресті сипатын дәлелдейді. Диалектикадағы терістеу категориясы бір заттың басқа затқа айналуын осы кезде бірінші заттың өзгеріп екінші заттың құрамындағы тәуелді элемент күйіне көшуін көрсетеді. Бұл диалектикалық алыну деп атанған. Ол әрі қарай дамуға жол ашады және өткен сатылардың жағымды жақтарының бәрін сақтай алатын байланыс сәті ретінде көрінеді. Диалектикалық терістеуді құбылыстың ішкі заңдылықтары мен қайшылықтары тудырады, ол өзін - өзі терістеу ретінде көрінеді. Қос терістеу немесе терістеуді терістеу арқылы көрінетін дамудың ерекшелігі диалектикалық терістеудің мәнінен келіп шығады.

Сапа мен сана өзгерістерінің өзара орын алмастыру заңы. Сапа мен сана болмыстың объективтік сипаттамасы. Олар адамның практикалық қызметтерінің принциптері. Олар өзара орын алмастыру арқылы даму процесі жүріп жатады.

Сапа және сана өзгерістерінің өзара орын алмастыру заңы болмыс пен ойдың жалпы формасы, адамның практикалық және танымдық қызметінің жалпы шарты.

Сапалық және сандық өзгерістердің өзара орын алмастыру заңы үлкен методологиялық және практикалық роль атқарады. Сандық өзгерістер белгілі бір сапа шеңберінде бірте - бірте үздіксіз жүреді. Өз дамуының белгілі бір сатысында, екінші бір затқа айналады, яғни сандық өзгерістер толығымен сапалыққа ауысады. Ал ескі сападан көшу әдетте секіріс формасында өтеді. Секіріс нәтижесінде пайда болған жаңа сапа және сандық өзгерістер туғызады. Сапа және сандық өзгерістердің өзара орын алмастыруының негізгі себебі қарама - қарсылықтардың бірлігі мен күресінде, қайшылықтың дамуы мен шешілуінде.

Диалектиканың негізгі үш заңы да белгілі бір категориялар арқылы тұжырымдалады. Категория дегеніміз не? Категория дегеніміз - адам ойлауының, оның болмысына қатысының сипаттамалары. Ал енді категорияларына тоқталайық: Жеке мен жалпының арақатынасы жөніндегі мәселе тарихи процестердің заңдылықтарына талдау жасауға байланысты ерекше шиелінісе түсті. Кеңістік және уақыт жағынан бір - бірінен бөлек тұрған, өзіне ғана тән сапалық және сандық айқындылығы бар жеке нәрселер мен құбылыстардың өмір сүруі жекеше категориясымен сипатталады. Ол бір объектіні басқаларынан айырып тұратын, тек сол объектіге ғана тән нәрсені көрсетеді. Заттардың қасиеттері мен қатынастарының ортақ белгілері, қасиеттері жалпылық категориясымен белгіленеді. Бұл категория объектінің

қасиеттері мен жақтарының ұқсастығын, белгілі бір жүйенің элементтері, бөлшектері арасындағы, сондай - ақ түрлі жүйелер арасындағы байланысты бейнелейді. Жалпы жекеден бұрын және одан тыс өмір сүрмейді, дәл сол сияқты жеке де жалпыдан тыс өмір сүрмейді;

Себеп пен салдар - арақатынасты ұғымдар. Басқа бір құбылысты өмірге келтіретін құбылыс оның себебі болып табылады. Себеп әрекетінің нәтижесі салдар болады.

Себеп пен салдар туралы ұғымдар қоғамдық практика мен дүниені танып білу процесінде қалыптасты. Себеп пен салдарда ойлау объективтік дүниенің маңызды заңдылығын бейнелейді. Бұл заңдылықты білу адамдардың практикалық қызметі үшін қажетті құбылыстар мен процестердің пайда болу себептерін танып біле отырып, адам оларға әсер етуге, оларды жасанды жолмен қайта жасауға, өмірде қайта тудыруға немесе, керісінше, оларды болдырмауға мүмкіндік алады.

Себеп пен салдардың өзара әрекеттесуі дегеніміз - олардың бір - біріне ұдайы әсер етуі, соның нәтижесінде себеп те, салдар да өзгеріске ұшырайды. Себеп пен салдардың өзара әрекеттесуіне олардың айналасындағы құбылыстар әсерін тигізеді; ол құбылыстардың жиынтығы жағдайлар деп аталады. Жағдайлар - тиісті оқиғаның болуы үшін қажетті, бірақ оны өздігінше тудыра алмайтын құбылыстар;

Қажеттілік - шындықтағы құбылыстардың, процестердің, объектілердің одан бұрынғы бүкіл дамуының барысында пайда болған тұрақты, мәнді байланыс. Қажетті нәрсе заттардың мәнінен туады және ол белгілі бір жағдайларда міндетті түрде болуға тиісті. Қажеттінің бәрі бірдей сөзсіз бола бермейді. Барлық басқа мүмкіндіктер жоқ болып, тек бір мүмкіндік қалған кезде ғана қажеттілік сөзсіз болуы мүмкін.

Дүниеде қажетті емес, кездейсоқ құбылыстар да, оқиғалар да аз емес. Кездейсоқ дегеніміз - дәл осы жағдайларда болуы да мүмкін, болмауы да мүмкін, дәл сондай болуы да немесе басқаша болуы да мүмкін нәрсе.

Қажеттілік пен кездейсоқтық диалектикасының мәні, ол кездейсоқтық қажеттіліктің көріну формасы ретінде және оның қосымшасы ретінде өмір сүреді. Қажеттілік пен кездейсоқтық диалектикасын есепке алу - дұрыс практикалық іс - әрекеттің маңызды шарты болып табылады;

Мүмкіндік пен шындықтың арақатынасы қайшылықты және алуан түрлі. Жаңаның пайда болу күйіндегі болмысы мүмкіндік деп аталады. Тиісті жағдайлар туған кезде мүмкіндік шындыққа айналады. Даму процесі - мүмкіндік пен шындықтың диалектикалық бірлігі. Мүмкіндік пен шындық категорияларының қарым - қатынасында шындық бірінші орында болады. Уақыт жағынан алғанда мүмкіндік шындықтан бұрын болады. Бірақ мүмкіндіктің өзі шындық ретінде қазірдің өзінде өмір сүретін нәрсенің бір моменті болып табылады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, уақыт жағынан алғанда мүмкіндік шындықтан бұрын болады. Алайда шындық одан бұрынғы дамудың нәтижесі болғандықтан, ол сонымен қатар кейінгі дамудың бастама пункті де болып

табылады. Мүмкіндік сол кездегі шындықта туып, жаңа шындықта жүзеге асады, нақтылы түрде көрінеді;

Мазмұнның сыртқы көріну әдісін, мазмұн элементтері ішкі байланысының және олардың өзара әрекеттесуінің біршама тұрақты айқындылығын, мазмұнның типі мен құрылымын форма деп түсінеді. Форма мен мазмұнды әрбір нақты объектіде бір-бірінен бөліп тастауға болмайды. Форма мазмұнға сырттай жапсырылған сыртқы бірдеңе емес. Форма дегеніміз ішкі мен сыртқының бірлігі болып табылады. Мазмұн элементтерін байланыстыру әдісі ретінде форма ішкі бірдеңе. Ол объектінің құрылымын құрады және мазмұнның моменті сияқты болады. Дәл осы мазмұнның басқа заттар мазмұнымен байланыс әдісі ретінде форма сыртқы бірдеңе;

Мән және құбылыс - өзара қатынасты категориялар. Олардың бірі екіншісі арқылы сипатталады. Егер мән жалпы нәрсе болса, құбылыс - мәннің әйтеуір бір моментін ғана көрсететін жеке нәрсе. Мән және құбылыс - заттардың түрлі жақтарын, танымның сатыларын, объектіні терең меңгерудің түрлі дәрежесін көрсететін категориялар. Мән дегеніміз - объектінің негізгі қасиеттерінің, жақтарының, ішкі байланыстарының түйіскен пункті. Ал құбылыс - мәннің сыртқы байқалуы, оның көріну формасы. Адамға тікелей байқалмайтын мәнге қарағанда құбылыс заттардың сыртында жатады. Ішкі нәрсе ретінде мән заттардың сыртқы, өзгергіш жақтарына қарама - қарсы болады. Құбылыс - сыртқы бірдеңе, ал мән - ішкі бірдеңе деген кезде әңгіме заттардың кеңістіктік қатынасы туралы болмай, нәрсенің өзін сипаттау үшін ішкі мен сыртқының объективтік маңызы туралы болады. Құбылыс онда болатын нәрсесіз, яғни мәнсіз өмір сүре алмайды.

«Метафизика» термині б.д.д. Іғ. Аристотельдің философиялық мұрасының бір бөлігінің атауы ретінде шықты; сөзбе - сөз алғанда ол «физикадан кейін келетін» деген мағынаны білдіреді. Аристотельдің өзі мұны «бірінші философия» деп атады; ол барлық ғылымдар үшін міндетті нәрселердің өзгермейтін және оймен ғана пайымдауға болатын, сезім мүшелерімен білуге болмайтын ең жоғарғы бастамаларын зерттейді - мыс. «Метафизика» термині кейінгі философияда осы тұрғыда қолданылды. Орта ғасырлық философияда метафизика теологияның философиялық дәлелдемесі ретінде қызмет етті. Шамамен алғанда XVI ғасырдан бастап «метафизика» терминімен қатар сол мағынада «онтология» термині де қолданылды. Декарттың, Лейбництің, Спинозаның және т.б. XVII ғасырда философтардың философиясында «метафизика» жаратылыстану және гуманитарлық білімдерімен тығыз байланыста қолданылды. Бұл байланыс XVIII ғасырда әсіресе Вольфтың және т.б. онтологиясынан ығыстырылды. «Метафизика» термині сол мағынада осы күнгі буржуазиялық философияда әлі де қолданылуда.

Жаңа заманда метафизика ойлаудың антидиалектикалық тәсілі ретінде, заттар мен құбылыстарды өзгеріссіз және бір - бірімен тәуелсіз қарастыратын, табиғат пен қоғамдағы дамудың қайнар көзі болып табылатын ішкі қайшылықтарды жоққа шығаратын дүниетанымдағы сыңаржақтықтың

нәтижесі ретінде пайда болды. Тарихи жағынан алғанда бұл ежелгі дүние мен қайта өрлеу дәуіріндегі дүниені тұтас, қозғалыстағы, даму үстінде қарастыратын ғылыми - философиялық таным әдісінің орнына енді ғылыми білімнің тереңдеуіне және жіктелуіне байланысты дүниедегі нәрселерді бір-бірімен байланыссыз қарастыратын бір қатар бөлек білім салаларының шығуына орай пайда болған ойлау тәсілін білдіретін болды. «Метафизика» терминің «антидиалектика» мағынасында тұңғыш қолданған Гегель сондай-ақ бұрынғы «метафизиканың» әдетте антидиалектикалық сипатта құрылғанын ескерді. Бұл «метафизика» терминінің екі мағынасын бір - біріне жақындата түседі. Ғылымдардың және метафизикалық ойлаудың ғылыми жағынан қисынсыздығын айқындап, оған материалистік диалектика тәсілін қарсы қойды.

Бұл мәселе төңірегінде философия тарихында диалектикалық және метафизикалық әдістердің арасында үздіксіз күрес тартыс жүріп келе жатқанын айтқан жөн. Дүние - табиғат, заттар дүниесі болсын, рухани болсын - үздіксіз өзгерісте, қозғалыста, даму да бола ма, жоқ, онда тыныштық; тепе - теңдік, өзгермеушілік басым ба деген сұрақ философияның көкейкесті, оның сананың материяға қатысын қарастыратын негізгі мәселемен қатар қойылатын дүниетанымдық, методологиялық маңызы зор мәселелердің бірі болып саналады.

15 – тақырып. ФИЛОСОФИЯДАҒЫ ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Гносеология гректің гносис - таным, логос - ілім деген сөздерінен шыққан. Шетелдік әдебиетте бұл терминмен қатар эпистемология грекше эпистема - білім деген сөз термині қолданылады. Бұл терминмен әдетте олар ғылыми таным теориясы дегенді білдіреді. Таным - адам санасын дамытудың негізі болып табылады.

Таным процесінің заңдылықтарын зерттеуде таным теориясы деп атайды. Философия негізгі мәселесін дұрыс немесе бұрыс шешуге байланысты екі түрлі таным теориясы (материалистік және идеалистік) қалыптасты. Сонымен бірге адамның дүниені танып - білу мүмкіндігін жоққа шығаратын бағытты - агностицизм деп атайды.

Танымның субъектісі деп тарихи нақтылы қоғамды, сонымен бірге топтар, әлеуметтік топтар мен жеке адамдарды айтуға болады. Субъект өз табиғатын қызметінде таным объектісі ретінде қарай алады. Танымның объектісі ретінде табиғатты, қоғамды және қоғамдық қатынастарды атау қажет. Олар таным объектісіне субъектінің өндірістің, әлеуметтік және ғылыми қызметі арқылы айналады. Осыдан келіп, объект - субъект, субъект - объект қатынастарының таным процесіне алатын орны, жалпы практикалық табиғатын, даму процесін қарастыруда ролі ерекше екенін көреміз.

Таным процесінің диалектикасы белгілі бір тарихи дәуірде өндірістің, ғылымның даму дәрежесінен білімдеріміздің шағындығы мен мәңгі дами беретін объективтік шындықтың шексіз күрделілігінің, ұшан-теңіз көптігінің

арасындағы қайшылықтан көрінеді. Бұл қайшылық біздің білімдерімізді кеңейтетін, тереңдететін және анықтап отыратын ғылымның үсті - үстіне жаңа табыстарға жетуі формасында үнемі шешіліп, жеңіп алынып отырады, бірақ ешқашан да толық жоғалып кетпейді. Мұны танымның субъектісі мен объектісі арасындағы шешуші қайшылық дейді. Ол үнемі практика негізінде шешіліп, онан басқа формада қайта пайда болып отырады.

Сондай - ақ таным процесінің диалектикасы адамның танып білуінің субъективтік формасы мен объективтік мазмұны арасындағы бірлік пен қайшылықтан да айқын көрінеді. Біздің түйсіктеріміз, қабылдауларымыз, түсініктеріміз және ұғымдарымыз бен теорияларымыз - бұлар объективтік дүниенің субъективтік образдары, практикалық қызметтің формалары.

Таным процесінің диалектикасы мынадан да көрінеді: ғылымның дамуы үшін логикалық жағынан дәлелдеу және практикада тексеру жолымен ақиқатты анықтауға мүмкіндік беретін пікірлердің күресі.

Айналадағы дүниені тану - күрделі, қайшылықты процесс, оған шындықты белсенді, творчестволық бейнелеудің белгілі бір жүйелілігі мен өзара байланысы болып табылатын әртүрлі формалар кіреді.

Сезімдік таным дегеніміз - сезім мүшелері: көру, есту, сезіну және басқалар арқылы жүзеге асырылатын танып - білу. Сезім мүшелері дегеніміз - ол біздің айналамыздағы дүние жайындағы мәліметтер санамызға келіп кіретін бірден - бір қақпалар болып табылады.

Сондықтан таным процесінің қандайы да болсын материалдық заттардың сезім мүшелеріне ықпал етуі нәтижесінде туатын әсерлерден басталады. Сезімдік таным негізгі үш формада: түйсіктер, қабылдаулар және елестету арқылы жүзеге асырылады.

Сезімдік таным тек заттар мен құбылыстарды тікелей қабылдаумен ғана танып қоймайды. Сыртқы заттардың сезім мүшелеріне алуан түрлі әрекет етуі нәтижесінде адамның миында белгілі - бір іздер сақталып қалады. Онан әрі бұлар еріксіз немесе әдейі жандануы және адамның бұрын қабылдаған заттарының нақты образдарының тууына физиологиялық негіз болуы мүмкін. Бұл образдар елестету деп аталады.

Танымның тұтас күрделі процесінде бейнелеудің сезімдік және логикалық формалары «таза» түріде, жеке, бір - бірінен оқшау түріде көрінбейді. Олар бірігіп, бір - бірімен қабысып, өзара бір-біріне еніп тұрады. Таным ісінің қандайына да болсын белгілі - бір дәрежеде сезімдік, эмпириялық элементтер де, сол сияқты рационалды, теориялық элементтер де кіреді. Таным процесі сезімдік және рационалдық жақтардың диалектикалық бірлігі. Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлерінің бір - бірінен мынандай айырмашылықтары бар: оларда зерттеліп отырған объект әртүрлі жағынан қарастырылады, білім әртүрлі әдістер арқылы табылады, оны белгілейтін әртүрлі логикалық формалар. Эмпириялық деңгейде қарапайым пайымдауға қолайлы объектінің сыртқы байланыстары мен қатынастары қарастырылады, тәжірибеден тікелей индуктивтік әдіспен алынған эмпириялық білімнің логикалық формасы ретінде жеке фактіні бейнелейтін жеке ой пікірі, ол білім

жаңа теорияны құраудың эмпириялық негізі болады. Эмпириялық деңгейде құбылыс дәрежесіндегі заңдылықтар анықталады. Таным құбылыстан мәнге, бірінші реттегі мәннен екінші реттегі мәнге т. с. с. қарай қозғалады. Сөйтіп, таным заттың ішкі мәніне қарай шексіз тереңдей береді. Ал теориялық деңгейде біздер заттың ішкі байланыстары мен заңдылықтарын, қайшылықтары мен заңдарын ашамыз. Мұны эмпириялық білімді теориялық жолмен өңдеу, белгілі бір принцип бойынша синтездеу арқылы табамыз. Теориялық білімнің логикалық формасы өзара іштей жинақталған абстракциялар жүйесі болып табылады. Зерттеліп отырған объектінің теориясын құру және қолдану танымның теориялық деңгейінің мақсаты. Эмпириялық білімге қарағанда теориялық білімнің қолдану аясы өте кең. Танымның эмпириялық және теориялық деңгейлері өте тығыз байланыста.

Дүние және онымен ұдайы қатынастағы адам үнемі дамуда, қозғалыста болатыны белгілі. Оның заңдылықтарын дәлірек және толығырақ бейнелеу үшін ғылыми таным да үнемі даму мен қозғалуда болуы қажет. Ал материялық дүниенің дамуы белгілі бір заңға бағынады және қайшылықты сипатта болады. Сондықтан таным процесі де қайшылықты және дамуда. Қайшылықтың пайда болуы, шиеленісуі және шиеленісуі - даму процесі дегеніміз осы. Қайшылық проблемалық ситуация дегенді тудырады, ал оны шешу ғылыми танымды одан әрі дамытады.

Ақиқат - танымның негізгі мақсаты. Өйткені таным процесіндегі субъектінің белсенділігіне байланысты қалыптасқан жаңа білім зерттеліп отырған объектіге сәйкес келуі немесе келмеуі керек. Осыған орай ғылым мен философияда ақиқат проблемасы кун тәртібіне қойылады. Шын мәнінде, ақиқат дегеніміз субъекті мен объект арасындағы өзара байланыс негізінде жүріп жатқан әлеуметтік тарихи процесс. Ақиқат біреу, ол объективтік. Объективтік ақиқат деп қоғамдық адам түсінігінде, білімдегі субъектіге, адамға, адамзатқа тәуелсіз мазмұнды айтады. Ақиқат өзінің мазмұны жағынан объективті, ал формасы жағынан субъективті. Сонымен ақиқат дегеніміз объективтік пен субъективтік диалектикалық бірлігі. Танымның даму барысында белгілі бір объекті жөніндегі біздің біліміміз тереңдей түседі, сөйтіп, оның субъективтік жағы азайып отырады. Білім объектіге дәлірек сәйкес келеді. Дегенмен білімнің объективтік және субъективтік жақтары ылғи бірлікте болады.

Егер объективтік ақиқат бар болса, онда оны білдіріп отыратын адамның түсінігі сол ақиқатты бірден, толығымен, тұтасынан абсолютті түрде білдіре алмай, тек шамамен салыстырмалы түрде ғана білдіреді. Бұл жерде салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқаттың арақатынасын көреміз.

Зерттеліп отырған объекті жөніндегі толық емес білімді салыстырмалы ақиқат, ал толық және дәл білімді абсолюттік ақиқат деп атайды. Салыстырмалы ақиқат пен абсолюттік ақиқат әлеуметтік, тарихи процесс ретіндегі объективтік ақиқаттың көрініс сәттері. Объективтік ақиқат салыстырмалы-абсолюттік формада ғана өмір сүреді.

Абстрактілі ақиқат жоқ, ақиқат барлық жағдайда нақты ақиқаттың нақтылығы объекті жөніндегі барлық түсініктердің, абстракциялардың синтезінде, бірлігінде. «Құбылыстың, шындықтың барлық жақтарының жиынтығы және олардың (өзара) қатынастары міне ақиқат осылардан құралады» Қазіргі заманғы идиалистер ақиқаттың ғылымға қарсы бірсыпыра өлшемдерін айтып жүр. Бұлардың қатарына мыналар жатады: Мах пен Авенариус дейтін эмпириокритиктердің «ойды үнемдеу» принципіне үнемі ойланатын болса сол ақиқат қолайлылық пен пайдалылық принципі. А.Пуанкеренің, Э. Леруаның конвенционализм принципі шартты келісімге сай келсе, сол ақиқат пікірлердің ақиқаттығы тек тілдің қалай болса солай тандап алынған ережелерін сақтаумен ғана байланысты деп есептейтін неопозитивистер де бұл мәселеде, шынына келгенде, конвенционализмнің позициясын ұстайды. Олар сол сияқты тексеру принципін де ұсынып оны біздің айтқандарымыз бен пікірлеріміздің сезімдік мәліметтерге, түйсіктерге сәйкес келуі деп түсінеді.

Ақиқаттың өлшемі жөніндегі осы көзқарастың негізгі келістігі мынада: олар образдың санадан тыс және оған тәуелсіз өмір сүретін объектімен үйлесуі жайында мәселе көтермейді.

Сонымен, табиғатты және қоғамды танудағы ең басты принцип – адамдардың әлеуметтік қызметінің мәнін ашып, оның сан қилы қасиеттерін, түрлері мен формаларын, қоғамдық қатынастар мен сананың арақатынасын анықтау қажет. Адамның әлеуметтік мәні қанша бай, терең болса, адам қызметі де сонша көп түрлі болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Философиялық сөздік.

Оқу-әдістемелік басылым

Балшекеев Серик Балтабаевич
Сарсенбеков Нурсултан Жумабекович
Төлеуова Маржан Өмірбековна

Философия